YESSENOV UNIVERSITY

Мәңгілік ел

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ТУҒАНЫНА 1150 ЖЫЛ ТОЛУ МЕРЕЙТОЙЫН МЕРЕКЕЛЕУ

«ҰЛЫ ОЙШЫЛ, ҒҰЛАМА - ӘЛ-ФАРИБИДІҢ ДАНАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

атты университетішілік апталықтың материалдары

АҚТАУ, 2020

«Ұлы ойшыл, ғұлама – Әл-Фарибидің даналық негіздері» атты университетішілік апталықтың материалдары

27 ақпан – 23 сәуір, 2020

АҚТАУ, 2020

ӘОЖ 1/14
ББК 87.3
7-46

Yessenov University ректоры Б.Б.Ахметов жалпы редакциялығымен

Редакциялық алқа:
Е.Т.Нұрмағанбет, Э.А.Абланова, Г.Б.Қамиева

7-46 «Ұлы ойшыл, ғұлама – Әл-Фарибидің даналық негіздері»: атты университетішілік апталықтың материалдары, Ақтау: Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2020. – 86 б.

ISBN 978-601-308-240-0

«Ұлы ойшыл, ғұлама – Әл-Фарибидің даналық негіздері» атты университетішілік апталық материалдарының жинағы Ұлы ойшыл, мың жылдан артық уақыт өтсе де есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары уақыттың, мезгілдің қатыгез сынынан мүдірмей өткен тарих перзенттерінің бірі және бірегейі, ұлтымыздың мақтанышы, 2020 жылы 1150 жыл толғалы отырған Әбу Насыр Әл-Фарабидің өмірі, әлеуметтік-этикалық, саяси, философиялық, діни көзқарастары, мемлекет басқару, ізгілікті қоғам жөніндегі гуманистік идеялары, ғылымның әртүрлі салаларын қамтитын трактаттарының рухани құндылығы мен маңызын қарастырады.

Жинақ жоғарғы оқу орындарының оқытушылары мен білім алушыларына, ғылыми ізденістегі қалың жұртшылыққа арналады.

ӘОЖ 1/14
ББК 87.3

©Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, 2020

ISBN 978-601-308-240-0

ӘОЖ 94 (574) (045)

ФАРАБИДІҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ

Демеев Ахмет Демеұлы, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасы, г.ғ.к, доцент
Бекешов Сәрсенғали Сағызбайұлы, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасы, т.ғ.к, доцент.

Аңдатпа: мақалада портрет жанры жан-жақты қарастырылып, данышпан Әл-Фарабидің кескін-келбетін сомдаудағы ғалымдар мен суретшілердің ізденістері, қазіргі таңда бейнелеу өнерінің бірнеше саласында суретшілер, мүсіншілер, ақындар мен жазушылардың шығармаларында басты тақырыпқа айналып отырғандығы, Ұлы тұлғаның есімімен Қазақстан мен Орта Азия мемлекеттерінде көшелер, саябақтар және оқу орындар бой көтергендігі туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: портрет, кескіндеме, бейне, мозайка, гобелен.

Бейнелеу өнерінің бір жанры – портрет. Портрет жанры адамның бейнесіндегі ұқсастықпен қатар оның рухани мүдделері, әлеуметтік жағдай және өзі өмір сүріп отырған дәуірге тән өзіндік белгілердің бейнелеуін талап етеді. Бейнелеу өнер саласында портрет жанры ең қиын және қызықты [1, 109-112-б].

Суретші портрет салуда адамның сыртқы кейпіндегі ішкі жан дүниесіндегі ерекшеліктерді жәй ғана кескіндей салмайды: адамның жан дүниесін ашуға тырысады.

Суретші портрет салуда, я болмаса көлемді тақырыптағы композицияда, бейнелеу өнерінің заңдылықтарын қатаң сақтайды. Ал бейнесі сақталмаған кейіпкерлердің образын бейнелеу үшін, көп ізденістер қажет болады. Орта ғасырлардағы тұлғалардың бет-бейнесін салу үшін, олардың киген киімдері және қоршаған ортасы туралы білімді қалыптастыру қажет.

Осындай ірі тұлғалардың бірі – Әл-Фараби. Данышпан бабамызды ең алғаш зерттеген – профессор Dimitri Gutas. Әл-Фараби бабамызды ең алғаш бейнелеп, қағаз бетіне түсірген осы адам деген болжам бар.

Ұлы ойшылдың, адамзат ұстазының ақыл-ой мұрасына һәм жеке басына 1960 жылдардың аяғына қарай ғылыми ортада қызығушылық күрт артқан болатын. Мұның игі ықпалы сол, Қазақстан бейнелеу өнерінде ғұлама ойшыл бейнесінің көркемдік шешімін табуға құлшыныс танылды [2, 180-183-б].

Әуелгіде ұлттық қолөнеріміздің дәстүрлі бұйымдарында – кілем мен кілемшелер, естелік кәдесыйлық, мозайкада, гобеленде бейнеленген Әл-Фарабидің жасампаз образына көзіміз үйренісе бастады.

Мұсылман санасының адам кескінін бейнелеуге тыйым салатыны бесенеден белгілі. Сондықтан ұлы ғұлама ғұмыр кешкен дәуірден бірде-бір нақты кескіндеме қалған емес. Сондай-ақ Фараби заманынан бізді мыңжылдық ажыратып тұрғандықтан оның сөзбен сомдалған тым құрмаса ауызша мінездеменің де табылмайтыны тағы бар. Әл-Фарабидің Отырар қаласында туып өскендігі және білім алғандығы туралы деректер бар [3, 67-69-б].

Осыған орай, XIX ғасырдың 60-жылдарының соңына таман Қазақ ССР Ғылым Академиясы республикамыздағы бірқатар танымал суретшілерге Әбу Насыр Әл-Фараби портретінің бейнелік эталонын жасауға тапсырыс берді. Ғылыми ортаның талқысынан өткен Қазақстанның халық суретшісі Л.П.Леонтьевтің бояумен салынған портретін осылайша Әл-Фарабидің көркем бейнесін басқа да суретшілер негізге ала бастады.

1975 жылы бірқатар үкімет шаралары қабылданып, ғұламаның атын мәңгі есте қалдыру мақсатында Алматы қаласының даңғылына ескерткіш орнату, есімін беру, Шымкенттегі мәдениет педагогикалық институтына, Түркістан қаласының мектебіне Фараби есімін беруге шешім шықты.

Белгісіз себептермен ескерткіш тұрғызылмай қалды. Сондай-ақ оқымыстының кіндік қаны тамған сол тұстағы Қызылқұм ауданында бірде-бір елеулі шара атқарылмады.

Көп ұзамай 1977 жылы Әл-Фарабидің 1125 жылдығына орай ұлы ғұламаның ескерткішін орнатуға Бүкілодақтық конкурс жарияланды. Конкурсқа Орта Азия мен Қазақстаннан, Әзірбайжаннан келіп түскен қырық эскиздің арасынан мүсінші Ескен Сергебаев, сәулетші марқұм М.Р.Жақсылықов пен С.В.Кохановичтердің жобасына таңдау түскен болатын. Түрлі себептерге байланысты аталған жоба толық жүзеге аспай қалды.

Ой формаларының пластикалық үйлесімі шебер өрілген үшбу жобаның әлдебір мүсіндік нұсқасы – метрлік фигурасы Қазақстан тарихи орталық мұражайының ортағасырлық бөліміне қойылды.

Фарабидің ғаламдық ауқымдағы араб пәлсапасы мен түркілік танымды шебер үйлестірген инновациялық ойшыл екендігі бәрімізге аян. Сондықтан, осынау толағай тұлғаның ұлтымызға тән көркемдік образын бейнелеу өнерінің штрихтарымен толықтыру қажет еді. Яғни бұл мүсін өнерінің ғаламдық үлгісіне сай ұлттық қолтаңба қалыптастыруға жетелейді. Осылайша қазақ жерінде ғұламаның аспанмен таласқан биік, еңселі ескерткіші пайда болды.

Мұсылман дүниесінде, мәселен Сирияда, ұлы ойшыл портретінің біршама көркемдік шешімін тапқаны мәлім. Бірақ, бұл шешімнен түркіге тән көркемдік белгіні тану өте қиын-ақ.

Е.Сергебаев еңбегінің құндылығы – көркемдік шешімінің жоғары деңгейде орындалуымен қатар, ескерткіш тұлғаны монументалдық өнердің озық үлгісіне айналдыра білген кәсіби шеберлігінде.

Халықтық ой-образдық бейнелеу өнерінде айшықты көрініс табуы ұлттық кемелдігіміздің және ойлау мәдениетіміздің жемісі болар.

80-жылдардың соңында жас мүсінші К.Хакимов ойшылдардың Отаны – Отырарда Әл-Фарабидің граниттік тұлғасын (фигурасын) мүсіндеп шықты.

Қазақстанның белгілі мүсіншісі Е.Сергебаев пен сәулетші А.Мухадиев Алматы қаласындағы Қазақ Ұлттық Университетінің қалашығында Әл-Фараби ескерткішін гранит тасынан орнатты.

Фарабиді тану – бүгінгі ұлттымыздың өткенін танып-бағалау. Ендеше, бейнелеу өнерінде ғұлама ойшылдың көркем образын ашуға құлшыныс неғұрлым артқан сайын, ғаламдық мәдениет пен өркениет үлгілеріне жанасқан сайын Отырарлық Әбу Насыр Мұхаммед бейнесінің жанрлық көркемдік құндылығы жарқырай түспек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Л.Любимов. Ежелгі дүние өнері. – А., 1980. – 109-112-бб.
2. История исследований культуры Казахстана. – А., 1997. – С. 180-183.
3. Қазақ мәдениеті тарихының очерктері. – А., 2005. – 67-69-бб.

ӘОЖ 94 (574) (045)

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ» ТРАКТАТЫНДАҒЫ «ӘКІМ», «БАСШЫ», «БИЛЕУШІ» РОЛІ

Сидешова Роза Азименқызы, Ш.Есенов атындағы КМТИУ,
«Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.

Аңдатпа: мақалада Әл-Фарабидің әкімге қатысты пікірін айтқан уақытта оның қандай мінезге ие тұлға болуы керектігін, қандай мінезден сақ болғаны жөн екені, басты мақсаты – қара басын құрметке бөлеу емес, «халықты бақытына жетелейтін игілікті молайту» екендігі, Әл-Фарабише басқару ісіндегі басты мақсат – ақиқатқа жету, қайырымдылық жасау, игілік істеу екені баяндалады.

Түйінді сөздер: Әл-Фараби, әкім, ақиқат, даналылық, қайырымдылық.

Биылғы 2020 жылы ұлы ойшыл, «шығыстың Аристотелі» атанған Әбу Насыр Мұхамед ибн Тархан ибн Узлағ Әл-Фарабидің туғанына 1150 жыл толып отыр. Осыған орай, бабамыз әл-Фарабидің әлемдік білім мен ғылым, мәдениет салаларында қалдырған құнды мұрасымен жастарды таныстыру үшін университетімізде «Қазақстан тарихы» кафедрасының ұйымдастыруымен «Ұлы ойшыл, ғұлама Әл-Фарабидің даналық негіздері» атты университетішілік айлық өткізілді.

870 жылы ертедегі Отырарда дүниеге келген әлемдік тұлға – әл-Фарабиді жастарымыз жадында үстап, оны мақтан тұтуға тиіс. Әл-Фарабидің есімін тек ғалым, мұғалім немесе тарихшы ғана білсе болды деген ой – жансақ пікір. Жалпы кез-келген Қазақстан азаматы бұл данышпанның есімін білгені дұрыс деп айтар едім. «Әл-Фараби кім?» деп сұраған уақытта, әрбіріміз: «Әл-Фараби – Аристотельден кейінгі дүние жүзі мойындаған және «Муғаллим әс-Сани» (екінші ұстаз) деп атаған энциклопедист ғалым, философия, астрономия, этика, эстетика, математика, мантық (логика), музыка, поэзия, медицина, метофизика, социология, риторика, геометрия, лингвистика ғылымдарын меңгерген ғалым», - деп жауап бере білуіміз қажет. Себебі, Әл-Фараби дара ғұлама ретінде тек түркі-ислам әлемінің ғана емес, қазақ халқының атын бүтін әлемге танытып отыр.

Әл-Фарабидің атақты «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты еңбегін біздің тарихшы студенттеріміз осы апталық барысында композиция түрінде университет көрермені назарларына ұсынды. Композиция 3 сюжеттен құрастырылды: Өмір-табиғат-қозғалыс; 2. Шаңырақ; 3. Қала билеушісі. Осы еңбегіндегі «әкім», «басшы», «билеуші» деген сөздерге тоқталсақ, жалпы «әкім» сөзі араб тіліндегі «хаким» сөзінен шығады. Әдеттегідей араб тіліндегі бұл сөздің (үкім шығарушы, басқарушы, билеуші, дана) деген сияқты бірнеше мағынасы бар. Сөздің мағынасы сөйлемнің мазмұны мен араб тіліндегі сөз түбірінің морфологиялық түрленуіне байланысты өзгеріп отырады. Мысалы, дана Абайды біз кейде «хакім Абай» деп жүрміз. Мұның мағынасы – данагөй Абай. Бұл жерде көріп отырғандай «хаким» сөзінің – дана мағынасы қолданылған. Дегенмен, бүгінде қазақ тілінде көп жағдайда араб тіліндегі «хаким» сөзінің – әкім, билеуші, басшы және басқарушы мағыналарында қолдану кеңінен тараған. Сондықтан да біз «әкім» сөзінің түбі араб тіліндегі «хаким» сөзінен бастау алады десек, қателеспейміз. Әл-Фараби басқа да трактаттарында әкімге қатысты пікірін айтқан уақытта оның қандай мінезге ие тұлға болуы керектігін, қандай мінезден сақ болғаны жөн екенін де баяндайды [1].

Мысалы, ғалым «Әс-Сияса Әл-Мадания» («Азаматтық саясат») атты шығармасында басшының бойында жаман мінездің болмау қажеттігін алға тартады.

Өйткені, жаман мінез – өнерпаздың өші, игі істі жалғастыруға мүмкіндік бермейді. Жаман мінез ұғындырмайды, жаман мен жақсының мағынасын ұқтырмайды. Жаман мінезде жасампаздық, қайырымдылық жетіспейді, бақыт пен бақ-дәулетке жеткізетін жол таңдаусыз қалады. Жаман мінезді басшыда бұзық әрекет мүмкіндігі жақсылық жасаудан басым түседі. Жаман мінездің тегі – кемдік пен кемшілікте, жабайылық пен надандықта. Теріс қасиет пен қылықтар бір-бірімен ұласқанда, елдің ыдырауы мен құлдырауы жақын тұрады. Көзжұмбайлықтың қауіптісі сол, ол қимыл-әрекетті өнер ретінде жетілдіруге, жүйелеуге мән бермейді, теріс қылықтарды әдейі әдетке енгізіп, тірліктегі тағлымды тұншықтырады [2].

Ғұламаның пікірі бойынша «нағыз әкім» – кемел адам. Ол – қоғамдағы саяси өмірдің тірегі және сол қоғам өмірін жақсылыққа бағыттап өзгерте алатындай күшке ие адам. Басқалар үшін өзінің жауапты екенін сезіне білетін, азаматтарға еркіндік бере отырып, олардың талап-тілегін қанағат етуді мақсат тұтқан адам. Әкім де – адам, оның да өз қажеттері бар, бірақ кемел әкім, өзінің қажеттерін тежеп отырады. Әл-Фарабиге сәйкес, адам өз іс-әрекеттерінде кімге еліктеуі керек, кімнің айтқан сөзі мен ақылына құлақ асуы керек екенін естен шығармауы – әкімдікті ұштайтын қабілет. Сонымен қатар, нағыз әкім – басқару өнерінде шебер, адамгершілік қасиеттері мол, барлық уақытта орташа шаманы ұстайтын адам. Әрине, ғалым бұл жерде «орта шама» деп әкімнің басқалармен қарым-қатынаста, түрлі шешімдер қабылдауда, құрмет көрсетуде, сый-сияпат жасауда, қоғамдық іс-шаралар ұйымдастыру сияқты т.б. істер барысында ешкімді бөліп жармай, біреуді дәулеті үшін, басқаны кедейлігі үшін алаламай барлығына «орта шамада», яғни әділ болуды меңзеп отыр.

Әл-Фараби үлгісінде әкімнің бойында бірнеше қасиеттің ұштасуы лазым. Олардың негізгісін атап өтер болсақ: даналық, көрегендік, шешендік өнерін меңгерген (күмәнсіз сендіре білу қабілеті), жоспарлай білу қасиеті, ержүректілік, яғни қасиетті (ғазауат) соғысты өзі бас болып жүргізе білу қабілеті. Әкімнің бойында қажеттілік туған жағдайда ұрысты шебер жүргізе білу қабілетінің болуы шарт; әрине, ғалымның бұл жерде айтып отырған әкімнің бойында болуы тиіс ержүректілік, (қажет болған жағдайда ұрысты шебер жүргізе білу қабілеті) аса маңызды қасиет еді. Себебі ол замандарда сұлтандықтардың бір-бірімен соғысу ықтималы, бірінің қамалын бірі басып алу мүмкіндігі көп еді. Мұны тарих беттерінен жақсы білеміз. Ел билеп отырған сұлтанның, қала басқарып отырған әкімнің ержүректі болуы, соғысу өнерін меңгеруі сол кездің уақыт талабы десек қателеспейміз. Қызығы сол, Әл-Фарабидің әкімдерге қойып отырған жоғарыдағы талаптарының бірі де өзгерген емес, керісінше олардың маңызы күн санап артып келеді. Тіпті, ержүректілік күні бүгінге дейін өзекті және бірінші кезекте тұрған қасиет деп айтарсыз. Мысалы, қалада болған төтенше жағдайда (су тасқыны, ғимараттың өртенуі, табиғи апаттар), террористік немесе экстремистік актілер туған жағдайларда қала әкімінен бірінші сұралады. Әкім – сол аймақтағы алғы шептегі адам. Егер әкім ерлік танытып, сол апатты ауыздықтап, теракті басып, оқиға артасында жүрсе алғыс алады. Егер қорқақтық танытып ел асып кетсе, халықты осындай төтенше жағдайда тастап кеткендігі үшін жауапқа тартылады. Сол үшін елде төтенше жағдай жарияланған уақытта шет мемлекетте іс-сапармен жүрген бірінші басшылар, әкімдер дереу елге оралуға мәжбүр.

Әкімнің басты мақсаты – қара басын құрметке бөлеу, байлық жинап, атақ пен даңққа жету немесе мансапқа иелену емес, «халықты бақытына жетелейтін игілікті молайту». Фарабише бақыт – абсолюттік игілік. Шынайы бақытқа жету үшін, үнемі іздену мен оқу керек, дейді [3, 74-б].

Сол себепті әл-Фарабише басқару ісіндегі басты мақсат – ақиқатқа жету, қайырымдылық жасау, игілік істеу. Осындай жақсылық жасау ниетін ықыласты қоғамдағы әрбір жеке адамның болмысына үйлестіру. Себебі, жүрегі кең де ыстық,

оқығаны мен тоқығаны тең жан «даналылық пен қайырымдылық үшін өмір сүреді». Басқару өнерінде даналықпен сөйлеп, естілік пен зеректікті және пікірдің дұрыстығын дәлелдей алғанда, мінез бен әдет кәсіптік деңгейге көтеріледі деп әкімдерге кеңес береді. Әкім мен халықтың мақсаты бір болуы тиіс. Өйткені әдетте екі бөлек адамның тілегі мен ниеті ізгілік мақсатқа бірге бағытталса, олардың бұған жеткізетін жолы да, бұған деген сүйіспеншілігі де бір. Мұндай іштей бірлестікте алауыздыққа орын қалмайды. Ал екі тараптың мақсаты екі бөлек болса, олардың арасы алшақтап, қоғамда бірлік болмайды. Алауыздықтан туған өзімшілдік кең тараса, халық арасында береке кетеді. «Ақиқат пен қайырымдылықтан ауытқыған жолда адам адасып, абыржиды». Адамға деген осындай қайырымдылық ер мен елдің басын қосып, ер намысын, ел намысын қорғайтын, жаны намысқой басшы ғана халықты жарыққа бастайды. Себебі, әкімнің ойындағы қайырымдылық – ұжымды басқарудың басты шарты. Ғалым мұндай қасиетке ие адамды қарапайым жұрт түсініп, өзіне үлгі ететініне сенеді.

Ұлы баба ұстанған мұраттың бір парасы мынадай: ғылымның қайнар көзіне ұмтылған адам өнегелі де, жақсы тәрбиеленген болуы керек. Ең алдымен Құран, заң ғылымдарын оқуы керек. Адал, шыншыл болуы керек. Заңды тағайындарға жақындай отырып, заңдық негіздердің тірегін, сүнне мен шариғат ережелерін бұзбай, қажетті мүдделер арқылы еркін ойлы болуы керек [3, 73-б].

Саяси өмірде, мемлекетті басқаратын адамның жан дүниесі мен рухани шыңдалуына түсетін салмақ анағұрлым басым, нақты әрі нәзік деген. Әл-Фараби саяси өмірдің басты талаптарын атап кетті. Солардың кейбірін былай көрсете аламыз: алдағы міндетті орындау; мақсатқа жеткізетін ізгілікке қатысты қажетті әрекетке көшу; мақсатқа бастайтын практикалық ақыл-парасаттың күшін қолдану; адам бойындағы артықшылық қасиеті мен қабілетін дұрыс пайдалану; ізгілік мақсатқа ұмтылу; өмір сүру жағдайын құқықтық негізге жеткізуді мұрат ету; саяси өмірде жетістікке жетудің кейбір шарттары: өзінің және өзгенің пайымынан мән шығару, оны дұрыс пайдаға асыра білу; ерікке негізделген сүйіспеншілік арқылы ізгілікке жету; әділдікті басшылыққа ала отырып, болашаққа басқалармен бірігіп талпыну; әркім өз қызметі мен өнерінде тапқырлықты, зеректікті қолдануы және дұрыс пікірді қабылдай алу; мінез-құлық басымдылығын ескеру. Ғалым бұл ерекшеліктерді ел басқаруға жарарлық өлшемдер, әкімдік қабілетті жандандыратын икемді бастамалар деп сенді. Жарастылық, әділет және қайырымдылық сияқты мінезге иелік қылған әкім, халықты бақытқа жеткізе алады [3]. Мұндай адам ел бақытын өзіне өмірлік ісі етіп алға кояды. Бірақ, бұл бағыттағы әрекетке қайсарлы қайрат, қайырымды құныттылық, кешеуінді көрегенділік керек. Жоғарыда айтқанымыздай ғалымның әкімге, жалпы мемлекеттік қызметшілерге қоятын кәсіби талаптары әлі де өзекті. Бұлардың барлығын ҚР Мемлекеттік қызметшілерінің кодексінен көреміз. Мемлекеттік қызметші, әкім, басшы, билеуші сияқты лауазымдар бүгін немесе кеше ғана пайда болған қызмет емес, олар ерте заманнан бар. Бұрын өткен ғалымдар, дана ойшылдар бұлардың егжей-тегжейін жазып, түсіндіріп кеткен. Біз бар болғаны сол жазбаларды оқып, дұрыс түсіне білуіміз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы. Фараби. 15 томдық жинақ.1-том. – А.,2020.
2. Әбу Насыр әл-Фараби. Азаматтық саясат. – А., 2005.
3. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар. – А., 2005.
4. Әбу Насыр Әл-Фараби. Бақытқа жету жайында. – Астана, 2006.

ӘОЖ 94 (574) (045)

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨМІР ЖОЛЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қамиева Гүлфарида Бағытжанқызы, Ш.Есенов атындағы КМТИУ,
«Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.

Аңдатпа: мақалада ұлы ойшыл, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз, өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала біліп, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берген – Әл-Фарабидің өмірі, ғылыми мол мұрасы, мемлекет басқару, ізгілікті қоғам жөніндегі идеялары, данышпандық болжамдары мен терең мағыналы пікірлері, лирикалық көңіл-күйі жөнінде қарастырылған.

Түйінді сөздер: философ, зерттеуші, әсемдік мәселесі, лирикалық сарыны.

Есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары бірнеше ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатқан ірі тұлғалар тарихта аса көп емес. Жалпы, кең байтақ қазақ топырағынан шыққан көкірегі ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл араб-парсы мәдениетін меңгерумен қатар, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білген еді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес. Мың жылдан артық уақыт өтсе де, аты ауыздан-ауызға жатталып, еңбектері уақыттың, мезгілдің қатыгез сынынан мүдірмей өткен, сол адамзат ұлдарының, тарих перзенттерінің бірі және бірегейі – Әбу Насыр Әл-Фараби. Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жойған жоқ.

Әбу Насыр Әл-Фараби (араб.: ور صد ذ بوب أ دمح افل يِ با) Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ Әл-Фараби (870 – 950 ж.ж.) – әлемге әйгілі ойшыл, философ, әлеуметтанушы, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі. Әл-Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Арыс езенінің Сырға барып құятын жеріндегі Фараб қаласында дүниеге келді. Туған жері – қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба – Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу-Насыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбунасыр атанған. Бұл қаланың орны – қазіргі Отырар ауданы, Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында. Сол тұста өмір сүрген зерттеушілердің қалдырған нұсқаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

Зерттеуші-ғалымдар Әл-Фарабидің балалық, жастық шақтары туралы мардымды әңгіме айтпайды. Себебі ұлы ғалымның өмірінің бұл кезеңі туралы мағлұматтар жоқтың қасы. Сондықтан да зерттеушілер ұлы ойшылдың өмірбаянын оның елуден асқан шағында Бағдад шаһарына қоныс аударуынан ғана бастайды. Оның ғылым жолындағы ізденістері мен ұзақ сапарлары нақ осы кезден басталса керек. Әбу Насыр Әл-Фараби 950 жылы қайтыс қайтыс болған. Фараби қазасы туралы екі дерек бар,- дейді ғалымдар. Біріншісінде – елімізде фарабитану ғылымымен айналысып жүрген ғалымдардың айтуынша, ғалым өз ажалынан Шамда қайтыс болған десе, екіншісінде – Әбу Насыр Әл-Фараби қасына бір неше адам ертіп Асқалан қаласына бара жатқанда жол торыған қарақшылардың қолынан қаза тапқан. «Екінші ұстазды» о дүниеге құрметпен жөнелту ісін он бес нөкерін ерткен Сайф ад-Даула әмір өзі басқарып, қарақшыларды тауып, дарға асқан. Қаланың «Кіші қақпа» («Баб ас-Сағир») аталатын жағындағы зиратқа жерлеген. Басына ескерткіш қойған,- дейді [1, 116-129-б.б.].

Әл-Фараби жастайынан түрлі ғылымды оқып үйренді. Оның ақыл-ойының ұшқырлығы мен білімінің молдығына тәнті болған талай жан еріксіз таңдай қаққан. Ол араб, парсы, түрік тілдерін жетік меңгерді. Ол кезде мұсылман дүниесінің рухани орталығы Месопотамия болғандықтан, жас Әбу Насырды (Нәсірді) ата-анасы Таяу және Орта шығыс елдеріне сапарға дайындайды. Бірақ ол Бағдадқа бармас бұрын жолай Шаш пен Самарқан, Бұхара шаһарларына соғып, білімін молықтырған секілді. Әйтсе де Әбудің мұнда қанша болғаны жайлы араб шежілері ештеңе айтпайды. Кейін ол жолай Иран еліндегі Мешһед, Нишапур, Рей, Исфаһан қалаларына келеді. Иран халқының мәдениетімен танысады. Содан соң әрі қарай Бағдадқа аттанады [2]. Әбу Насырдың Бағдадқа баруының өзіндік себептері болған. Сол уақытта Бағдад шаһары ғылым мен өнерге ден қойған адамдарға қақпасын кең ашып, оларға ғылыммен айналысу үшін бар жағдайды жасаған. Бағдадта «Байт әл-Хакма» атты ғалымдар үйі және әлемдегі ең бай кітапхана болған. Екіншіден, сол кездері Бағдад халифатын басқарған Аббас әулетінің сенімді уәзірлері негізінен түркістандық Фараб қаласынан болыпты. Бағдад шаһарында Әл-Фараби логиканы Әбу Бишр Матта ибн Юнустан үйреніп, кейін өзі ұстазынан да асып түседі. Лингвистикалық ғылымдарды жетік меңгеруді қалап, грамматика саласының маманы Әбу Бәкір ибн әс Сираджден грамматикадан дәріс алады. Әли Юхан ибн Хайланнан тәуіптік өнер (медицина) мен логика саласынан дәріс алған [3]. Ұлы ойшыл біраз жылдар Бағдад шаһарында ғылыми ізденістермен айналысады. Содан кейін Шам аймағына қоныс аударады да, сексен жасқа жетіп, өмірден өткенше сол өлкеде қалады. Шам аймағына келгеннен кейін Әл-Фараби алғашында Дамаск қаласындағы бір бақта бағбан болып жұмыс істейді. Мұнда ол жеміс ағаштарын баптай жүріп ғылыммен айналысуын әрі қарай жалғастырады. Әсіресе, логика ғылымын терең зерттейді. Осы салада бұрын-соңды жазылған еңбектердің бәрін парақтап оқып шығады. Тұрмысының қарапайымдылығына қарамастан, қолындағы бар қаражатын кітап сатып алуға жұмсап, күні-түні ғылыммен айналысады. Өзінің еңбектерін де жазып шығады [4].

Әбу Насыр Әл-Фараби ғылымының философия, логика сияқты салаларының іргетасын қайта қалаған, әр ғылым саласын жеке пән ретінде игеру жағын көтере отырып, олардың мәнін айқындап, мазмұнын ажыратуға тырысқан. Әуез жайлы да күрделі зерттеулер жүргізген, математика саласында да үлкен жаңалықтар ашқын. Оның жаратылыстану, философия, астрономия, математика, медицина, логика, этика, метафизика, жағрафия, әдебиеттану, тіл білімі, музыка сияқты ғылым салаларынан жазған трактаттарын қазіргі таңда 150-ден астам (бір деректерде 164) деп көрсетіп жүр. Қалай дегенмен де, келтірілген еңбектер санының өзі Фарабиден көп мұра қалғанын байқатады. Мың жылдан асса да осынша рухани мол дүниесінің қолдан қолға өтіп бізге аман жетуі Фарабидің ұлылығының, данышпан білімпаздығының тағы бір айғағы болса керек. Ендігі парыз осы еңбектердің барлығын жинап, екшеп-талдап ұрпақтар кәдесіне жарату болып отыр. Әл-Фарабидің мұрасын зерттеуге жол ашқан немістің атақты ғалымы Дитерици болды. Осынау зерделі зерттеушінің бағалауынша, Әл-Фараби ғылымдағы ержүрек қаһармандар санатына қосылады. Ол «соқыр сенім кесапатына қарсы, өзінің тарихын қанмен жазған, рухани бостандық пен гуманизмнің қасиетті заңдарын таптау үшін бар зұлымдығын жасап баққан баққұмар мансапқорлыққа қарсы аянбай күресті» Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің барлық жұмыстарын адамға арнады.

Ғұламада лирикалық сарында жазылған сырлы, мұңлы өлеңдер де баршылық:

«Қайтейін мен көкжиек көңілімді,
Келер күнге үмітпен жол ашамын.
Қос шөлмектен өткіздім өмірімді,
Соны медеу етеді болашағым.
Бір шөлмекте көк сия толып тұрса,

Екіншіде шарап бар жайлы мәлім.
Даналықты сиямен молықтырсам,
Шарабымен шерімнен айығамын».

Араб тілді философтар шешкен басты мәселелер – білім, таным, дүниедегі Ақиқатты іздеу мәселелері болды. Ол үшін Әл-Фараби ежелгі грек ғалымдарының еңбектерін өз бетінше оқып, талдап, түсіндірмелер жазып, ары қарай дамытқан, трактаттар жазған. Ол шамамен Аристотельдің барлық кітаптарына түсініктеме берген. Птоломейдің «Алмагесіне» және Порфирийдің «Эйсогесіне» түсініктеме жазған. Эфклидтің геометрия жайындағы кітаптарын терең зерттеген. Платонның күллі кітаптарын оқыған. Ғылымның даму тарихында жинақталған білім қорларын сұрыптап, реттеп белгілі бір жүйеге салу тәртібі ежелден бар. Әл-Фараби бұл тұрғыда да қарап қалмай, өзінің ең атақты шығармаларының бірі «Ғылымдар энциклопедиясы» деп аталатын трактатын жазған. Бұл еңбектің ғылым тарихында алатын орны ерекше үлкен. Осы трактат «Ғылымдар энциклопедиясы», «Ғылымдар реті», «Ғылымдар классификациясы», т.б. аттармен Шығыс пен Батыс елдерінде өте ертеде-ақ мәлім болып, одан көп ғұламалар тәлім алды [5]. Бұл кітап мынадай бес тараудан тұрады: 1. Тіл білімі және оның тараулары; 2. Логика және оның тараулары; 3. Математика, яғни арифметика, геометрия, оптика, математикалық астрономия, музыка, статистика, айла-әрекет жөніндегі ғылым (механика); 4. Физика мен метафизика және олардың тараулары; 5. Азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және кәлам (дін ғылымы). Араб мәдениетінің философиялық екі тарауы болған деп саналады. Оның бірі ертеден келе жатқан теологиялық-мистикалық, дүниеден безуші – аскеттік-дәруіштік ағым; екіншісі дүние кілтін табиғатты зерттеуші адам ақылынан іздейтін ақли (рационалдық) ағым [1, 176-б.]. Фарабидің атағы философ ретінде Аристотель, Платон сияқты ірі философтардың еңбектерін талдаумен әйгілі болады. Әл-Фараби өзінің «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактат» атты еңбегінде Аристотельдің философиясын меңгеру үшін қажет болатын тоғыз шарты жайлы өз пікірлерін ортаға салған. Оның пікірінше, тұңғыш рет грек философы Пифагор философиялық бағыттың алғаш негізін құрастырған. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін таныстыруда үлкен рөл атқарды [6]. Бақытқа жетудің маңызды шартын, әл-Фараби адамның әрекетті таңдау және осы істеген әрекеттің өз ырқына негізделуінде. Әл-Фараби адам ырқының еркіндігіне, жақсы мен жаманды еркін таңдауына көп маңыз артады. Ерік еркіндігі жан парасаттылығымен анықталады және ол тек адамға тән, адамдағы ізгілікті қалыптастыратын және күшейтетін қажетті шарт. Ойшыл данышпан тек бақыт туралы нақты білімі бар, оған жету жолдарын айқын білетін, соған сәйкес әрекет жасайтын қауым ғана қайырымдылыққа икемді екенін ескерткен [7]. Ғалымның мұрасында әсемдік мәселесі ерекше орын алады. Сұлулықты, үйлесімділікті сұлулық пен сәнділіктің жоғары дәрежесіне ие Алла ғана жасай алады деп дәлелдейтін мұсылман идеологтарына қарағанда, Әбу Насыр ізгі істі іздеуге және жасауға тек адам ғана қабілетті деп дәлелдейді: «Адам рухани ізгілігіне байланысты ғана жағымсыз және ізгі істерге барады», «Адамға қысқа ғана ғұмыр берілгенмен, ол қас-қағымды көп екен деп есептейді, адамдар бір-біріне азап шектіре отырып біріменбірі жауласады, бір-бірімізді қашанға дейін азап шектіре береміз. Табиғатта әсемдік мәңгі өмір сүреді, ал қайталау түрінде пайда болатын өнердегі ізгілік пен сұлулық адамнан ғана шығады». Әл-Фарабидің эстетикасында әсемдік пен пайдалылық, сұлулық пен пайда бірімен-бірі үйлесімді түрде тұтасып кеткен, бірінен-бірі бөлінбейді. «Адам ақыл-ойының арқасында ғана адам болды», - дейді ғұлама. Әл-Фараби сауатсыздық жайлаған заманда жаратылыстану ғылымдары ішіндегі ең сүбелілерінің бірі – медицина туралы қызықты пікірлер айтып, бұл ғылымның деректерін адамның тіршілік қажеттеріне пайдалануды қарастырған. Ұлы ғұлама

медициналық мәселелерді психология ғылымымен жақындастыруды ерекше мақсат еткен. Асыл тастарды, минералдық заттарды Фараби негізінен алғанда су ерітінділерінен пайда болады деп білген. Ол алхимияны да үйренген адам. Бірақ оның астрологияға байланысты, сиқырға сенетін жерін қабыл алмаған. Бұл ғылымның негізгі мақсаты – «жаман» металдарды алтынға айналдыратын «философиялық тас» табу немесе адамға мәңгі өмір берерліктей «өмір өзегін» жасау болған. Фараби «Алхимия өнерінің қажеттілігі туралы» деп аталатын арнайы трактат жазып, алхимия өнерінде не дұрыс және не теріс екендігін ашып беруге тырысқан [8].

Қорыта келе айтарымыз, Әл-Фараби өз заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала біліп, өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірде-бір ғылым саласы жоқ десек артық айтқанымыз емес. ... Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. «Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып білу арқылы жетіледі»,- деп түйін жасады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ: Оқу құралы. – А., 1994. – 116-129-б.б.; 176-б.
2. Шолақова Р. Әл-Фараби – Шығыстың ғұлама ғалымы // Қазақ тарихы. – 2012, №5 (116). – 32, 33-б.б.
3. https // www.anyzadam.kz: Қойлыш Ж. Бала Мұхаммедтен ғұлама ғалым, «Екінші ұстаз», Әбу Насыр Әл-Фарабиге дейін (870 – 950) // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2011, №17 (29). – 5-9-б.б.
4. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары (тарихи-филологиялық зерттеу). – А., 1995. – 12-б.
5. Келімбетов Н. Түркі халықтарының ежелгі әдеби жәдігерліктері. – А., 2011. – 432-б.
6. Қасымжан А. Әл-Фарабидің рөлін ұмытушылық – тарихи әділетсіздік // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2011, №17 (29). – 39-б.
7. Бейсенбай Б. Әбу Насыр Әл-Фараби өмірбаянына жаңа қисын // Ана тілі. – № 25 (1073). – 23-29 маусым. – 6,7-б.б.
8. Сүлейменов П. Әл-Фарабидің қоғамдық философиялық және педагогикалық ғылыми көзқарасы // Ақиқат. №12. – 67-70-б.б.

ӘОЖ 001:94 (574) (045)

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Бекенжанова Айнаш Алтынмұратқызы, Ш.Есенов атындағы КМТИУ, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.

Аңдатпа: мақалада Әл-Фараби еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтпай, мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары ғылым тарихында, логика, музыка теориясы, астрология, теоретикалық медицина, математика, мемлекет іліміне қатысты еңбектері, әр түрлі тарихи кезеңдерден күні бүгінге дейін сақталып келуі, мұраларының зерттелуі, насихатталуы қарастырылған.

Түйінді сөздер: Әл-Фараби, рухани мұра, өркениет, ойшыл.

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтпай, мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150 астам жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия, ғылым мен өнердің барлық саласына өлшеусіз үлес қосып, артында өшпес ғылыми жазбаларын қалдыраған. Оның айтқан теориялық тұжырымдары дүние жүзі халықтарының қоғамдық-философиялық ойларына ықпал етті деп айтуға болады.

Қазіргі кезде Әл-Фарабидің мұраларына қызығушылық тек қана біздің елде емес, әлемдік деңгейде өте үлкен қызығушылық танытып отыр. Себебі ол кісінің жазған еңбектері әсіресе жаратылыстану ғылымдары саласы бойынша әлемдік өркениеттің, ғылымның, әлемдік философияның дамуына үлкен ықпалы болған. Бұл кісідей бұрын да, кейін де даналар болды. Бірақ олардың ішінде... дәл Әл-Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш ғылым саласына бірдей ұлы үлес қосқан. аса ірі жаңалық, ашқан ғалымдарды табу қиын.

Ойшылдың өмірі мен шығармаларын орта ғасырларда араб, парсы және басқа тілдерде жазған ғұламалар арқылы біле алады. Захр ад-Дин, Әбу-әл-Хасан әл-Байхаки. Әл-Байхаки кітабында Шығыстан шыққан дәрігерлер, астрономдар, 34 фәлсапашылардың өмірі мен еңбектерін әңгімелейді. Әл-Байхаки кітабында Әл-Фараби жайлы да тарау бар, онда ғалымның өмірінің түрлі кезеңдері мен шығармашылығы туралы мәліметтер береді. Ибн Саид Әл-Кифти Әл-Фараби өміріне байланысты еңбектерінде ерекше баға беріп, ғылымға қосқан жаңалығын айтқан. Сонымен бірге ішінде араб-парсы тілдерінде жазған Ибн әл-Надим, Хаджи Халифа.

Әбу Насыр Әл-Фараби туралы сол кездегі көптеген авторлар өздерінің ойпікірлерін жазып қалдырған. Ұлы ойшыл Әбу Әли бн Сина (980-1037), тарихшы ғалымдардан Захируддн әл-Байхакий (1169 жылы қайтыс болған), Жамолуддин ибн әлКифтий (1172-1248), Ибн Әби Усайбиа (1203-1270), Ибн Халликон (1211-1282) сияқты атақты ғалымдар өз шығармаларында ұлы философ Әбу Наср әл-Фараби жөнінде кейбір мәліметтер беріп келген [1, 159-б].

Аты әлемге белгілі Әл-Фарабидің еңбектерінен нәр алмаған, сусындамаған ғалым жоқ деп айтуға болады. Орта ғасыр кезеңінде әсіресе Әл-Фараби өзінің философиялық жүйелі ойларымен, ғылым тарихында, логика, музыка теориясы, астрология, теоретикалық медицина, математика, мемлекет іліміне қатысты өзінің жарқын ойларын таныта отырып, әлемдік ғылымға өзіндік ізін қалдырды. Оның ойлары ибн Сина және ибн Рушд сияқты кейінгі философтармен жалғастырылып, Спиноза философиясына және ол арқылы француз философиясына айтарлықтай өз ықпалын тигізді. Демек, әл-Фараби философиясы тек Орта және Таяу Шығыстағы әлеуметтікфилософиялық идеялардың дамуына әсер етіп қоймай, Батыс Еуропаға да өз ықпалын тигізді деп айта аламыз.

Белгілі философ Ибн Бадж (XI ғ. аяғы – 1138 ж.) Әл-Фарабидің бірсыпыра идеяларын дамытты. Батыс Еуропа ортағасырының ірі ойшылдары Р.Бэкон, Д.Скот өздерінің теориялық шығармаларында Әл-Фараби еңбектерін қолданды. Спинозаның кейбір трактаттарында құрылымы мен бағытына қарай Әл-Фараби еңбектеріне жақындық сезіледі. Олардың ішіндегі ең ұқсасы Әл-Фараби мен Спинозаның әлеуметтік-саяси концепциялары жөніндегі ойлары. Мысалы, бақытқа жетудің жолдары, мақсаты, мемлекетті басқарудың формасы мен функциясы, т.б. Спиноза Әл-Фараби секілді өзінің қоғам туралы ілімін адамның «шынайы» табиғатынан шығарады, мемлекеттің мақсаты әрбір адамды ақылмен басқарып, бақыт пен бостандық сыйлау

дейді. Сондықтан да арабтілді ортағасырлық философия көне гректік философияның алғашқы мұрасы ретінде шығармашылық жағынан дамытып, жаңа деңгейлерге көтерді. Әл-Фараби Шығыс пен Еуропа мәдениеттерін байланыстырушы «көпірге» айналды.

Әл-Фараби есімі көптеген еуропа елдеріне ертеден танымал болып, XII-XIII ғ.ғ. өзінде-ақ оның философиялық трактаттары ежелгі еврей және латын тілдеріне аударылды. Бірақ Әл-Фараби мұрасын жүйелі әрі нақты зерттеу оның трактаттарының мәтіні мен аудармаларын басып шығарумен қатар зерттеу жұмыстары шыға бастаған XVIII-XIX ғ.ғ. ортасында шыға бастады. Ортағасырлық Еуропа классикалық ежелгі грек фиолософиясымен көп жағдайда Әл-Фараби еңбектері арқылы танысты. Тек XII ғ. кезінде оның «Ғылымдар классификасы» деген еңбегі латын тіліне екі рет аударылды. «Альфарабиуса» - «Сананың мәні туралы», «Сұрақтар негізі» және Аристотельдің «Физика», «Поэтика» еңбектеріне түсініктемелері, «Бақыт жолы туралы» және логикаға байланысты трактаттары мен басқа да еңбектері XII ғ. бастап XVII ғ. дейін латын тіліне бірнеше рет аударылды. Әл-Фарабидің кейбір трактаттары осы күнге тек латын тіліндегі аудармалар арқылы жетті, ал араб тіліндегі кейбір қолжазбалары өкінішке орай сақталмаған [2].

Еуропа ғалымдарын да ұлы ғұламаның өмірі мен еңбектері қызықтырған, атап айтқанда Роджер Бэкон, Леонардо да Винчи, Спиноза, т.б. неміс ғалымдары, Роджер Бэкон, атақты Әбу Әли ибн Сина (980-1037) және басқалар ӘлФарабидің «Энциклопедиясының» тікелей әсерімен өздерінің белгілі энциклопедиялық еңбектерін жазған.

XIX ғ. орта тұсынан бастап Әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығы көптегеен Европа ғалымдарының назарын ерекше назарын аудара бастады. Әл-Фараби 35 ілімімен жақсы таныс болған, одан көп үйренген Маймонид (1135-1204), Роджер Бэкон (1214-1294), Леонардо да Винчи (1452-1519), Спиноза (1632-1677), тағы басқа да көптеген Батыс Европа ғалымдары Отырар перзентінің өмірі мен еңбектерін арнайы зерттеген [3, 19-б].

XX ғ. басынан бастап, ортағасырлық араб философтарының шығармашылығының зерттеуге арналған ғылыми еңбектер пайда бола бастады. Фараби философисының бай мазмұнын ашуға ат салысқан шетел ғалымдарының қатарына М.Штенншнейдер, Р.Хаммонд, М.Хартен, Р.ВАльцер, Х.Тураба және т.б. жатқызуға болады. [3, 91-б] Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.

Ресейде XX ғ. басында оқырман қауым Әл-Фараби мен оның ғылымға қосқан үлесі туралы біршама жақсы білді: 1908-1913 жылдары Ресейде жарық көрген «Ф.А.Брокгауз бен И.А.Ефронның Еврей энциклопедиясында» Әл-Фарабидің кейінгі дәуір философиясының дамуына ықпалы туралы толығырақ қамтылған мақала берілді. Ғылыми мұрасын зерттеуді алғаш қолға алған совет ғалымдарының бірі академик В.В.Бартольд болды.

Әл-Фарабидің кеңестік ғылымға қайтып оралуы жөнінде айтатын болсақ, орыс тіліндегі «Европалық энциклопедияда» келтірілген материалдарға. XX ғасырдың жетпісінші жылдарына дейін айтарлықтай назар аударылған жоқ. Бұл Кеңес Одағындағы гуманитарлық ғылымның дамуының бірқатар ерекшеліктеріне байланысты болды. Олардың ішінен жаңадан жасалған марксистік-лениндік ілімнің басымдықтарына академиялық пән ретінде философияның бағындырылуын атауға болады. Онда ислам философиясындағы араб-мұсылман ойшылдарының іліміне орын табылған жоқ.

Әл-Фараби мұрасына бет бұру ұлтшылдықпен, космополитизммен және «басқаша ойлаудың» осындай көріністерімен күрес жөніндегі идеологиялық науқан

бәсеңсігеннен кейін ғана мүмкін болды. Бұрынғысынша, «құдай іздеушілікпен» тығыз байланысты тақырыптар жетістікке үміттене алмады және теология тұрғысында мұсылман философтары еңбектері зерттеулерінің кеңестік академиялық институттарда мақұлдануы да екіталай еді. Кеңестік дәуір ғалымдары: Е.Э.Бертельс араб әдебиеті тарихын сөз ете отырып, орта ғасырда өмір сүрген арабтың атақты ақындары мен тарихшыларының еңбектерінде Әл-Фараби үлкен ақын болған және оның көп өлеңдері бар деген болжамдарын баяндайды. С.Н.Григорян мен А.В.Сагадеев Әл-Фараби философиясының тарихи қайнарын, оның философиясының маңызы мен мәнін, трактаттарының эстетикалық қырларын саралап, ғұламаның кейбір еңбектерін аударып, ғылыми жұртшылыққа таныстырады. М.Хайруллаевтің «Мировоззрение Фараби» атты монографиясы әл-Фараби философиясы турасында жазылған алғашқы ауқымды зерттеу еңбек деп атап көрсетіледі.

Қазақстанда Әл-Фараби мұраларын зерттеп, саралау XX ғасырдың II жартысынан бері қарай жолға қойылды деп шамалауға болады. Әл-Фараби сынды ұлы ғұлама есімінің өз Отаны – қазақ топырағына қайта оралуына үлкен ғалым, академик Ақжан Машанов орасан зор еңбек сіңірді. Ол 50 жылдан астам өмірін Әл-Фараби бабамызды зерттеуге арнады.

1958 жылдан бастап А.Машанов Лондон, Каир, Париж, Берлин, Лиссабон, Бейрут, т.б. қалалардың ең ірі кітапханаларына хат жазып, Әл-Фарабидің шашырап жатқан мұраларын жинастырып, оның бірталай еңбегінің библиографиясын тауып алады. 1961 жылы Әл-Машанидің республика Ғылым академиясы хабаршысының №5 санында «Әл-Фараби және оның мұралары» деген алғашқы мақаласы шығады. Бұған дейін қазақ топырағында Әл-Фараби туралы ешкім айтпаған еді. 1962 жылы «Білім және еңбек» журналының бірінші санында Әл-Машанидің Әл-Фараби туралы мақаласы жарияланды. Онда төрткүл дүние түгел мойындаған Әл-Фараби жайында түсініктеме беріліп, оның қазақ топырағынан шыққан біздің бабамыз екендігі бірінші рет айтылды. Бұл бүкіл әлем зиялыларының көзқарасында өзгеріс тудырған тосын жаңалық болатын.

Бабамыздың мұрасын іздетуді тоқтатпаған Әл-Машани, әйгілі ғұлама Птоломейдің арнайы карта жасап, Отырарды Әл-Фарабидің туған жері деп көрсетіп кеткен бұлтартпас дәлелін табады. Сөйтіп, «Әл-Фараби ұлы ғалымдар қатарында халықаралық тізімге кіргізілсін, оның 1100 жылдық мерейтойы КСРО-да, Отаны Қазақстанда тойлансын», деген ЮНЕСКО қаулысының қабылдануына көп еңбек етті.

А.Машанов Республика Ғылым академиясының Президенттері Қ.Сәтбаевтың, кейіннен Ш.Есеновтің тікелей қолдауымен шет елдерден Әл-Фараби еңбектерін алдыртып, оларды қазақ, орыс тілдеріне аудартып, бабамыздың философиялық, логикалық, саяси-әлеуметтік, математикалық, жаратылыстанушылық, музыкалық трактаттарын жеке-жеке кітап болып екі тілде басылып жарық көруінің басы-қасында жүрді. Осы кезеңде Әл-Машанидың қаламынан ұлы бабамызға арналған «Әл-Фараби мұрасын зерттеу туралы», «Шығыстың Аристотелі», «Әл-Фараби еңбектерін қазақ тіліне аудару туралы», «Әл-Фараби», «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары», «Әл-Фараби және Абай» сияқты көптеген кітаптары жарық көрді.

Әл-Фараби мұраларын зерттеуге еліміздің атақты ғалымдары Ә.Марғұлан, А.Көбесов, Р.Бердібай, А.Қасымжанов, Ә.Дербісәлі, тағы басқалар да ат салысты. Араб-мұсылман философиясымен шұғылданушы ғалымдар арасында зор рухани толғаныс туғызған оқиға Б.Г.Ғафуров пен А.Х.Қасымжановтың 1975 жылы Мәскеу қаласында орыс тілінде жарық көрген «Аль-Фараби в истории культуры» («Әл-Фараби мәдениет тарихында») кітабы болды [4,91]. Сондай-ақ белгілі жазушы қоғам қайраткері Әнуар Әлімжановтың «Ұстаздың оралуы» атты романын қазақ оқырмандары үлкен ықыласпен қарсы алды.

Әлем мұрағаттары мен кітапханаларында сақталған Фараби мұрасын жинап, жүйелеп, зерттеп, ғылым игілігіне, ұлт мүддесіне жаратуда Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен жасалған «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде Әл-Фарабидің он томдық еңбектерінің жарыққа шығуы үлкен маңызға ие болды [5]. Әл-Фарабидің мұраларын зерттеп, оқырман қауымға таныстыруда көп еңбек сіңірген ғалым А.Көбесов және ұлы ойшылдың мұраларын зерделеу барысында Фараби аттас басқа да ғалымдардың бар екенін және олардың еңбектерін саралай келе «Әл-Фараби эстетикасы» және «Қазақ даласының жұлдыздары» (I тарау) атты Әбу Насырға байланысты көлемді еңбек жазған белгілі арабтанушы-ғалым Ә.Дербісалі. Сондай-ақ. Ә.Әлімжанов, М.С.Бурабаев, А.Х.Қасымжанов, Н.Келімбетов, М.Мырзахметов және басқа да ғалымдар Әл-Фараби мұраларын зерттеуді өз ғылыми жұмыстарына арқау етсе, Қ.Жарықбаев Әл-Фараби еңбектерінің библиографиясын жасады.

Ұлы бабамыз – Аристотельдің философиясын дамыта отырып, өз тарапынан көптеген маңызды ғылыми еңбектер жазды. Әл-Фараби ғылымының философиялық-логикалық іргетасын дұрыстап қайта қалап шықты. Ол музыка жайлы күрделі зерттеулер жүргізді. Фарабидің метафизика, тіл ғылымы, логика, психология, география, этика, т.б. ғылымдар жайлы жазған еңбектерінің мәні ерекше зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Н.Келімбетов. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – А., 2005.
2. http://old.baq.kz/kk/news/asil_kazina_derekter/abu_nasir_alfarabidin_europa_gilimina_ikpali.
3. Дебісалиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.
4. Ж.Алтаев, Ж.Әмірқұлова. Әл-Фараби және ислам философиясы. – А., 2012.
5. Қазақ халқының философиялық мұрасы. 2-том. – Астана, 2005.

ӘОЖ 032 (045)

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ

Исаева Ләззат Нығметқызы, Ш.Есенов атындағы КМТИУ,
«Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.

Андатпа: мақалада араб, парсы және басқа да деректер негізінде Шығыстың аса көрнекті ғалымы, данасы Әбу Насыр Әл-Фарабидің өмір жолы қарастырылады, ғалым ретіндегі тұлғасына назар аударылады. Сондай-ақ оның еңбек еткен ғылым салалары, әлемдік мәдениет пен ғылымға қосқан үлесі туралы да сөз болады.

Түйінді сөздер: араб, парсы шежірелері, ғылым, философия, Сайф ад-Даула, шығармалар.

IX – XII ғасырларда исламның таралуына байланысты араб тілі кең өріс алды. Әдеби және ғылыми шығармалар сол тілде жазылады. Шығыстың аса көрнекті ғалымы Әбу Насыр Әл-Фараби (870 – 950) шығармаларын араб тілінде жазды. Ол Отырар өлкесінде туып, Бұхара мен Бағдатта білім алған. Әл-Фараби өзінің ғылыми көзқарастарында өз заманынан әлдеқайда озып кеткен философ әрі энциклопедист ғалым болды [1, 5-22-бб.].

Араб, парсы шежірелерінің деректеріне қарағанда Әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырдарияға құяр жеріндегі Фараб (Отырар) қаласында, кейбір деректерде – оның тікелей ықпалында болған іргелес Уасидж қаласында отырарлық әскербасының

отбасында дүниеге келген. Ол туған жерінің атауымен «Әл-Фараби», яғни «Фарабтық» деген атқа ие болған.

Әл-Фараби алғашқы білімін Отырар медреселерінің бірінде алғанға ұқсайды. Өйткені, «көне дәуірлерден қалған бір деректерге қарағанда, Мәуреннаһрда балаларды түрлі қолөнері мен ғылымға үйрету, баулу, оқыту олардың бес жасар кезінен басталатын болған» [2, 155-б.].

Ол кезде мұсылман дүниесінің рухани орталығы Месопотамия болғандықтан, жас Әбу Насырды ата-анасы Таяу және Орта Шығыс елдеріне сапарға дайындайды. Бірақ Әбу Насыр Бағдадқа бармас бұрын жолай Шаш пен Самарқан, Бұхара қалаларына соғып, білімін жетілдірген. Кейін ол Иран еліндегі Мешһед, Нишапур, Рей, Исфаһан қалаларына келеді. Иран халқының мәдениетімен танысады. Одан әрі Бағдатқа аттанады.

Әбу Насырдың Бағдатқа баруының өзіндік себептері бар-тын. Белгілі шығыстанушы ғалым В.В.Бартольд (1869-1930): «IX – X ғасырларда ғылыми жұмыстар негізінен Тигр мен Ефрат алқабындағы ескі мәдени орталықтар болған Басра мен Харранға шоғырланды. Антиохиядан грек ғылымы да осында қоныс аударды. Бағдат – бүкіл мұсылман әлемінен, әсіресе, Иран мен Орта Азиядан шыққан әдебиетшілер мен ғалымдарды өзіне тартты», – деп жазған. Ал, «Әл-Фараби өмір сүрген кезде Орта Азия арабтардың қол астына бағынып, халифат құрамына енген болатын. Араб халифатының үлкен мәдени орталығы Бағдад болған. Тигр мен Ефрат алқабындағы Бағдат, әсіресе, Басра мен Харран жаңадан пайда болған араб тілі мәдениеттің, жаратылыстану және қоғамдық-фәлсафалық ғылымының орталығы болып алғандықтан ғылыммен әуестенгендер халифаттың түкпір-түкпірінен осында ағылып жатқан. Білімін молықтыру үшін әл-Фараби де Бағдатқа аттанған» [2, 156-б.].

Әбу Насыр Бағдатқа келген кезде мұнда зерделі зерттеулерімен атағы шыққан Йуханна бин Хайлан, Әбу Башр Матта, Әбу Бәкір бин Сираж сияқты белгілі ғалымдар ғұмыр кешіп жатқан-ды. Әл-Фараби медицина ғылымы мен логиканы осы Йуханна бин Хайланнан, жаратылыстану ғылымдары мен грек тілін Әбу Башр Маттадан үйренеді. Ал, Әбу Бәкір бин Сиражға өзі логиканы үйретіп, одан астроманияны үйренген. Оны ибн Хәлликан да растайды. Тарихшының деректерінде сүйенсек, Әл-Фараби «Бағдатқа келген кезде мұнда мәшһүр фәлсафашы Әбу Бишр бин Йунис тұратын. Ол, қарт еді, жамағатқа логикадан дәріс оқитын, өзі де осы пән бойынша көптеген еңбектердің авторы болатын. Ол Аристотель ілімінің (оны түсіндіру жөнінен), әсіресе логика саласының маманы еді». Ибн Халликан Әл-Фарабидің Бағдатта көп бөгелмегендігін ескертеді. Расында да Әбу Насыр көп ұзамай Ирактың оңтүстігіндегі Харран шаһарына аттанып, сонда бірер жыл дәріс алады да, білімін толықтырып, Бағдатқа қайтып оралады. Бар ынта-жігерін философияны зерттеуге арнайды.

Әл-Фараби логика, музыка, астрономия және басқа ғылымдар бойынша көптеген еңбектер жазған. Ибн Халликан өз еңбегінің тағы бір жерінде жерлесіміз жайлы: «Ол – аса ірі мұсылман фәлсафашыларының бірі. Олардың ешқайсысы да оның деңгейіне жеткен жоқ. Әбу Әли ибн Сина да өзінің шығармаларын жазу үстінде оның еңбектерін пайдаланғанын, сол арқылы мәшһүрлікке қолы жеткенін еске алады», – деген.

Әл-Фараби саяхаттауды ұнатқан. Арада біраз жылдар салып, Бағдадтан Шамға келеді, бірақ мұнда ұзақ аялдамастан, Мысырға сапар шегеді.

Әбу Насырдың Мысырға келуі X ғ. 30-40-жылдары болса керек. Мысырда қанша уақыт болғаны жайлы араб деректерінде ештеңе айтылмайды.

Әл-Фараби өздігінен оқып жетілген ғалым. Ол ең алдымен грек ғылымын, оның философиясын, әсіресе ұлы ұстазы Аристотельдің еңбектерін қызығып оқыған. Ибн Халликанның айтуына қарағанда Әбу Насыр Аристотельдің «Метафизикасын»

қырық, «Жан туралы» еңбегін жүз, ал «Риторикасын» екі жүз рет оқып шыққан болса керек. Осындай ыждаһаттылығын арқасында ғана ол Аристотельдің ғылыми мұрасын еркін игерген.

Ортағасырлық тарихшылар оның қарапайым, аса қанағатшыл, жұпыны ғана киініп, той-думан, ырду-дырдудан бойын барынша аулақ ұстаған адам болғанын тәптіштей жазған. Күндіз ол көбінесе қаладағы бақта күзетшілік қызмет атқаратын, тапқан ақшасын сатып алған шырақ жарығымен түні бойы кітап оқумен шұғылданған.

Әл-Фарабидің алғашында философ ретінде танылған. Оның философиялық еңбектерінің басым көпшілігі грек ғалымдарының, әсіресе, Аристотельдің мұрасын зерттеуге арналған. Әбу Насыр Аристотельдің «Категория», «Бірінші және екінші Аналитика» сияқты философиялық және логикалық шығармаларына түсіндірмелер жазған.

Сондай-ақ өзі де «Кемеңгерлік меруеті», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғылымдардың шығуы», «Бақытқа жету» сияқты т.б. көптеген трактаттар жазған. Бұл еңбектерінде ол дүние, қоғам, мемлекет және адамдардың өзара қарым-қатынасы туралы өз заманы үшін соны ой пікірлер айтады. Орта ғасырлардың өзінде-ақ Әбу Насыр қанаусыз, зорлықсыз бақытты қоғам орнату жөнінде батыл болжам жасаған. Мұндай қоғамның туын ол мемлекет басшысының ақылымен, білімімен, адамгершілігімен байланыстырған.

Әбу Насыр әл-Фараби ғылымының философия, логика сияқты салаларының іргетасын қайта қалаған, әр ғылым саласын жеке пән ретінде игеру жағын көтере отырып, олардың мәнін айқындап, мазмұнын ажыратуға тырысқан. Музыка жайлы да күрделі зерттеулер жүргізген, математика саласында үлкен жаңалықтар ашқан, астрономия жайлы кесек-кесек еңбектер қалдырған. Физика ғылымында тың ойлармен байытқан. Жаратылыстану ғылымының медицина, химия, минерология секілді аса маңызды салалары бойынша күні бүгінге дейін мәнін жоғалтпаған еңбектер жазған. Көне грек оқымыстыларының пікірлеріндегі озық қағидаларды талдаған.

Көрнекті шығыстанушы ғалым, академик Б.Ғафуров (1908 – 1977) Әл-Фарабидің ғылымға деген құштарлығына тоқталып: «Біз, – дейді ол, – ұлы ғұлама жазған еңбектердің ішінен математикаға, медицина, музыка теориясына, алхимия мен магияға арналған дүниелерді көреміз. Ұлы ғұлама философияның, логиканың, таным-наным теориясының, психологияның, этиканың, саясат пен әлеуметтанудың сан қырлары жөнінде пікірлер айтып, келелі еңбектер жазған. Әл-Фараби атын бүкіл әлемге танытып, оны дүние жүзі мәдениетін жасаушылардың алдыңғы легіне қосқан да оның осы салалардағы еңбектері» [3, 15-б.].

Әл-Фараби педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ, ол парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Әбу Насыр – халықтарды бейбіт өмір сүруге, достыққа шақыра отырып, адам баласының білім мен парасатты ойын терең бағалаған кемеңгер. Осылайша, ол метафизика, тіл білімі, логика, география, этика, т.б. ғылым салаларын қамтитын жүз елуге тарта трактаттар жазған.

Әл-Фараби өмірінің соңғы жылдарын Шамның Халаб қаласында өткізді. Осы жердің әміршісі Сайф ад-Дауланың сарайында тұрған, кейбір деректерге қарағанда оның дәрігері болғанға ұқсайды. Бірақ онда да ұзақ тұрақтамаған.

Ибн Халликан шежіресінде Әбу Насырдың Халабқа алғаш келген кездегі Сайф ад-Дауламен танысуы жайлы қызықты деректер келтіріліп, Әл-Фарабидің жетпіске жуық тіл білгенін айтады.

Араб әдебиетінің классигі, жауынгер ақын – Әл-Мутанаббидің шығыс және әлем әдебиетіндегі орны ерекше. Көрнекті араб әдебиетшісі-профессор Әбд Әл-Уаһһаб

Аззам зерттеулерінде Әл-Муттанабби жайлы: «Ахмад әл-Мутанабби ұрыс тақырыбындағы қасидаларымен өзге ақындар немесе қарасөз зергерлері шыға алмаған шыңға көтеріледі. Бұл араб ақыны өлеңдерінің қуаттылығы сонша, оған теңесетіндер жоқ. Тіпті «Илиада» «Шаһнаме», Римнің «Энейдесы» немесе үндінің «Махабхаратасы» мен «Рамаянасы» әл-Мутанаббимен үзеңгі қағыса алмайды», – дейді.

Сол Әл-Мутанабби Әбу Насыр Әл-Фарабимен атақты Сайф ад-Дауланың сарайында өмірінің бірер жылын бірге өткізген. Әл-Фарабиді зерттеуші ғалымдарымыз әлі күнге дейін оның өмірбаянын жазғанда Әбу Насырдың Сайф ад-Даула сарайында тұрғанынан басқа ештеңе айтпайды. Сондықтан да біз араб тарихшыларының жазбаларына сүйене отырып, осы жәйіттер туралы сөз етеміз.

Әл-Мутанабби тек шайыр ғана емес, жауынгер ретінде де танылған. Ақын талай рет түрлі жорықтарға қатысып, ерліктер көрсеткен. 946 жылдары майданда бірге болған досы Бадр бин Амшардың шақыруымен Шамдағы Антакия қаласына келеді.

948 жылы осы шағын қалаға Византия жорығынан қайтып келе жатқан Сайф ад-Даула тоқтайды. Оған ер мінезді әл-Мутанабби ұнап қалады. Әмірші оны өз сарайында шақырады. Ол кезде Сайф ад-Даула сарайында Әл-Фараби де тұрып жатқанды. Әбу Насырдың 73-ке, ал Әл-Мутанаббидің 33 жасқа шыққан кезі. Сарайдағы ақындар мен философтарддың ұстазы, әрі атақтысы да Әл-Фараби болғандықтан, Әл-Мутанбби оны өзіне ұстаз тұтады. Арада көп уақыт өтпей-ақ олардың атағы алысқа кетеді. Сонымен қатар бақталастары да көбейе түседі.

Әл-Мултанабби қызықты бір кеште өлеңін оқиды. Бізді (Әл-Фараби мен өзін айтып отыр) осындағылардың бәрі біледі. Өйткені, біз әмірші сарайындағы екі жүзді, жорғалап жүретіндерден емеспіз. Менің достарым – қас тұлпар, қою түн, кең дала, алмас қылыш, өткір найза, қалам, қағаз» – деп, ол сарайдың күншіл ақынсымақтарын жерге соғады. Бақталастары одан сайын көбейе түседі. Өсекшілерге иланған Сайф ад-Даула бірте-бірте қырын қабақ таныта бастайды.

Бірде әмірші алдында парсы текті әдебиетші ибн Халауайк әл-Мутанаббиге сын ескертпе жасаған ақынның арқасы қозып: «Иә, сен араб емессің, парсысың, саған араб тілін білу қайда?!» – деп қалады. Жарыла жаздаған Ибн Халауайх ауыр кілтпен Әл-Мутанаббидің басынан ұрады, ал жанжалдың басы-қасында болған Сайф ад-Даула ләм деп аузын ашпайды. Әл-Фараби бұған қатты қапаланады, Әл-Мутанаббиге жасалған қиянат оны торықтырады. Ақыры әмірші сарайын тастап, Халабтан Әл-Мутанабби секілді ол да кетіп қалады.

Әбу Насыр Әл-Фараби 950 жылы қайтыс болған. «Фараби қазасы туралы екі дерек бар, – дейді М.Хайруллаев, – біріншісінде ғалымдар оны Шамда қайтыс болған десе, екіншісі Әбу Насыр қасына бірнеше адам ертіп, Асқалан қаласында бара жатқанда жол торыған қарақшылардың қолынан қаза тапқан. Сайф ад-Даула қарақшыларды тауып, дарға асқан».

1944 жылы Каирде әдебиетші ғалым Аббас Махмуд Әл-Аққадтың (1889 – 1964) «Әл-Фарабиани» атты зерттеуі жарық көрді. Автор онда жерлесіміздің философиялық толғаулары туралы айта келіп, ұлағатты ұстаздың поэзиямен де айналысқанында баса назар аударады. «Сайф ад-Дауланың сарайына жиналған даңқойлар мен ақындар аптаның әр күні әдемі әуезді, бұлбұлды баққа барып, мұшайраға түсетін. Әбу Насыр де оған жиі қатысатын. Ол өзгелердей емес Сайф әл-Дауланның өзімен келіп, әкімнің жанына отыратын. Білімпаз әмірші. Әл-Фарабидің философиялық тұжырымдарын да, өлеңдерін де қатты ұнататын, сүйсіне таңдайтын. Мұндай санаткерлік сынға араб-парсы ақындарының сайыпқырандары ғана қатысатын», – дейді [3, 17-18-бб.].

Бара-бара оны салтанатты сарайдың сәулеті де, дәулеті де қызықтыра алмайды. Кетуге бел байлайды. Бір жағынан, жоғарыда айтылғандай, әмірші

айналасындағылардың бақталастығы, сыздаған жанына сыза түсіргені бұл байламына қамшы болады.

Ақыры әмірші сарайынан кетіп қалған Әбу Насыр қай жерде болсын аса қанағатшыл болыпты. Оның артынан Сайф ад-Даула жіберіп тұрған төрт дирhемді үлестіріп отырған. Сонымен қатар Аббас Махмуд оның өлеңді араб тілінен басқа парсы тілінде де жазғанын айтады.

Ол тек ғұлама ғалымдығымен ғана емес, ақындығымен де дараланған. Оның әдебиет пен тілдің өзекті мәселелеріне байланысты айтқан тұжырымдамалары топ жарған талайларды тамсандырған.

Әбу Насыр «Өлең туралы трактат» жазғаны белгілі. Көрнекті неміс шығыстанушысы Морис Штейншейдер (1816 – 1907) бұл жайлы өз еңбегінде атап көрсеткен. Ағылшын арабисі Д.С.Марголиус те (1858 – 1990), «екінші ұстаздың» аталмыш трактатты жазұанын айта келіп, оның жоғалып кеткеніне қатты қынжылған. Италияның «Ориэтио модерно» (Қазіргі шығыс) атты журналында арабист Артур Дж.Арберрдің 1936 жылы Үндістанға барған сапарында осы елдің ұлттық кітапханасынан («Индия оффис лейбрари») Әл-Фарабидің «Өлең туралы трактатының» табылғанын қуана хабарлаған. Ол трактат көшірмесінің XVII ғасырға жататын, сөйтіп, оның әлі күнге дейін Үнді ұлттық кітапханасында сақталуы екендігін айтқан.

Әл-Фараби шығармаларының басым көпшілігі әлі де араб тілінен аударылмай, зерттелмей жатыр. Астрономия, логика, музыка жайлы еңбектері терең зертеле қойған жок. Әбу Насырдың көптеген туындылары дүние жүзі кітапханаларында сақтаулы, беймәлім күйде. Оларды іздестіру, жарыққа шығару, халықтың игілігіне айналдыру – болашақтың үлкен міндеттерінің бірі.

Әл-Фарабидің мәдениет пен ғылымға қосқан үлесі жан-жақты және жемісті болды. Логика мен медицина, ғарышнама мен анатомия, философия мен заң ғылым, математика мен акустика – ол ден қойған ауқымды шеңбер, ұлы ойшыл өзінің көрегендік ақыл-ойымен қамтыған білім салалары, осындай.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Касымжанов А.Х. Великий мыслитель из Отрара. Аль-Фараби о разуме и науке. – А., 1975.
2. Хайруллаев М. Фараби. Эпоха и учение. – Ташкент, 1975.
3. Дербісәлиев Ә. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.

ӘОЖ 94 (574) (045)

ҰЛТЫМЫЗДЫҢ МАҚТАНЫШЫ – ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

Мыңжасарова Құралай, «Тарих» мамандығының 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: Сидешова Р.А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.

Аңдатпа: мақалада Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор екендігі, 150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар, ал оның айналысқан ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия екендігі және осы ғылымдар жайында, олардың әлемнің көптеген тілдеріне аударылғаны туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: Әл-Фараби, Аристотель, тархан, трактат, даналық.

Шығыстың ғұлама ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби 870 жылы бүгінде Отырар аталатын, Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб қаласында дүниеге келді (қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысындағы Отырар қаласының маңайындағы ортағасырлық қала).

Фарабидің толық аты-жөні Әбу-Насыр Мұхаммед Иби Мұхаммед ибн Ұзлаг ибн Тархан Әл-Фараби. Әл-Фараби түрік тайпасының дәулетті бір ортасынан шыққаны бізге мәлім, бұған дәлел оның толық аты жөнінде «Тархан» деген атаудың болуы. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр Әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Сол тұста өмір сүргендердің қалдырған жазбаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті, оның бақытына қарай сол заманда Отырарда аса бай кітапхана бар еді. Әл-Фараби парсы, грек тілдерін үйренеді, осы тілде ғылыми трактаттар оқиды. Фараб пен Бұқарада бастапқы білім алған соң әл-Фараби өз білімін жетілдіру мақсатында Бағдатқа аттанады. Фарабидің дүниетанымының қалыптасуына Мерв мектебінің ғылыми дәстүрлері мен философиялық бағдарлары өз әсерін қалдырды. Бағдадта Әл-Фараби ғылым мен әртүрлі пәндерді оқиды. Білімге деген құштарлығының арқасында Әл-Фараби сол уақыттағы ғылым мен білімнің ордасы саналған Дамаск, Халеб, Каир, Шаш, Самарқан, Бұхара, Мерв, Нишапур, Рей, Хамадан қалаларында да болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Сол қалаларда оқыды, еңбек етті. Шығыстың осы шаһарларында ол өз дәуірінің ең көрнекті ғалымдарымен, көркем сөз деректерімен танысады. Олардан тәлім-тәрбие алады [1].

Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Өзінің білімділігі мен сауаттылығының арқасында «Екінші Ұстаз» атауына ие болды. Әл-Фарабидің шығармашылық мұрасы орасан зор (150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар), ал оның айналысқан ғылыми салалары ол – философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономия. Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат» деп аталады. Оның атақты «Музыка туралы үлкен трактат» деген шығармасы әлемнің көптеген тілдеріне аударылған [1].

Әл-Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», бірінші және екінші «Аналитика», «Топикасы» және т.б көптеген еңбектеріне түсініктемелер жазды [2].

Әл-Фараби «Данышпандықтың інжу-маржаны», «Ақылдың мәні туралы трактат», «Ғылымдардың шығуы», «Аристотель еңбектеріне түсіндірме» тектес трактаттары арқылы ғаламдық ойдың дамуына өзінің қомақты үлесін қосты. Сондықтан да халық оны «Шығыстың Аристотелі» атап кеткен. Ол ежелгі заман ойшылдары Аристотель, Платон, Гален шығармаларына терең талдаулар, түсініктемелер жазды. Әл-Фараби сонымен бірге әлеуметтік-қоғамдық және этика саласына да қалам тербеген. Мысалы, «Бақытқа жету жайында» деген еңбегінде «оның бірден-бір жолы – ғылымды, білімді игеруде» деп насихат айтады. Ал «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары» деген трактаттарында бірқатар қоғамдық, әлеуметтік, этикалық мәселелерге талдау жасалынды. Мұндағы қала деп отырғаны – мемлекет. Бабамыздың бұл шығармасындағы мемлекеттің пайда болуы, ондағы теңсіздіктің өмірге келуі, идеал қала халқының морАльдық бейнесі, қала әкімдеріне қажетті адамгершілік қасиеттер, әр адамның бақытқа жету үшін бүкіл қоғам болып тіршілік ету керектігі туралы айтылған пайым-пікірлері бүгінгі күнге дейін өзекті [3].

Ал ғұлама әдебиет теориясына арнаған «Өлең кітабы» атты еңбегінде өлең жазу ісіне қойылатын шарттарға тоқтала келе, ішкі терең мағынаға сыртқы пішін, яғни сұлу ұйқас үндесіп келгенде ғана әсем жыр туындайтынын айтады. Әл-Фараби өз заманында дарынды ақын болған. Халық аузында сақталған мына өлеңінде ол өмір жолы туралы:

Кешір мені, туған жер, сені артқа тастадым.
Кешір мені, туған ел, жолды алысқа бастадым.
Кешір мені, ұлыс -ұрпағым, бақ, байлық, даңқ таппадым
Кешір мені, ар-ұжданым, білім болды баққаным, –

деп тебіренеді.

Өкінішке қарай, ұлы ойшылдың поэзиялық мұрасы біздің дәуірімізге дейін толық сақталмаған, мүмкін әлі толық ізделініп зерттелмеген де шығар. Әйтсе де бізге жеткен аз ғана жыр жолдарынан оның зор шабытты, кең тынысты, терең ойы, нәзік сезімді ақын екенін аңғарамыз. Әл-Фараби бабамыз ән-күй шығаратын композитор, музыка зерттеушісі, музыкалық аспаптарда шебер орындаушы болды. Ол музыка теориясы мен тарихы жөнінде «Музыканың ұлы кітабы» атты еңбек жазды. Ол өз заманының ғылымын жүйелеуге ұмтылды [4, 73-б].

Бабамыз шығарған әндерді зерттеп, іздеп, тауып, туған еліне әкеліп, қазақша мәтін жазып, халық арасына таратылса, бұл ұлы ғұламаның мерейтойы қарсаңындағы үлкен бір игілікті іс болар еді.

Әбу Насырдың Платон және Аристотель философиясындағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді. Фараби Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғалымдардың шығуы», «Бақытқа жету», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» сияқты көптеген сындарлы философиялық еңбектер жазған. Фараби бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар айтады [3].

Әл-Фараби сынды ұлы ғұлама есімінің өз Отаны – қазақ топырағына қайта оралуына үлкен ғалым, академик Ақжан Машанов орасан зор еңбек сіңірді. Ол 50 жылдан астам өмірін әл-Фараби бабамызды зерттеуге арнады.

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айырықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Музыканың ұлы кітабы. Фараби. 15 томдық. – А., 2020.
2. П.М.Сүлейменов Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы. – А., 2011. – 197-б.
3. Әбу Насыр Әл-Фараби. Дәлел туралы. – А, 2013.
4. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар. – А., 2005

ӘОЖ 94 (574) (045)

ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ – ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

Бозаева Сабырхан, «Геология және пайдалы қазбалар кенорындарын барлау» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.

Аңдатпа: мақалада Ұлы даланың төл перзенті, Ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фарабидің өмірге келген ортасы, әлемдік деңгейде теңдесі жоқ мол ғылыми мұрасы, энциклопедист-ғалымның ерекше зерттеген ғылым саласы, Фарабидің пікірі бойынша адамның өз мақсатына жетуі үшін қандай іс-әрекеттер жасауы керек екені туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: энциклопедист-ғалым, фәлсафашы, ойшыл, ғұлама, гуманист.

Қасиетті қазақ даласы талай ұлы ғұламаларды дүниеге алып келді. Қазақ топырағынын көкіреп ояу, көзі ашық, ойшыл азаматтары бүкіл шығыс араб-парсы мәдениетін меңгеріп, өз шығармаларын көпке ортақ тілде жаза біліп, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдыра білді. Олардың ішінде аты әлемге жайылғандары да аз емес еді. Солардың бірі – күллі әлемге танымал ұлы жерлесіміз – Әбу-Насыр Әл-Фараби [1].

Әл-Фараби түрік тайпасынан шыққан. Бұған дәлел: «...түркі оқымыстылары Әбу Нәсір ныспысының соңына кейде «әт-түрки» деген сөзді қосып, оның түркі текті екенін шегелей түседі...» [2, 12-б]. Әл-Фараби 870 жылы Сыр бойындағы Арыс өзені Сырға барып құятын өңірдегі, Фараб қаласында дүниеге келді. Фарабидің толық аты-жөні – Әбу Насыр Мұхаммед Ибн Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Ұзлаг әл-Фараби (Әл-Фарабидің өз атасы – Әбу Нәсір Мұхаммед, әкесінің ныспысы да – Мұхаммед, бабасының есімі – Тархан, арғы атасы – Ұзлаг). Сонымен қатар, Ә.Дербісәлиев өзінің Әл-Фараби туралы зерттеуінде [2, 12-б]. араб, парсы деректеріне сүйене отырып, Әл-Фарабидің 870 жылы Арыс өзенінің Сырға құяр тұсындағы Фараб (Отырар) қаласында, қайсібір деректерде оның тікелей ықпалында болған іргелесі – Уасиджде (Оқсызда) отырарлық әскербасының отбасында дүниеге келгендігін айтады. Туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар Барба-Фараб деп атап кеткен, осыдан барып ол Әбу Насыр Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Бұл қаланың орны қазіргі Шәуілдір ауданы, Шымкент облысының аумағында. Сол түста өмір сүргендердің қалдырған нұсқаларына қарағанда, Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

Әл-Фараби, Әбу Насыр (Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед ибн Тархан ибн Үзлаг Әл-Фараби әт-Түрки) (870 – 950 ж.ж.) – Аристотельден кейін дүниежүзі білімі мен мәдениетінің екінші ұстазы атанған данышпан, энциклопедист-ғалым. Энциклопедист, ғалым, ойшыл, философ, математик, астролог, музыка теоретигі – ғалымның жан-жақты тұлғасын көрсетеді. Деректерде сауатын түрікше ашқаны, өзін ақын және күйші, әнші ретінде танытқаны айтылады.

Әл-Фараби заманында бүкіл Орта Азия мен Түркістан Араб халифатының ықпалында болған. Соған байланысты қала халқы сауда саттық мәселесінде ислам қалыптасып, дамуына зор үлес қосқан араб, парсы, түркі тілдерін қатар қолданған. Соның ішінде рухани, ғылыми тіл-араб тілі болған. Сондықтан осы қалада сауат ашып, осы қалада білімге, ғылымға деген құмарлығы оянған Әл-Фарабидің осы үш тілді жетік

білуі заңдылық еді. Кейіннен ғылыми жолға түсіп, грек, латын, санскрит және басқа тілдерін үйренеді. Ол өз заманындағы дамыған ғылым салаларының бәріне, өнеріне өзіндік үлес қосып, елеулі із қалдырады. Одан қалған ғылыми еңбектердің өзінің саны жүзден астам. Сол еңбектерді ғылым салаларына қарай бөлетін болсақ, олар мынандай: астрономия, астрология, математика, логика, музыка, медицина, табиғат ғылымдары, социология, лингвистика, поэзия риторика, философия болып келеді.

«Орта ғасырлық тарихшылар оның қарапайым, аса қанағатшыл, жұпыны ғана киініп, той-думан, ырду-дырдудан бойын барынша аулақ ұстаған адам екенін тәтпіштей жазған. Күндіз ол көбінесе қаладағы бақта күзетшілік қызмет атқарып, тапқан ақшасына сатып алған шырақ жарығымен түні бойы кітап оқумен шұғылданған», - дейді Ә.Дербісәлиев [2, 14-б].

Әбу Насыр Әл-Фараби ілімі шығыс ойшылдарына, Аристотельдік және жаңа платоншылдық көзқарастарға сүйенеді, оларға жаңа сипат береді. Әл-Фараби, ең алдымен, грек ғылымын, оның фәлсафасын, әсіресе ұлы ұстазы Аристотель еңбектерін қызығып оқыған. Ибн Халликаның айтуына қарағанда Әбу Насыр Аристотельдің «Метафизикасын» қырық, «Жан туралы» еңбегін жүз рет оқып шыққан сияқты. Осындай ұмтылысының арқасында ғана ол Аристотельдің ғылыми мұрасын еркін игерген. Сондай-ақ өзі де «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарның көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғылымдардың шығуы», «Бақытқа жету» сияқты т.б. көптеген трактаттар туындатқан. Бұл еңбектерінде ол дүние, қоғам, мемлекет және адамдардың өзара қарым-қатынасы туралы өз заманы үшін соңғы ой-пікірлер айтады. «Ол өзінің «Философияны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактат» атты еңбегінде Аристотельдің философиясын меңгеруге қажет болатын 9 шарт жайлы өз пікірлерін ортаға салып, бұл туралы бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам өзін-өзі рухани жағынан жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып-білу арқылы жетіледі деп түйін жасайды», - дейді Оразалы Сәбден өз зерттеуінде [3, 122-б].

Әл-Фарабидің алғашқыда фәлсафашы ретінде атақты болғанын айттық. Оның фәлсафалық еңбектерінің басым көпшілігі грек ғалымдары, әсіресе, Аристотельдің мұрасын зерттеуге арналған. Әбу Насыр Әл-Фараби жас күнінде білімін шыңдау мақсатында Бағдадқа аттанып, сонда тағы да білім мен өнерді үйренбекші болады. Ол кезде мұсылман дүниесінің рухани орталығы Таяу шығыс пен Орта шығыс елдері еді. Атағы әлемге әйгілі шығыстанушы ғалым В.В.Бартольд: «IX – X ғасырларда ғылыми жұмыстар негізінен Тигр мен Евфрат алқабындағы ескі мәдени орталықтар болған Басра мен Харранға шоғырланды. Антиохиядан да грек ғылымы да осында қоныс аударды. Бағдад – бүкіл мұсылман әлемінен, әсіресе, Иран мен Орта Азиядан шыққан әдебиетшілер мен ғылымдарды өзіне тартты», - деп жазған. Әйгілі тарихшының еңбектеріне қарасақ, Әл-Фараби «Бағдадқа келген кезде мұнда мәшhүр фәлсафашы Әбу Бишр бин Иунис тұратын. Ол қарт еді, жамағатқа логикадан дәріс оқитын. Өзі де сол пән бойынша көпеген еңбектердің авторы. Ол Аристотель ілімінің (оны түсіндіру жөнінен), әсресе логика саласының маманы еді» [2, 13-б]. Әбу Насыр көп ұзамай Ирактың оңтүстігіндегі Харран шаhарына аттанып, сонда бірнеше жыл дәріс алды да, білімін молықтырып, Бағдадқа қайта оралады. Бар ынтасымен фәлсафаны зерттеуге кіріседі. Ибн Халликан өз еңбегінің тағы бір жерінде: «Ол – аса ірі мұсылман фәлсафашылардың бірі. Олардың ешқайсысы оның деңгейіне жеткен жоқ. Әбу Әли ибн-Сина да (980 – 1037 ж.ж.) өзінің шығармаларын жазу үстінде оның еңбектерін пайдаланғанын айтады», -деген.

Қорыта келе, Әбу Насыр Әл-Фарабиді ғылымының фәлсафа, логика сияқты салаларының іргетасын қайта қалаған, әр ғылым саласын жеке пән ретінде игеру жөнін

көтере отырып, олардың мәнін айқындап, мазмұнын ажыратуға тырысқан ұлы ғалым деп бағалаймыз. Ол педагогика, психология, эстетика мен акустика, астрономия мәселелерін де терең зерттеп, мәдениет пен ғылымға жемісті үлес қосқан. Сондай-ақ Әбу Насыр Әл-Фараби – парасаттылық пен ағартушылықты жақтаған үлкен гуманист. Ол халықтарды бейбіт өмір сүруге, достыққа шақыра отырып, адам баласының білім мен парасатты ойларын терең бағалаған дара кемеңгер.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. https://martebe.kz: Әбу-Насыр Әл-Фарабидің өмірбаяны мен шығармашылығы.
2. Ә.Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 2005.
3. О.Сәбден. Тарихи ұлы тұлғалар. – А., 2015.

ӘОЖ 94 (574) (045)

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ

Кошкарова Айгерим, «Тарих» мамандығының 4-курс студенті
Ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.

Аңдатпа: мақалада заманының ұлы данышпан-ойшылы, ғұлама, ғылымның әр саласынан күні бүгінге дейін өзінің құндылығын жоғалтпаған саралы еңбектер қалдырған Әл-Фарабидің нақыл сөздері, олардың негізгі идеялары, яғни, адамгершілік,ізгілік пен қайырымдылық мәселелері жөніндегі көзқарастары қарастырылған.

Түйінді сөздер: адам, бақыт, қайырымдылық, ғылым, тәрбие.

Нақыл сөздер (афоризмдер) – күрделі мәселелерді терең ете дәл жеткізетін ой шалымы кең, қысқа қайырымды шешен сөз. Ол – көп қырлы, түйіндеуге бай, көркемдік дәрежесі жоғары сападағы, қанатты сөз айшығы данышпан ақылдың төзінен, ой көзі айқын керінетін сөз жасаушы ұлы шебердің мүсіндеуінен шыққан іші – алтын, сырты – күміс сөз төресі.

Нақыл сөздер үлгісі қазақ әдебиетінде ерте көзде-ақ ауызекі тіл өнерге, өнегеге айналған шақтан бері қалыптасқан. Олар мақал-мәтелдермен қатар туып отырды. Әдетте, бұл нақыл сөздер ел аузында белгілі кісілердің атымен бірге жүрді, ал авторы ұмытылған сөздердің өзі де тарихи кісілердің атын жамылып отырды. Бұлай сақталу нақыл сөздердің бірден-бір өзіндік ерекшелігі болып табылады.

Жазба әдебиетімізде нақыл сөздердің бай негізін жасағандар аз емес. Шын мәнінде, нақыл сөздер көздейсоқ, жәй бір құбылыстар емес, заңды, тарихи қажеттіліктер негізінде туған тұтас дүние. Бұл Таяу Шығыстың Ұлы ойшыл ақындары Фирдаусидың, Низамидың, Сағдидың, Науаидың, Жәмидың шығармаларында туды. Олардың қатарында шығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, музыка теоретигі, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр Әл-Фарабидің де еңбегі аз емес. Әл-Фарабидің ұғымынша кез келген нәрсенің шегі болады, ол шектен еш нәрсе де шығып, асып кете алмайды. Мәселен батырлықтың шегі тарих, кез-келген батырлық тарихтан асып, немесе озып кетпейді, оның ұясы – тарих. Сол сияқты жалған әдетте қоғамнан, уақыттан асып кетпейді, қоғам қажеттіктері, уақыт, заман талабы шынайы мінезді талап етеді, уақыты келгенде ол айқындалып отырады [1, 52-б].

Әл-Фарабидің айтуы бойынша, адамды табиғатынан адамға жау деп ұғу да қате. Қайырымдылық адамның табиғатында бар нәрсе. Адам баласынан рухани өмірдің шегі қайырымдылықты, ізгілікті талап етеді. Бұны ХХ ғасырдың басында өмір сүрген батыс ғалымдары «шекаралық жағдай» деп түсіндірген. Қазақ философиясында «жалған дүние» деген ұғым бар. Бұның мағынасы адам өмірінің мәні де, сәні де жиған дүниесімен емес, ұрпаққа, елге жасаған ісімен өлшенеді дегенді білдіреді. Сол сияқты Әл-Фараби философиясында зерделенген қайырымдылық, ізгілік мәселелері адамзатбаласына ортақ, оның табиғатының мәнін ашатын, адамның тұлғалық қасиеттерін тарих қатпарынан аршып алатын құндылық [2, 19-б].

Өз шығармаларының бірінде тарихшы Мұхаммед Хусаини Фараби өмірінен қызықты оқиғаны баяндайды. Бірде Әл-Фараби Дамаскідегі шығыс базарды аралап жүріп, етіктерін құлшыныспен тазалап жатқан баланы көреді.

- Бала, соншама жұмыс жасау арқылы күніне қанша дирхам (ақша) аласың? - деп сұрайды Фараби.

Ол: «Екі дирхам», - дейді.

Ұлы ғалым балаға аяушылық білдіріп, оған күн сайын Сайф ад-Дауладан алатын төрт дирхам берді. Кейіннен бұл бала Фарабидің ең жақсы шәкірттерінің бірі болды [3].

Адамды қадірлейтін, өзінің төл құндылықтарын дәріптейтін, сақтай алатын, кейінгі ұрпаққа дінді, адамды, табиғатты құрметтеуді үйрете білетін, құндылықтарын табыстай алатын ел ғана қайырымды мемлекетті құра алады.

Әл-Фарабидің нақыл сөздері:

– Тәрбиелеу дегеніміз – адамның бойына білімге негізделген этикалық құндылықтар мен өнер қуатын дарыту.

– Адамның басына қонған бақыттың ұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады.

– Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдында игілікті мақсат қоя білуінде... адамның өз мінез-құлқын , іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағаттап отыруында.

– Бақыт, қуаныш пен ләззат асқан сұлу, ең әсем, ең көрікті нәрсені барынша тиянақты және кемелді нәрсе түрінде аңғару арқылы ғана пайда болып, толық дәрежесіне жетеді.

– Адамға тән бір жақсы қасиет – өзін қоршаған әлемнің әсемдік сырларына үңілу, содан рухани нәр алу, өзінің нәзік сезімін образдар арқылы паш ете алу.

– Ғылыммен айналыссам деген адамның ақыл-ойы – айқын, ерік-жігері – зор, тілек-мақсаты – ақиқат пен адалдыққа қызмет етуге талап жолында болуы шарт. Жәй ләззат іздеу, кәсіпқұмарлыққа ұқсас әрекет онда болмасқа керек. Білім қуған жанның ойы күнделікті күйбіңнен көп алыста жатады [3].

Адамның басына қонған бақыттың тұрақты болуы жақсы мінез-құлыққа байланысты. Мінез бен ақыл жарасса – адамгершілік ұтады.

Шығыс билеушілерінің бірі Әл-Фарабиді сарайға шақырып алып, былай дейді:

- О, екінші ұстаз, менің елімнің болашағы қандай болмақ? Мен сіздің болжамдарыңызды тыңдағым келеді.

Сонда әл-Фараби былай деп жауап береді:

- Егер сіз елдің болашағын білгіңіз келсе, маған еліңіздің жастарын көрсетіңіз, мен сіздің болашағыңызды болжаймын, - деген екен [3].

Бұл еңбектерінде ол дүние, қоғам, мемлекет және адамдардың өзара қарым-қатынасы туралы өз заманы үшін соны ой-пікірлер айтады.

Орта ғасырлардың өзінде де Әбу Насыр қанаусыз, зорлықсыз бақытты қоғам орнату жөніндегі батыл болжам жасаған. Мұндай қоғамның тууын ол мемлекет басшысының ақылымен, білімімен, адамгершілігімен, байланыстырған.

Фарабидің қағидалары бойынша кемел өлең диалогикалық берік негізге, қисынға сүйеніп, «екі қорытындыдан үшінші қорытынды шығаруды мұқият басшылыққа алып, соған сай тұр, яғни «бейнелеу» құралын іздеп табу керек. Нағыз, шын ақындық осы шартты бұлжытпай орындаумен сипатталады». Осыны Фараби былай өрбітеді: «Теңеу де өз көркемдік дәрежесімен ерекшеленеді. Бұл заттың, тақырыптың өзінен туындайтын, теңеуді дәл келтіру, әлде жуықтау бір-бірімен тым алшақ екі затты қосымша кейіптеу арқылы суреткерге тән тәсілмен ұқсастыру – әр бір ақынның шеберлігіне байланысты» [4, 47-б].

Қорыта келе айтқанда, Әл-Фараби: «Ақыл-парасат күші-адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және дақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш», - деп көрсетеді. Яғни, Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. «Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіріп отыруға тиіс, адам тек ақиқатты, айналадағы дүниені танып білу арқылы жетіледі»,- деп түйін жасайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абай. Энциклопедия. – А., 1995.
2. Ә.Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 2005.
3. https://e-history.kz: /ru/publications/view/2485
4. Ж.Алтаев. Философия және мәдениеттану. – А., 1998.

ӘОЖ 929 (09) 045

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Қолдасбаева Аида, «География» мамандығының 3-курс студенті
Ғылыми жетекші: Ерманова Н.І., «Қазақстан тарихы» кафедрасының оқытушысы, магистр.

Аңдатпа: мақалада Аристотелден кейінгі екінші ұстаз Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Әл-Фарабидің философиялық көзқарастары, жаратылыстану ғылымдары саласында жазған трактаттары, астрологиялық болжамдары, сонымен қоса музыка мен медицинаға ерекше көңіл бөліп, теориялық және практикалық мәні зор қорытындылар жасап, осы ғылым салаларына қосқан жаңалықтары туралы қарастырылған.

Түйінді сөздер: Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Әл-Фараби еңбектері, оқымысты-энциклопедист, астроном және астролог, медицина.

Әбу Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Әл-Фараби ерте орта ғасырдағы ұлы ғұламалардың бірі болып табылады. Ол – көпжақты оқымысты-энциклопедист және шығыс рационализмін қалыптастырғандардын бірі. Осы себепті оған «Аристотелден кейінгі екінші ұстаз» деген құрметті атақ берілген. Әл-Фарабидің, бір кездері Орта Азияның ертедегі мәдени орталығы болған қала Отырарда туылғаны тарихтан белгілі. Әл-Фараби осы Отырарда, өзінің ана тілі қыпшақ тілінде білім алады. Фарабидің еңбегі мен әрекет дәуірі араб мәдениетінің даму дәуірімен тұстас келді. Әлемнің атақты оқымыстылары, философтары, ақындары, музыканттары, Бағдатқа жиналып, онда

ғылым академиясы мен университет ашады. Бағдат оқымыстыларының арасында Орталық Азия мен Қазақстаннан шыққандар құрметті орындарды иеленді. Солармен бірге Бағдатқа – білімнің барлық саласынан; музыкадан бастап астрономияға дейін хабары бар Фараби де келді. Фараби тіл ғылымының, калеграфияның, лингвистиканың, өлең құрастырудың, риториканың ірі теоретигі ретінде танылды. Сауатты жазу, каллиграфия, өлең жазу риторикадан трактовкалар жазды.

Әбу Насыр Әл-Фараби – жан-жақты дамыған музыкант, әрі композитор, мәнерлеп орындаушы әрі теоретик, тарихшы, музыкалық аспаптарды жасаушы шебері болды. Оның көптомдық «Музыка туралы үлкен трактат» деген шығармасы көптеген тілдерге аударылған.

Фараби трактаттары біздің заманымызға дейін аса жоғары бағаланады. Фараби геометрияны барлық жаратылыстық – философиялық ғылымдардың негізі деп қарады. Ұлы идеяны «Философияны меңгерудің қажетті шарттары» деген трактатында анық келтірген.

Философия саласында Фараби өз заманындағы теңдесі жоқ тұлға саналды. Оның негізгі көзқарасы – рационалдық. Оның философиялық еңбектерінде Аристотель, Платон және басқа ертедегі данышпандардың философиялық еңбектеріне коментарийлер жазуға көп орын берілген. Фарабидің тамаша, өте бағалы еңбегі «Даналықтың маржандары» деген трактаты 1000 жылдан бері Шығыс университеттерінің оқулық құралы болып келеді [1].

Ғұламаның ғылыми-философиялық еңбектерін байыптап қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз. Ол – Шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты. Ғалым дене тәрбиесі мен адамгершілік тәрбиесінің ұқсастығына, оның бір-біріне тигізетін әсеріне ерекше мән берді. Жас ұрпақтың сана-сезімін қалыптастыру үшін үш нәрсенің ерекшелігін жүйелеп, дәйектеп алуы шарт:

- Баланың ішкі ынта-ықыласы мен құмарлығы;
- Ұстаздың шеберлігі және ар тазалығы;
- Сабақ процесінің алатын орны.

Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің «Риторика», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу» туралы трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық білім категорияларының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп берді.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің жаратылыстану саласында жазған трактаттары да, бұл салаға қосқан жаңалықтары да қыруар. Ғұлама ежелгі гректің ұлы астрономы Клавдий Птоломейдің еңбектерін түсіндіре, кемелдендіре отырып, өз тарапынан да теориялық (математикалық), практикалық мәні зор қорытындылар жасады. Мысалы, ол тұңғыш рет Шолпан планетасының Күннің бетін басып өтуін бақылайды, «Астрологиялық болжамдарда не дұрыс, не теріс» деп аталатын трактатында ғұлама ғылыми астрономияны, жұлдыздардың орны, түр-түсі, қозғалысы, т.б. көрінерлік қасиеттеріне сүйеніп, жер бетіндегі оқиғалардың, адам өмірінің болашағын алдын-ала болжауға болады дейтін дүдәмал, күмәнді ғылымсымақты астрологиядан бөліп қарайды. Астроном және астролог ретінде Фарабидің беделі жоғары болды, ол бұл ғылымдарды арифметика, геометрия, музыка сияқты жоғары педагогикалық ғылымдар категогриясына жатқызды.

Физика мен жалпы жаратылыстанудан жазған Фараби еңбектері белгілі. Жалпы физикалық және жаратылыс құбылыстарын зерттеуде ол эксперименттер жасау қажеттілігін атап көрсетеді. Физикалық құбылыстарды талдайтын еңбегі оннан асады. Оның таразы туралы, механизмдер туралы, оптика мен бос кеңістік (вакуум) туралы көптеген құнды тұжырымдары әлемге әйгілі. Ол механикаға математика мен геометрия

әдістерін жан-жақты пайдаланды, тәжірибені логикалық терең ойлау нәтижелерімен ұштастырды. Астрономияда күн апогейі орнының тұрақты болмайтынын өз тәжірибесі арқылы бақылап анықтаған. Сәуленің таралуын геометрия оптика заңдылықтарымен дәлелдеп береді. Сәуленің жиналу, сыну, тарау, шоғырлану заңдылықтарын геометриялық дәл әдістермен тапқан. Әбу Наср Әл-Фарабидің шұғыла туралы түсінігі Еуропа ғылымына XVII ғасырда ғана мәлім болды. Оны неміс астрономы И.Кеплер арабшадан аударып «фокус» атаған. Мұны Әбу Наср Әл-Фараби сегіз ғасыр бұрын «күйдіру», «оттық орын» мәнінен шығарып «мұхарақ» атаған. Ол өз қолымен ойыс айна, яғни парабола, линза жасап, мұны ғылымда қолданған да болатын [2].

Фараби географияға көп көңіл бөлді. Саяхатшы ретінде ол, Қазақстан мен Орталық Азияның, Таяу Шығыстың, Африканың көптеген ғылыми және мәдени орталықтарында болды. Оның Отрарда, Талас, Шаш, Самарханд, Бухара, Хива, Кабул, Бағдат, Дамаск қалаларында болғаны құжат түрінде белгілі. Барлық елдер мен қалаларда, Фараби жаратылыс зерттеушісі, географ және астрорном ретінде аймақты оқып үйренді, орынның координаталарын анықтады, т.б. Жаратылыстануға Фараби басты мән берді. Ол, «қандай да бір педагогикалық ғылымға қарағанда, табиғат туралы ғылым әлдеқайда бай және кең көлемді болып келеді» деп жазды. Өзінің басқа бір еңбегінде «философияны оқып үйренуден бұрын табиғат туралы ғылымды игеру керек, өйткені бұл ғылым адамға барынша жақын, мәндері анық және оған түсінікті ғылым саласы» деп жазады.

Фараби тамаша дәрігер ретінде де белгілі. Дәрігерлік қызыметіне байланысты Фараби, сол замандағы басқа да дәрігерлер сияқты, алхимиямен, ботаникамен, минерологиямен айналысады. Ғылымның бұл салаларының бәрі жаратылыстану құрамына кіретін. Әл-Фараби өмір сүрген заманда жаратылыстану ғылымының дамыған саласының бірі медицина болды. Оны сол кезде «емдеу шеберлігі ғылымы» деп атады. Ол «Медицинаның міндеті – тек адам ауруларының себептерін анықтап қоймай, адамның денсаулығын сақтау жолдарын, ауруды жою жағын да зерттейді» - деп көрсеткен. Әл-Фарабидін медицинаға ерекше көңіл бөліп адам ағзасының (организмінің) кейбір тұстарын зерттегенінен мысал келтірейік: «Қайырымды кала» еңбегінде жүрек туралы өте құнды пікірлер айтқан, мысалы, «жүрек – табиғи жылылықтың көзі». Басқа мүшелерге жылылық нақ осыдан тарайды, олар жүректен нәр алады; «жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешкандай мүшесі билемейді» және т. б. Шынында да, жүрек жұмысы өздігінен жүзеге асады. Жүректің соғуын ешкім токтата алмайды. Әл-Фараби тек өз пікірлерін айтып қана қоймай, ұлылардың ұлысы Аристотель, К.Галеннің зерттеулеріне өз көзқарасын білдірген. Әл-Фараби – артына ірілі-ұсақты 150-ге жуық ғылыми еңбек қалдырған данышпан. Жаратылыстануға катысты «Адам ағзасындағы мүшелер», «Жануарлар ағзасындағы мүшелердің күрылысы мен қызметі» және т.б. еңбектер жазған [3].

Орта ғасырдағы медицина мен философияның дамуына «Медицина каноны» атты және басқа да еңбектерімен сүбелі үлес қосты. Ғылыми бағыттардың жіктелуіне арналған «Бесінші трактатында» адам тіршілігіндегі мидың маңызы туралы баяндай келіп, мида жүйке орталықтары мен сезімтал және козғалтқыш жүйкелер болатындығы туралы айтады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ж. Алтаев. Философия және мәдениеттану. – А., 1998.
2. Ә.Дербісәлиев. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 1995.
3. М.Бурабаев. Өшпес жұлдыздар. Ұлы ғалымдар өмірінен (VIII – XIV ғ.ғ.). – А., 1989.

ӘОЖ 94 (574) (045)

ӘЛЕМНІҢ ЕКІНШІ ҰСТАЗЫ

Қазихан Мәдина, «Ғимараттар мен ғимараттарды есептеу және жобалау» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Р.А.Сидешова, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.

Аңдатпа: мақалада Әл-Фараби еңбектеріндегі дүние, қоғам, мемлекет, адамдар қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар туралы, ғылымды 2 топқа бөлгені: біріншіге теориялық ғылымдар: жаратылыстану ғылымдары мен метафизиканы енгізгені, екіншіге практикалық ғылымдар – этика, фиқh, кәләм (исламдағы өзекті тақырыптарын қамтыған ғылым саласы) ғылымдарын жатқызғандығы баяндалады.

Түйінді сөздер: ғұлама, ойшыл, ғылым, теориялық ғылымдар, практикалық ғылымдар.

Шығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, музыка теоретигі, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр Әл-Фараби 870 жылы Арыс өзенінің Сырға барып құятын сағасындағы Фараб (қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданы маңайындағы ортағасырлық қала) қаласында дүниеге келді. Ғұлама ойшылдың толық аты-жөні – Әбу-Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Тархан ибн Ұзлағ Әл-Фараби. Ол әулетті отбасында өмірге келді. Оның әкесі әскери қолбасшы болған. Орта ғасырда Фараб қаласы ғылым мен мәдениеттің ордасы еді. Мұнда Александриядан кейінгі әлемдегі ең үлкен кітапхана орналасты. Осының арқасында Әл-Фараби ондағы құнды қолжазбалар және кітаптармен танысуға мүмкіндік алды. - Ғалымның жастық шағы осы шаhарда өтті, - дейді «Әл-Фараби» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор Жақыпбек Алтайұлы «Әл-Фараби музейі» атты деректі фильмінде.

Ғұлама ғалым түркі тайпасынан шыққан. Бұған дәлел оның толық аты-жөнінде «Тархан» деген атаудың болуы. Оның түркі тайпасынан шығуын филология ғылымдарының докторы, шығыстанушы Әбсаттар қажы Дербісәлі растайды. «Мен араб ғалымдарының кітаптарын оқыдым. Осы күнгі араб Фарх Саад есімді ғалымның бір дерегі бар. Онда Әбу-Насыр Мұхаммед ибн Мұхаммед Тархан ибн Ұзлағ Әл-Фараби ат-Турки дейді. Яғни ол оның түркі текті екенін жазған. Ғалым ибн-Халикан да ат-Турки дегенді қосады. Ол Әл-Фарабидің түркі екенін жазады», - дейді ол сұхбаттарының бірінде [1, 14-б].

Ғалымның туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар «Барба-Фараб» деп атап кеткен. Сондықтан «әлемнің екінші ұстазы» атанған ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Тарихи деректерде Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған.

Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті. Ғалым алғашында Бұхарада, Самарқанда, одан кейін Хамадан, Бағдат, Шам, Каир, Дамаск, Александрия, Мәдина, Мекке қалаларында болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Ол жалпы теориялық ойлар әлемін жасап, өзіндік философиялық тұжырымдама ұсынды [2, 73-б].

Ол Хамада қаласында араб тілін үйренді. Одан кейін 20 жылдай Бағдат қаласында тұрып, антикалық философиямен әлемдік мәдениетпен танысты. Жалпы Әл-Фараби бір жерде тұрақтамаған. «Ол үнемі бір қаладан екінші қалаға саяхат жасап, білімін шыңдаған. Ғұлама ойшыл бар өмірін ғылым мен білімге арнады. Біздегі

мәліметтерге сәйкес, ол 70-ке жуық тілді меңгерген», - дейді профессор Жақыпбек Алтайұлы. Сондай-ақ ғұлама ойшыл медицина ғылымдарын меңгеруге де бар күшін салады. Ол біраз жыл Бағдат шаһарында ғылыми ізденістермен айналысып тұрақтап қалады. Содан кейін Шам аймағына қоныс аударып, 950 жылы өмірден өткенше сол өлкеде қалады. «Ол Дамаскіде «Қайырымды қала тұрғындары» атты атақты шығармасын жазып бітірді. Шаһар халқы ғалымды қатты құрметтеген. Әл-Фараби қайтыс болғанда халық оны үлкен құрметпен ақтық сапарға шығарып салды. 950 жылы 80 жастағы ғұлама ойшыл Дамаскідегі патшалар мазарында жерленді», - дейді «Әл-Фараби» ғылыми-зерттеу орталығының директоры.

Әл-Фараби білімге деген құштарлығының арқасында Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанды. Ол 150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар жазып қалдырды. Ғалым философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономияны зерттеді. Ғұлама ойшыл ғылымды 2 топқа бөлген:

Бірінші: теориялық ғылымдар. Бұл топқа жаратылыстану ғылымдары мен метафизиканы енгізген.

Екінші: практикалық ғылымдар. Бұл топқа этика, фиқһ, кәләм (исламдағы өзекті тақырыптарын қамтыған ғылым саласы) ғылымдарын жатқызған.

Ғылыми еңбектерінің ең әйгілісі – «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары жайлы трактат» («Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы» Ғалым қала басшыларын «қайырымды және надан» деп екіге бөледі. Ол кезде қала-мемлекет болған. Оның тұрғындары қай кезде бақытты болады? Ғалымның пікірінше, бұл шаһардың әкімдеріне байланысты. Егер әкім білімді, әділ, ойы таза болса, барлық қала тұрғыны бақытты болады. Ал қаланың әкімі надан болса, өтірік айтса, шаһардың адамдары бақытсыз болады. Әл-Фараби шын бақытқа жету үшін адам үнемі ізденуі керек дейді. Сондай-ақ адамның мінез-құлқы да жақсы болуы керек», - дейді Жақыпбек Алтайұлы «Әл-Фараби - өркениет философы» деректі фильмінде.

Сонымен қатар Әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен трактат» деген шығармасы әлемнің көптеген тіліне аударылған.

Әл-Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», бірінші және екінші «Аналитика», «Топикасы» және тағы басқа да еңбектерін түсіндірген [3].

Ғалым Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғалымдардың шығуы», «Бақытқа жету», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» сынды көптеген философиялық еңбек жазды. Бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар туралы баяндайды.

Мысалы, Әл-Фараби «білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді» деп ескертеді [4].

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Алайда бүгінгі күні қоғамда ғалымның ұлтына байланысты сан алуан пікір бар. Осы орайда шығыстанушы Әбсаттар қажы Дербісәлі бұл мәселені де түсіндірді: - Бұл кісіні «қазақ» деп жазады. Оны «өзбек, тәжік» деп айтады. Ол – қате. Бұл кісі өмір сүрген уақытта біздің халқымыз жеке ұлт ретінде тарих сахнасына көтерілген жоқ. Сондықтан Әл-Фараби – түркі текті. Бұл мәселеге академик Гафур нүкте қояды. Ол «Әл-Фараби өмір сүрген

уақытта қазақ, өзбек деген болған жоқ. Бірақ Әл-Фараби қазақ жерін мекендеген түрік тайпасынан шыққан. Бұл тайпа кейін қазақ халқының құрамына енді. Сондықтан қазақ халқының перзенті деуге негіз бар деп жазды», - дейді ғалым Qareket бағдарламасында [1].

«Әл-Фараби» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор Жақыпбек Алтайұлы шығыстанушы ғалымның сөзін толықтырды: - Орта ғасырда Әл-Фарабидің ұлтын нақты айту үлкен бір қателік болар еді. Себебі, ол тұста ұлттардың қалыптаспаған тұсы. Әл-Фарабиді түркі дүниесіне ортақ, мұсылман әлемінен шыққан ұлы жерлесіміз деп нақты айта аламыз, - деп түйіндеді сөзін ол.

Қашықтасың туған жер - қалың елім,
Не бір жүйрік болдырып жарау деген.
Шаршадым мен.
Қанатым талды менің,
Шаңқыт жолға сарылып қарауменен.

Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.

Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Әкімдікке куллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,
Жаным менің түршігіп, түнереді.

Кайтейін мен көкжиек кеңдгімді.
Келер күнге үмітпен жол ашамын.
Қос шөлмекпен өткіздім өмірімді,
Соны медет етеді болашағым.

Бір шөлмекте көк сия толып турса,
Екіншіде - шарап бар жайы мәлім.
Даналықты сиямен толықтырсам,
Шарабымен шерімнен айығамын.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә.Дербісалиев. Қазақ даласының жұлдыздары. – А., 2005.
2. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар. – А.,2005.
3. Әбу Насыр Әл-Фараби. Иләһи ғылым. – А., 2007.
4. Әбу Насыр Әл-Фараби. Кіші Силлогизм. – А., 2008.

ӘОЖ 94 (574) (045)

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МУЗЫКА САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ

Төрешова Асылзат, «Тарих» мамандығының 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.

Аңдатпа: мақалада Әл-Фарабидің музыкаға қосқан үлесі және 1200 беттен тұратын «Музыканың үлкен кітабы» трактатының бөлімдеріне сөз қозғалып, музыканы тек ғылым ретінде қарастырмай, өзі аспап ойлап, тауып зерттегені және оның заманындағы өзгеде де көптеген аспаптарды зерттегені, математика мен музыканы салыстырып, бір-бірімен байланысы бар екенін айтқаны туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: кітап, аспаптар, математика және музыка, ежелгі ғалымдар.

Әбу Насыр Әл-Фараби музыка саласында да іргелі еңбектер жазып қалдырған. Музыканың теориясы мен тарихы жөніндегі зерттеулерінде Әл-Фараби көптеген ойшылдардан асып түсті. Фараби жалаң орындаушы ғана емес, аса ұлы музыка зерттеушісі, асқан теоретик болған. Әбу Насыр Әл-Фараби музыка туралы ежелгі ойшылдардың, әсіресе, антикалық классиктердің, олардың ізбасарлары мен кейінгі ғалымдардың айтқандарымен танысып шығу ниетін ұстанған. Әл-Фараби олардың еңбектерін зерттей отырып, өзінен бұрынғылардың музыкадағы барлық мәселелер мен проблемалар сұраныс қылынған көлемде толық зерттелмегенін анықтаған. Ал, оларды таныстыратын теориялар болса бұлынғыр әрі бір-бірімен байланыссыз болған, яғни олар Әл-Фарабидің шынайы таным үшін басшылыққа ұстанған критериилерін қанағаттандырмады. Нәтижесінде мәдениеттің феномені ретіндегі музыканың мүшкіл күйі, «Музыка туралы үлкен кітапты» жазып шығуға алып келген. Әл-Фарабидың музыка жайындағы шығармаларына «Ырғақтардың жіктелуі туралы кітап», «Қосымшалардың ырғақтарға қосылуы туралы кітап» және «Музыка туралы кітап» жатады. Әл-Фарабиден бұрынғылардың музыка жайында айтқандарының түсіндірмесін қамтыған. Әл-Фарабиді дүниеге танытқан музыка теориясына арналған «Музыканың үлкен кітабы» атты еңбегі [1]. «Музыканың үлкен кітабы» деп аталатын еңбегі жарық көрген соң-ақ, оны дүние жүзінің барша ғалымдары Аристотельден кейінгі «Екінші ұстаз» деп таныған. 1200 беттен тұратын бұл кітаптың екі томын француздың белгілі шығыстанушысы Р.Эрланже 1930 – 1935 ж.ж. өз тіліне аударған. Көлемді шығармасын бүкіл музыка тарихшыларының бірауыздан музыка теориясы жайлы жазылған үлкен еңбектердің қатарына қосуы тегін емес. Мәселен, француздың көрнекті музыка зерттеушісі, жоғарыда аталған Р.Эрланже: «…Фарабидің бұл салада кейіннен араб тілінде жазған авторлардан артықшылығы жер мен көктей», - десе, ағылшынның қазіргі үлкен бір музыка зерттеушісі Г.Фармер «Музыканың ұлы кітабы» Фарабиді орта ғасырлардағы музыка жөнінде жазған ең үлкен автор болды деген пікірімізді дәлелдеп отыр» деп жазады. Ғұлама бұл еңбекте математикалық тәсілдер пайдалану арқылы музыкалық дыбыстарды тұңғыш рет қағаз бетіне түсіріп, нотаны алғаш дүниеге әкелген. Қазір музыкада жеті нота болса, Әл-Фарабидің еңбегінде нота саны – 12. Сол бес нотаны әлі күнге дейін ешкім тапқан жоқ. «Музыканың үлкен кітабы» негізгі төрт бөлімнен тұрады. А.Көбесовтің жіктеуінше, олар мыналар:

а) «Музыка өнеріне кіріспе»;
ә) «Музыка өнерінің теориялық негіздері»;
б) «Музыкалық аспаптар»;
в) Музыка композициясы [2, 105-б].

«Музыканың үлкен кітабы» еңбегінің бірінші тарауы – «Музыка өнеріне кіріспе» деп аталады. Бұл тарау екі бөліктен құралды. Оның алғашқысында «музыка» атауы, оның этимологиясы мен семантикалық негіздері, музыка ілімінің сан алуан мәселелері әуенінің шығу тегі, оны шығару, орындау, сондай-ақ музыкалық теориясы туралы ұғымдар болады. Фараби жалпы музыка жайлы пікірлер айта отырып, музыка әуенімен оның қоғамдық қызметі туралы тоқтала келіп адамды ләззатқа бөлейтін әуен, эмоциялық әсер тудыратын әуен және әдеби текспен (өлшем) байланысты әуен деп үшке бөледі. Бұл кітаптың екінші бөлімінде, адам құлағына жағымды әуендер, дыбыстың табиғи сезілуі, гармония және үндестік, музыкалық тондардың әрқандай ерекшеліктері, сөз болады. Мұнда дыбыстардың табиғи ерекшеліктері музыкалық әуендері кемелдендірудің жолдары мен принциптері, музыка теориясына байланысты көптеген құнды теориялық мағлұматтар келтіріледі. Тағы бір көңіл бөлетін жай Әл-Фараби музыка мен поэзия арасындағы табиғи бірлікті мойындайды. Мұның өзі Фарабидің әндердің синкреттік сипатынан хабардар болғандығын дәлелдесе керек. Бұл біздер үшін өте құнды деректердің бірі болмақ. Яғни біздер Фарабидің поэзия өнерімен де шұғылдағандығы туралы мәлімет аламыз.

«Музыка өнерінің негіздері» деп аталатын екінші тарау да екі бөліктен тұрады. Бірінші бөлікте физикалық оның анықтамасы, дыбыс шығаратын денелер, жоғары және төмен дыбыстардың себептері, музыкалық интервАльдар-қос октава, кварта, тон, үндестік және диссонанс қатынастары үлкен, орта кіші интервАльдар жасаудың тәсілдерін, теориялық негіздерін көрсету. Тараудың екінші бөлімінде Фараби квартадан немесе аралықта пайда болатын интервалдар туралы теориялық мәселелерді қозғайды.

Еңбектің үшінші – «Музыкалық аспаптар» атты тарауы да екі бөліктен тұрады. Алғашқысы – «кең таралған музыкалық аспаптардағы тондардың қалыптасу жолдары». Мұнда Фараби, ең алымен, уд аспабының құрылысы, ашық пернелері, оған орындаушы саусақтарының орналасуы, төрт ішекті уд, соның бойында жасалатын интервалдардың арақатынасы, дыбыс қатары, жағымды тондар. Уд аспабын күйге келтірудің қарапайым және күрделі түрлері, оларды қолданудың тәсілдерін қарастырады. Тараудың екінші бөлігі тамбур аспабының ерекшеліктеріне арналған. Бағдат тамбуры, тұрақты және айналымы пернелер, әр түрлі аккордтар жайында айтылады. Содан соң Фараби Хорасан тамбурына тоқталады. Оның да сан алуан нәзік ерекшеліктеріне үңіліп, теориялық мәселелерін сөз етеді.

Кітаптың соңғы тарауы «Музыкалық композиция» деп аталады. Соңғы тарау да екі бөліктен тұрады. 1-ші бөлікте мелодияның анықтамасы, толық және толық емес топтар, топтардың кестелері, үндестік және диссонанс, эволюция, ырғақ негізгі ырғақ, соғулар, қосылушы ырғақтар, арабтардың дәстүрлі ырғақтары, мелодиялар шығару-сөз болады. Екінші бөлігінде дауыс мелодиялары, адам дауысы, фонема және фризалар, сөздің мелодияға бейімделуі, бос және толтырылған тондар, бос және толтырылған топтарды айту, аралас айту, қосылушы және ажыратушы айтыстың, түрлері, дауыс мелодияларын шығарып (композиция) айтудың басталуы мен соңы мелодияның тиімділігі (әсері), мелодиялары әшекейлеу және олардың адам сезіміне қатысты жайлы айтылады. Бұл тұста да біздер Әл-Фарабидің поэзиядан хабары бар екенін жақсы аңғарамыз. Себебі, Әл-Фарабидің поэзия және әдебиет теориясымен айналысқан, зерттелген ғылыми еңбектері жайлы мағлұматтар өте аз [1].

Ол тек музыка теориясын ғана емес музыкалық аспаптарды да қолдан жасап, сол аспаптарда керемет ойнайда білген екен. Әл-Фараби «канун» деген музыкалық аспап ойлап тапқан. Цитраға ұқсас құрал да шығарған. Оған интервал бөлімдерін өлшеп, әуендердің кемел түрін анықтайтын кескіндері бар сызғыш қойған. Ойшыл ғалым музыканың тек теориясын зерттеп қана қоймаған. Ол сондай-ақ тәжірибе жүзінде де қолданып, көптеген аспаптарда тамаша ойнаған. Оның шебер орындаушылығы жөнінде

Шығыс халықтары арасында күні бүгінге дейін айтылып жүрген көптеген аңыздар бар. Үндістанда жүрген бір күні әл-Фараби Патша әскерінің киімінін киіп алып, жай адам ретінде Үндістандағы ең атақты адам Патша Суффиудиннің үлкен соты өтетін бөлмеге кіреді. Патша өзінің бөлмесінен қарапайым адамды көріп таң қалып, ол не істеп жүрген адам,- деп білгісі келеді [2, 106-б].

Әл-Фарабидің музыкалық аспаптар жөніндегі еңбектерінің маңызды болатын себебі, ол өз заманындағы музыкалық аспаптарды зерттегендігінде еді. Олар: үрлеп тартылатын: най, сыбызғы, қыпшақ; ішекті уд, чанг, рубаб, шахруд, дутар, қобыз, танбур, канун; ұрып ойналатын: нагора, тыйбл, дойра және басқалар. Ол жазған аспаптардың кейбірі бүл күнде жоқ немесе жетілдіріле келе дәуір өзгерген. Қазақ домбырасын дүниеге келтірген асқан музыка зерттеушісі ұлы бабамыз Әбу Насыр Әл-Фараби десек біз қателеспеген боламыз. Оған бірнеше ғылыми дәлелдер, Фараби жасаған музыкалық аспаптар түрі куә бола алады. Оның шебер орындаушылығы жөнінде шығыс халықтары арасында күні бүгінге дейін айтылып жүрген көптеген аңыздар да бар.

Фараби музыкалық аспаптардың қалай шыққаны туралы былай дейді: «Сонан сон, музыканттар белгілі бір аспаптарға тоқталып, олардан адам даусымен салыстырғанда басқаша тондар мен дыбыстарды шығарып алуға болатынын білген; ол аспаптардың дыбыстары мен тондары ән дыбыстарының сапасындай болмағанымен олардың да белгілібір ләззәт туғызарлықтап қасиеті барлығы байқалып, табиғи болып естілген. Музыканттар оларды қабыл алған. ... Олар кейде ән салу ережелерінен шегініп, ол аспаптарды мүмкіндігінше ең жақсы пайда келтіре алатындай етіп пайдаланған. Осылай, дауыс еліктей алмайтын таза аспапты музыка туған. Бұған Хорасан мен Персиядағы ежелгі равасин аспабы мысал бола алады. Аспапты музыка ән салумен қосарланғанда оған үлкен күш, көп мәнер береді және оны әр түрлі жағдайларда алмастыра да алады. Сөйтіп, музыкалық жанрдың бұл екі түрі бір-бірімен тығыз байланысты» [3].

Әл-Фарабидің «Ғылымдар классификациясы» атты еңбегінде музыка ілімі туралы негізгі ойлары айқын көрінеді. Мұнда Фараби музыка теориясын бес салаға бөледі:

1. Музыка туралы ілімнің, негізгі, зерттеу объектісі, тәсілдері.
2. Музыка туралы ілімнің негіздері, тондардың өзара байланысы мен қатынасы.
3. Музыка теориясының негіздерін зерттеу тәсілдерін қолдана білу (тәжірибе)
4. Тондардың негізін құрайтын музыкалық ырғақтар табиғаты.
5. Музыкалық әуен, оны шығару жолдары (композиция).

Ислам мәдениеті музыка жайындағы ежелгі антикалық түсініктерді қабылдап, өзінің дамуындағы бастапқы кезеңдермен ұқсастық табады. Әл-Кинди ислам орта ғасыр мәдениетінде алғаш болып музыканың сфералар және бастапқы элементермен үйлесімдік байланысы жайында айтады және музыка адамның рухани қасиеттеріне әсер ететінін сөз қылады. Оның еңбектерінде музыкалық өнермен байланысты деңгейдегі түрлі құбылыстар өз көрністерін тапқан. Мысалы, уд аспабының төрт ішегі алғашқы төрт элементке, жылдың төрт мезгіліне, желдің төрт бағытына, адам денесіндегі төрт «сөлге», адам өміріндегі төрт өмір жасына т.б. сәйкес келді. Жеті үннің әрбіріне жеті планета, удтың негізгі құрлымды он екі бөлігіне – зодиактың он екі белгісі сәйкес келген.

Әбу Насыр Әл-Фарабидың «Музыка туралы үлкен кітабы» ислам әлемі музыкалық эстетикасының антологиясын ашқан. Ислам музыкасының феномені бізге VII ғ. басынан бастап, араб халифатының аймағында өмір сүрген халықтардың классикалық музыкалық дәстүрлеріне жарық түсіреді. Арабтар мен түркілердің,

парсылар мен мысырлықтардың және т.б. халықтардың музыкалық мәдени дәстүрлері осы бір ғажайып феноменді жасаған [1].

Әл-Фарабидің пікірінше, музыкатану ғылымының негізі физика немесе математика ғылымдарында жатқанымен, оның басты мақсаты – адамның, яғни тыңдаушының сана-сезімін сұлулық әлеміне жетелеу болғандықтан, ол поэзиямен үндесіп жатады. Демек, поэзиядағы мінсіз поэтика мен талғампаздықтан туындаған музыка бір-бірімен қапысыз етене үндескен жағдайда ғана оның әсерлілігі өлшеусіз болмақ [4].

Қорыта айтқанда, Әл-Фарабидің музыка саласына қосқан үлесі – ұшан-теңіз. Бір ғана «Музыканың үлкен кітабы» атты еңбегінің өзі осының айқын делелі болады. Еңбектің жазылғанына 1100 жылдан астам уақыт өтсе де, музыка зерттеу ғылымы үшін өзінің құнын жоймаған. Сонымен қатар, ғалымның музыкалық тәрбие, білім беру жөніндегі көзқарастары да назар аударарлық: «Біз музыкалык, өнердін, табиғи дарындылық түрінде туатынын, дамитынын және осылай өзінің кемеліне келетінін түсіндірген болатынбыз. Енді біз музыкалық дарынға оқудың, үйренудің, машықтанудың арқасында қалай жетуге болатынын көрсетеміз» [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1. http://www.rusnauka.com: А.Таскалиева. Әл-Фараби музыка әлемінде.
2. Исахметұлы Ж., Даутбаев М. Фараби трактаттарындағы білім, тәрбие мәселелері // Ақиқат. №6. – 105,106-б.б.
3. https://martebe.kz: Фараби және музыка мәселелері.
4. https://adebiportal.kz: А.Байтанұлы. Музыканың ұлы теоретигі.

ӘОЖ 94 (574) (045)

ҒҰЛАМА, ОЙШЫЛ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ

Канатова Ақгүл, «Ғимараттар мен ғимараттарды есептеу және жобалау» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Сидешова Р.А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.

Аңдатпа: мақалада әлемде екінші ұстаз атанған Әбу Насыр Әл-Фараби ғұлама ойшыл, математик, астролог, ғалым грек ойшылы Аристотельдің «Риторика», «Метафизика», т.б еңбектерін түсіндіргендігі, оның идеясын дамыта отырып, өзі де философиялық еңбектер жазғандығы, педагогика, философия, медицинаның дамуына да үлес қосқан Шығыстың ғұлама ойшылы туралы баяндалады.

Түйінді сөздер: Әбу Насыр Әл-Фараби, ғалым, ойшыл, трактат, медицина.

Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби (870-950ж ж.) қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы аумағында көне Отырар қаласында дүниеге келген. Қыпшақ даласынан шыққан ойшыл, күллі шығыс елдеріне таныс болған данышпан ұлы ғұлама энциклопедист, ғалым, философ, математик, астролог, музыка теоретигі. Түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшhүрі, «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама. Оның заманы «Жібек жолы» бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезінде дәл келді. Әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, Араб елдері қалаларына жиhанкездік сапарлар жасап, тез есейді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлерімен танысып,

сұхбаттасты. Ғұлама ғалым түркі тайпасынан шыққан. Бұған дәлел оның толық аты-жөнінде «Тархан» деген атаудың болуы [1].

«Ол әулетті отбасыда өмірге келді. Оның әкесі әскери қолбасшы болған. Орта ғасырда Фараб қаласы ғылым мен мәдениеттің ордасы еді. Мұнда Александриядан кейінгі әлемдегі ең үлкен кітапхана орналасты. Осының арқасында Әл-Фараби ондағы құнды қолжазбалар және кітаптармен танысуға мүмкіндік алды. Ғалымның жастық шағы осы шаһарда өтті», - дейді «Әл-Фараби» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, профессор Жақыпбек Алтайұлы «Әл-Фараби музейі» атты деректі фильмінде.

Ғалымның туған жері қазақтың ежелгі қаласы Отырарды арабтар «Барба-Фараб» деп атап кеткен. Сондықтан «әлемнің екінші ұстазы» атанған ойшыл Әбу Насыр Әл-Фараби, яғни Фарабтан шыққан Әбу Насыр атанған. Тарихи деректерде Отырар қаласы IX ғасырда тарихи қатынастар мен сауда жолдарының торабындағы аса ірі мәдениет орталығы болған [2].

Әбу Насыр бала күнінен ғылымға үйір болып өсті. Ғалым алғашында Бұхарада, Самарқанда, одан кейін Хамадан, Бағдат, Шам, Каир, Дамаск, Александрия, Мәдина, Мекке қалаларында болып, білімін үнемі жетілдірумен болды. Ол 150-ге жуық философиялық және ғылыми трактаттар жазып қалдырды. Ғалым философия мен логика, саясат пен этика, музыка мен астрономияны зерттеді. Әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен трактат» деген шығармасы әлемнің көптеген тіліне аударылған. Ғалымның эстетикалық көзқарастарын түсінуде, Еуропада ортағасырларда танымал болған және музыка теориясының дамуына ерекше ықпал еткен оның «Музыка туралы үлкен кітабы» ең маңызды тарихи мағұлматтар көзі болып табылады. 3 1967 жылы ғана «Музыка туралы үлкен кітап» Каирда толық ескертулермен және алғысөзбен (көлемі 1200 беттен асады) түпнұсқа тілінде жарық көрді. Әл-Фараби философия саласы бойынша грек ойшылы Аристотельдің «Категориялар», «Метафизика», «Герменевтика», «Риторика», «Поэтика», бірінші және екінші «Аналитика», «Топикасы» және тағы басқа да еңбектерін түсіндірген.

Ғалым Аристотельдің әлеуметтік-қоғамдық идеяларын дамыта отырып, өз тарапынан да «Кемеңгерлік меруерті», «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы», «Мәселелердің түп мазмұны», «Ғалымдардың шығуы», «Бақытқа жету», «Азаматтық саясат», «Мемлекеттік қайраткерлердің нақыл сөздері» сынды көптеген философиялық еңбек жазды. Бұл еңбектерде дүние, қоғам, мемлекет, адамдардың қатынастары туралы заманнан озық тұрған пікірлер, пайымдаулар туралы баяндайды.

Мысалы, Әл-Фараби «білімсіз адамгершілік молаймайды, білімсіз адам өзгенің абзал қасиеттерін тани алмайды. Жан-дүниені тәрбиелемей үлкен жетістікке жету жоқ. Ғылым мен тәрбие ұштасса ғана рухани салауаттылыққа жол ашылмақ. Мінез-құлқын түзей алмаған адамның ақиқат ғылымға қолы жетпейді» деп ескертеді.

Әбу Насыр Әл-Фараби ежелгі гректің ұлы астрономы Клавдий Птоломейдің еңбектерін түсіндіре, кемелдендіре отырып, өз тарапынан да теориялық, практикалық мәні зор қорытындылар жасап, соны идеялар, пікірлер айтады. Мысалы, ол тарихта тұңғыш рет Шолпан планетасының Күннің бетін басып өтуін бақылайды, «Астрологиялық болжамдарда не дұрыс, не теріс» деп аталатын трактатында ғұлама ғылыми астрономияны, жұлдыздардың орны, түр-түсі, қозғалысы, т.б. көрінерлік қасиеттеріне сүйеніп, жер бетіндегі оқиғалардың, адам өмірінің болашағын алдын-ала болжауға болады дейтін дүдәмал, күмәнді ғылымсымақты астрологиядан бөліп қарайды.

Ғұламаның ғылыми-философиялық еңбектерін байыптап қайта қарау барысында оның педагогика тарихындағы ұлы тұлғалардың бірі болғандығын көреміз.

Ол – шығыс елдерінде тұңғыш сындарлы педагогикалық жүйе жасаған ағартушы оқымысты.

Әбу Наср Әл-Фараби. өзінің «Риторика», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу» туралы трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық білім категорияларының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп берді [2].

Этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі тұжрымыдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді. Фараби жасаған қортындының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Фарабидің идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби көркемдік, сұлулық хақында былай дейді: ол өмір шындығының өзіне тән қасиеті, болмыстың, нақты құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік – тән мен жан қасиеттерінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды.

Орта ғасырдағы медицина мен философияның дамуына «Медицина каноны» атты және басқа да еңбектерімен сүбелі үлес қосты. Ертеде және орта ғасыр да философиялық және медициналық білім бірімен-бірі тығыз байланысты болған. Әл-Фарабидің медицина ғылымдарының теориялық мәселелерін терең білгендігі оның еңбектерінен белгілі. Әл-Фараби өмір сүрген заманда жаратылыстану ғылымының дамыған саласының бірі медицина болды. Оны сол кезде «емдеу шеберлігі ғылымы» деп атады. Ол «Медицинаның міндеті - тек адам ауруларының себептерін анықтап қоймай, адамның денсаулығын сақтау жолдарын, ауруды жою жағын да зерттейді» - деп көрсеткен. Әбу Насырдың Платон және Аристотель философиясындағы идеяларға арналған кітабы оның философия саласындағы аса көрнекті ғалым екенін әрі философия пәнін терең меңгергенін дәлелдейді [3].

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды. Фараби адамзат құрметі үшін интеллект өте қажет нәрсе деп есептейді [4].

Әбу Насыр әл-Фараби мұраларының Қазақстанда түбегейлі зерттелуі XX ғасырлардың 60-жылдарында ғана қолға алынды. Оған алғаш бастамашы болған қазақ ғалымдары Ақжан әл-Машани мен Қаныш Сәтбаев еді. Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1100 жылдығына орай шығарылған ЮНЕСКО шешімі бойынша 1975 жылы Алматыда халықаралық конференция өткізілді.

Биыл елімізде Шығыстың ғұлама ойшылы, математик, астролог, музыка теоретигі, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз атанған Әбу Насыр Әл-Фарабидің 1150 жылдық мерейтойы аталып өтілуде.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. П.М.Сүлейменов Әл-Фараби және қазақ халқының рухани мұрасы. – А., 2011. – 197-б.
2. Әл-Фараби және қазіргі заман. – А., 2014. – 231-б.
3. Әбу Насыр әл-Фараби. Иләһи ғылым. – А., 2007.
4. Тоғысбаев Б., Сужикова А. Тарихи тұлғалар. – А., 2005.

ӘОЖ 929(09) 045

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫ

Хожаева Нурзия, «География» мамандығының 3-курс студенті
Ерманова Н.І., «Қазақстан тарихы» кафедрасының оқытушысы, магистр.

Аңдатпа: мақалада түркі ойшылдарының ең атақтысы – Әбу Насыр Әл-Фарабидың шығармашылық жолы, әлемнің екінші ұстазы атанған ғұламаның философиялық көзқарастары мен өз заманындағы ғылымның барлық салаларына, әсіресе, математика, астрономия, физика, жаратылыстану ғылымдарына көп көңіл бөлгендігі, ғылымның түрлі салалары бойынша қалдырған көптеген мұралары туралы қарастырылған.

Түйінді сөздер: медицина, астрономия, жаратылыстану ғылымдары, этика, эстетика.

Әбу Насыр Әл-Фараби – түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшhүрі, «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама. Оның заманы «Жібек жолы» бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Әбу Насыр Әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларына жиhанкездік сапарлар жасап, тез есейді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасты. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып қалдырды.

Фарабидің шығармаларында көне грек оқымыстыларының, әсіресе, Аристотельдің еңбектеріне талдау жасағандығын байқауға болады. Арабтың атақты ғалым-географы ибн-Хаукал өзінің «Китаб Масалик уә мамалик» атты еңбегінде және 13 ғасырлырда өмір сүрген ибн-Халликан өзінің «Уфиат әл-аиан фи әл-Заман» атты еңбегінде Әбу Насыр Әл-Фарабидің арғы аталарының аттары (Тархан, Ұзлақ) таза түркі тілінде келтірілген. Болашақ ғалым алғашқы сауатын туған жерінде өз тілімен ашса да, 12-16 жас шамасында керуенге ілесіп, білім іздеп Бағдатқа кетеді. Әбу Насыр Әл-Фараби дүниеге келгенге дейін 126 жыл бұрын түркілердің үлкен мәдени орталығы болған Фараб қаласы бейбіт жолмен ислам дінін қабылдаған болатын. Ол кез санасы ашық әрбір мұсылманға ислам діні ғылымымен шұғылдануды парыз еткен. Осы кезден бастап Әбу Насыр Әл-Фараби араб тілді ғалым болып есептеле бастады [1].

Ұлы ойшыл философияға үлкен мән берді, оған көп үміт артты. Ол философияны қоғамды оятатын зерде, парасат шамшырағы, халықты әділетті қоғамға жеткізетін негізгі бағыт, ұрпақтар арасындағы рухани-мәдени сабақтастықты ғасырларға жалғастыратын құрал, әлеуметтік-этикалар күрделі мәселелердің шешімін, уақыт талаптарының жауабын табатын әдіс деп түсінді. Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің философия көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол дүниенің мәңгілігін мойындады, танымның болмысқа тәуелділігін растады, ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын құдіретті Алладан, аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен, ақыл-парасаттан, адамның жан-дүниесінен, түр мен материя арақатынасынан іздеді. Аристотель қағидаларынан өз дүниетанымына жақындарын қабылдады және оны осы тұрғыдан түсіндірді. Әбу Насыр Әл-Фарабидің философиялық көзқарасын тарихи жағдайда, оның өз дәуірімен байланысты қарағанда ғана терең түсінуге болады. Орта ғасырларда философиялық ойдың дамуы діни ілім негіздеріне сүйенді. Демек, Әбу Насыр Әл-Фарабидің философиялық ілімін де өз

кезеңінің діни түсініктері тұрғысынан қарастырған лазым. Бірақ ол бұл түсініктерді философиялық тұрғыдан дамытты. Ол, әсіресе, «Аспан астындағы дүние» ілімінен неғұрлым айқын көрінеді. Бұл Аристотельдің жасампаз ақыл жөніндегі көзқарасын әрі қарай дамыту еді. Жасампаз ақыл – тек «аспан астындағы дүниенің» қозғалыс себебі ғана емес, өз алдына логос. Осы дүниенің заңдылығы – жер бетіндегі дүниеге іштей тән ақыл. Жеке адамның ақылы әлемдік санамен ұштасса ғана дамиды. Соңғысы, яғни әлемдік сана – мәңгі. Адам болса дүние салады, өткінші. Осыдан барып жанның мәңгі екенін және басқа жаққа ұшып кетуін бекерге шығару туады, мұның өзі діни қағидалар мен философияның арасындағы күреске тиек болған тезис еді.

Ғұлама философияның 9 қағидасын оқып-білу қажеттігін ескертеді. Мұндағы мақсат – тұтастықты, ақиқатты, ізгілікті, жаңа игілік көздерін іздестіру, соған қол жеткізу. Философ адамды өз болмысын өзі танып білуге тәрбиелеу ісіне үлкен мән берді. Бұл мәселені логикалық, этикалық, педогогикалық, тілдік тұрғыдан кеңінен саралап, бұларды бір-бірімен өзара сабақтастықта қарастырады. Рухани жоғарғы мақсат нышандарын адамдарды өзара байланыстыратын бастаулардан – жан-дүние үндестігінен, әдеміліктен, қайырымдылықтан, бақыттан іздестіреді. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы», «Мемлекет қайраткерлерінің қанатты сөздері» және т.б. саяси-әлеуметтік трактаттарында қайырымдылық пен бақыт мәселесіне кеңірек тоқталды. Қайырымдылық дегенде ақыл-ой, әділдік, бақыт және теңдік идеяларын құптаған ежелгі ойшылдар дәстүріне сүйенді. Тек бақыт туралы нақты білімі бар, оған жету жолдарын айқын білетін, соған сәйкес әрекет жасайтын қауым ғана қайырымдылыққа икемді екенін ескертті.

Әбу Насыр Әл-Фараби адам міндетті түрде адал ниетті болу керек деп есептейді. өйткені жақсы істер істеп, мұның төлеуін күтсе, адам бұл істерін жамандыққа айналдырады. Жетік философ теориялық ғылымдарды да білуге, бұл ғылымдарды басқа ғылымдарда да қолдана білуге тиіс. Платон мен Аристотель нағыз философқа әкімнің міндеттері жүктелуге тиіс деп санады, бірақ Платонның пікірінше философ өзгермейтін ақиқаттарды меңзеп, мемлекетті басқаруды жоғары мақсатқа жетуге бөгет жасайтын ауыртпалық деп есептейді, ал Әбу Насыр Әл-Фараби, керісінше, тіршілік істерден бойын аулақ салмайды, қайта адамдардың ақиқатқа жету жолына түсуіне көмектесуге тырысады. Бұл арада ол дін мен философияны салыстырады. Оның пікірінше дін философияға ұқсас: екеуі де жоғары принциптерге, бір заттардың бастамаларына түсінік береді. Бірақ философия дәлелдеуді, дін сенуді керек етеді. Заң шығарушы өте жақсы пайымдаудың арқасында адамның мүдделеріне сай келуге тиіс заңдарды дұрыс жүзеге асыра алады [2].

Әбу Насыр Әл-Фараби өз заманындағы ғылымның барлық салаларынан, әсіресе, математика, астрономия, физика, жаратылыстану ғылымдарынан көп мұралар қалдырды. «Ғылымдар тізбегі» деген еңбегінде сол кездегі ғылымды үлкен-үлкен бес салаға бөледі:

1) тіл білімі және оның тараулары;
2) логика және оның тараулары;
3) математика және оның тараулары;
4) физика және оның тараулары, метафизика және оның тараулары;
5) азаматтық ғылым және оның тараулары, заң ғылымы және дін ғылымы.

Ғалым бұл ғылымдардың бәрінің пәнін анықтап, қысқаша мазмұнына тоқталады. Әбу Насыр Әл-Фараби математик ретінде өзара тығыз байланысты үш салада еңбек еткен. Олар:

1) математиканың методол. мәселелері (математикалық ғылымының пәні, негізгі ұғымдары мен әдістерінің шығу тегі),

2) математикалық жаратылыстану,

3) математиканың кейбір нақты тарауларын жасауға қатысуы.

Әбу Насыр Әл-Фараби математиканы жеті тарауға бөледі (арифметика, геометрия, оптика, астрономия, музыка, статика, механика – әдіс айла жөніндегі ғылым). Ол – алгебраны математиканың дербес бір саласы ретінде қарастырып, алгебра пәнін алғаш анықтаған оқымыстылардың бірі. Осыған байланысты Әбу Наср Әл-Фараби сан ұғымын оң нақты сан ұғымына дейін кеңейту туралы аса маңызды идея ұсынды. «Ғылымдардың шығуы» деп аталатын трактатында математиканың шығу тегі мен себептерін ашуға тырысады.

Сонымен қоса, Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің «Риторика», «Поэзия өнері туралы», «Бақытқа жол сілтеу» туралы трактаттарында этикалық, эстетикалық мәселелерге көңіл бөліп, көркемдік, сұлулық, бақыт, мейірбандық білім категорияларының бетін ашып, солардың негізін дәлелдеп берді. Этиканы ол, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады. Сондықтан оның этика жөніндегі тұжрымыдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Ғұламаның этикалық ойларынан терең гуманизмнің лебі еседі, ол адам баласын жаратылыстың, бүкіл жан иесі атаулының биік шоқтығы, сондықтан да оны құрметтеу, қастерлеу керек деп түсінеді.

Фараби жасаған қортындының басты түйіні – білім, мейірбандық, сұлулық үшеуінің бірлігінде. Фарабидің гуманистік идеялары әлемге кең тарады. Ол ақыл-ой мен білімнің биік мәнін дәріптеді. Фараби көркемдік, сұлулық хақында былай дейді: ол өмір шындығының өзіне тән қасиеті, болмыстың, нақты құбылыстардың, әлеуметтік өмірдің көкейдегі елесі. Көркемдік – тән мен жан қасиеттерінің сұлулығын көрсететін белгі деп санайды [3].

Қорыта келе, дүние жүзінің көптеген ғалымдары Әбу Насыр Әл-Фарабидің өмірі мен шығармаларын орта ғасырларда-ақ зерттей бастаған. Міне, ол бүгінге дейін жалғастырылып келеді. Әл-Фараби: «Ақыл-парасат күші-адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнерді ұғынуына және дақсы қылық пен жаман қылықты айыруына көмектесетін күш»,- деп көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. А.Машанов. Әл-Фараби: тарихи-деректі кітап. – А., 1970.
2. Әл-Фараби және Абай. – А., 1994.
3. М.Бурабаев. Өшпес жұлдыздар. Ұлы ғалымдар өмірінен (VIII – XIV ғ.ғ.). – А., 1989.

ӘОЖ 94 (574) (045)

ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Тітірбаева Фарида, «Педагогоика және психология» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші:Өтесова Г.Е., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы.

Аңдатпа: мақалада Әл-фараби мұрасын әр кезеңдерде зерттеген қазақстандық және әлем ғалымдарының Әл-Фараби мұрасына қатысты еңбектері айтылған ойлары жан жақты сөз болады.

Түйінді сөздер: Әл Фараби, зерттеу, ғалым, әдебиет, мұра.

Әл-Фараби – көрнекті ойшыл, өзінің замандастарының арасындағы ең ірі ғалым, философ және шығыс аристотелизмінің ең ірі өкілі. Оның есімі дүниежүзі мәдениеті мен ғылымының тарихынан берік орын алады. Биыл әлемнің екінші ұстазы Әл-Фарабидың туғанына 1150 жыл толып, ЮНЕСКО көлемінде аталып өтті. Осыған орай Әл-Фарабиды зертеп жазған ғалымдар туралы әңгіме қозғасақ. Дүниежүзі ғалымдары Әл-Фарабиді Шығыстың Аристотелі деп атағаны баршаға аян. Артында қалған ғылыми мұрасы өте мол. Ұлы ойшылдың қаламынан екі жүзге жуық трактаттар дүниеге келген. Оның қаламына арқау болған ғылым салалары: философия мен логика, математика мен физика, астрономия мен ботаника, тіл мен әдебиет, медицина мен музыка. Осы еңбектерінің ішінде философия мен әлеуметтану, этика мен эстетика мәселелері ерекше орын алады деп айтуға болады.

Түрік ғалымы Ахмад Аташтың «Әл-Фараби еңбектерінің тізімі» (Стамбул, 1950 ж.) атты библиографиясында Әл-Фарабидің 160 кітабы атап көрсетілген. Бұл кітаптың маңыздылығы сол, онда Әл-Фараби еңбектерінің қай елде, қай жерде, қандай түрде, қандай нөмірмен тіркелгені айтылады. Кеңестік дәуір ғалымдары: Е.Э.Бертельс араб әдебиеті тарихын сөз ете отырып, орта ғасырда өмір сүрген арабтың атақты ақындары мен тарихшыларының еңбектерінде Әл-Фараби үлкен ақын болған және оның көп өлеңдері бар деген болжамдарын баяндайды. С.Н.Григорян мен А.В.Сағадеев Әл-Фараби философиясының тарихи қайнарын, оның философиясының маңызы мен мәнін, трактаттарының эстетикалық қырларын саралап, ғұламаның кейбір еңбектерін аударып, ғылыми жұртшылыққа таныстырады. М.Хайруллаевтің «Мировоззрение Фараби» атты монографиясы әл-Фараби философиясы турасында жазылған алғашқы ауқымды зерттеу еңбек деп атап көрсетіледі [1, 2].

Қазақстанда Әл-Фараби мұраларын зерттеп, саралау XX ғасырдың II жартысынан бері қарай жолға қойылды деп шамалауға болады. Қазақ ғалымдарының ішінде алғашқы қазақ фарабитанушысы А.Машанов болды. Ақжан Жақсыбекұлының баға жетпес, ерлікке пара-пар келетін, еңбегі – ұлы бабамыз Әл-Фарабидің қазақ топырағында туып қана қоймай, қаны түркі екендігін дәлелдеудегі, оның еңбектерімен ұрпағын сусындату және насихаттаудағы теңдессіз қызметі. Ақанның арқасында Әл-Фараби сынды ұлы ғұламаның рухы, есімі өз Отаны қазақтың қара топырағына қайта оралды. Бұл жолда жер жүзі елдерінің кітапханаларында шашырап жатқан Әл-Фараби еңбектерін жинап, 1969 жылы бабамыздың Дамаск қаласынан бейітін тапқан да Ақаң еді.

Әл-Машани қаламынан ұлы бабамызға арналған «Әл-Фараби мұрасын зерттеу туралы», «Шығыстың Аристотелі», «Әл-Фараби еңбектерін қазақ тіліне аудару туралы», «Әл-Фараби», «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары», «Әл-Фараби және Абай» сияқты көптеген кітаптары жарық көрді [2, 3].

Әл-Фараби мұраларын жинауға ат салысқан, оның философиялық трактаттарының жауапты редакторы болған Ш.Е.Есенов, кезінде Қазақ КСР Ғылым академиясы жанынан Фарабитану тобын құру жайында бастама көтергендердің бірі Ә.Марғұлан, Әл-Фарабидің математикалық, астрономиялық, педогогикалық мұраларын зерттеп, оқырман қауымға таныстыруда көп еңбек сіңірген ғалым А.Көбесов және ұлы ойшылдың мұраларын зерделеу барысында Фараби аттас басқа да ғалымдардың бар екенін және олардың еңбектерін саралай келе «Әл-Фараби эстетикасы» және «Қазақ даласының жұлдыздары» (I тарау) атты Әбу Насырға байланысты көлемді еңбек жазған белгілі арабтанушы-ғалым Ә.Дербісалі. Сондай-ақ. Ә.Әлімжанов, М.С.Бурабаев, А.Х.Қасымжанов, Н.Келімбетов, М.Мырзахметов және басқа да ғалымдар Әл-Фараби мұраларын зерттеуді өз ғылыми жұмыстарына арқау етсе, Қ.Жарықбаев Әл-Фараби еңбектерінің библиографиясын жасады. Қазіргі таңда Фараби мұраларын араб тілінен орыс-қазақ тілдеріне аударуда арабтанушы ғалым К.Х.Тәжікова үлкен жұмыс атқаруда.

Оның кейінгі аудармасы Әл-Фарабидің филологиялық трактаты «Китаб-уль-Хуруф» (Таңбалар кітабы), ал, шығыстанушы ғалым Ш.Қалиева Исмаил Әл-Жауһари Әл-Фараби еңбектерін алғаш зерттеу нысанына алса, Дамаск кітапханасында ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізе жүріп, Әбу Насыр Әл-Фарабидің қазақ ғалымдарына әлі де белгісіз жатқан ұлы ойшылдың араб тілінде жазылған бірнеше поэмалары мен өлеңдерін тапқан. Ғалым С.Төлеубаева Әл-Фараби мұраларын әдеби, лингвистикалық қырынан зерделеп, бірнеше ғылыми мақалаларын жариялады. Әл-Фараби мұралары тек зерттеуші ғалымдардың ғылыми жұмыстарына ғана арқау болып қойған жоқ, сонымен қатар, оның бейнесі қаламгер-жазушылардың да шығармаларының негізгі тақырыбы болды. Тарихи тақырыпты жүйелі түрде тереңдеп меңгерген жазушыларымыздың бірі – Әнуар Әлімжанов данышпан философ Әл-Фараби жайын баяндайтын шығарма – «Ұстаздың оралуы» атты романын жазды. Онда ақылгөй-ғалымның өмірі әр түрлі қырынан беріледі. Елімізде Әл-Фараби мен оның трактаттары жайында сан алуан ғылыми мақалалар, іргелі зерттеулер, монографиялар, көркем шығармалар жазылды. Қазіргі таңда араб тілін меңгерген ғалым ұлы бабамыздың еңбектерін аударып жатыр [3, 4].

Қазіргі кезде Әл-Фарабидің мұраларына қызығушылық тек қана біздің елде емес, әлемдік деңгейде өте үлкен қызығушылық танытып отыр. Себебі ол кісінің жазған еңбектері әсіресе жаратылыстану ғылымдары саласы бойынша әлемдік өркениеттің, ғылымның, әлемдік философияның дамуына үлкен ықпалы болған. Бұл кісідей бұрын да, кейін де даналар болды. Бірақ олардың ішінде дәл Әл-Фарабидей геометрия, музыка, астрономия сияқты үш ғылым саласына бірдей ұлы үлес қосқан аса ірі жаңалық, ашқан ғалымдарды табу қиын.

Әл-Фараби есімі көптеген Еуропа елдеріне ертеден танымал болып, XII-XIII ғ.ғ. өзінде-ақ оның философиялық трактаттары ежелгі еврей және латын тілдеріне аударылды. Бірақ Әл-Фараби мұрасын жүйелі әрі нақты зерттеу оның трактаттарының мәтіні мен аудармаларын басып шығарумен қатар, зерттеу жұмыстары XVIII-XIX ғ.ғ. ортасында шыға бастады. Ортағасырлық Еуропа классикалық ежелгі грек философиясымен көп жағдайда Әл-Фараби еңбектері арқылы танысты. Мәселен, XII ғ. кезінде оның «Ғылымдар классификасы» деген еңбегі латын тіліне екі рет аударылды. «Альфарабиуса» – «Сананың мәні туралы», «Сұрақтар негізі» және Аристотельдің «Физика», «Поэтика» еңбектеріне түсініктемелері, «Бақыт жолы туралы» және логикаға байланысты трактаттары мен басқа да еңбектері XII ғ. бастап XVII ғ. дейін латын тіліне бірнеше рет аударылды. Философтың кейбір трактаттары осы күнге тек латын тіліндегі аудармалар арқылы жетті, ал араб тіліндегі кейбір қолжазбалары, өкінішке орай, сақталмаған.1970 жылдары кеңестік қоғамның академиялық ортасында әл-Фарабидің (870-950) философиялық мұрасына ерекше қызығушылық пайда болды. Бір қарағанда, осы бір асыл мұра Орталық Азиядағы ойшылдың отанында, сондай-ақ, Ресей мен бүкіл Кеңес Одағында зиялылар қауымына енді ғана белгілі бола бастаған немесе ежелден беймәлім сияқты көрінді. Бұл қызығушылық белгілі бір дәрежеде Ресейде білім алған және академиялық шыңдалудан өткен ортаазиялық философтардың өз өңірлерінің зияткерлік келбетін жасауға деген ұмтылысынан туындады.

Қазақстанда Әл-Фараби есімі XX ғасырдың 70-жылдары айрықша танымал болды. Бұл ең алдымен, әл-Фараби ғұмырнамашыларының IX-X ғасырларда бүгінгі Қазақстанның аумағында орналасқан Фарабты оның отаны деп санауына байланысты еді. Әл-Фараби еңбектерін қазақ-орыс тіліне аудару үшін белсенді жұмыстар жүргізілді. Оның мұрасына арналған көптеген мақалалар мен бірқатар көркем шығармалар жазылды, оның есімімен көшелер мен ғылыми орталықтар аталды. Осы орайда айтатын нәрсе әлем мұрағаттары мен кітапханаларында сақталған Фараби мұрасын жинап, жүйелеп, зерттеп, ғылым игілігіне, ұлт мүддесіне жаратуды елбасы

Н.Ә.Назарбаев басшылығымен жасалған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде әл-Фарабидің он томдық еңбектерінің жарыққа шығуы үлкен маңызға ие. Қазақстанда Фараби мұрасына деген қызығушылық Фараби ілімін зерттеп, зерделеуге ұмтылған ғалымдардың екінші жаңа толқыны өмірге келді [4].

Сөзімізді қорытындылай келе келесі ойды айтқымыз келеді: ұлы адамдардың шығармашылығына зейін салып қарасақ, олар өз заманының перзенті ретінде өздері өмір сүрген дәуірдің айқындаушы бейнесі болып табылады. Қазақ даласы Отырарда дүниеге келіп, түркілік дүниетанымның мүмкіндігін әлемге паш еткен Әбу Насыр Әл-Фараби адамзаттың кемелдікке деген үздіксіз ұмтылысын бейнелейді! Батыс пен Шығыстың өркениеттер аралық сұхбаттастық идеалына жақындай түсуіне жағдай жасайды. Әлемдік өркениетте өз орнын ойып алған ұлы жерлесіміз Әл-Фараби іліміне қайта оралу, танып білу, ұлт мүддесіне жарату – таусылмас рухани азық, баға жетпес рухани құндылық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. https://dalanews.kz/16300
2. http://kazgazeta.kz/?p=3596
3. https://adebiportal.kz/kz/authors/view/2528
4. https://moluch.ru/archive/97/21535/

УДК 94 (574) (045)

ВКЛАД АБУ НАСЫРА АЛЬ-ФАРАБИ В НАУКУ

Анес Асель, студентка 1-курса специальности «Организация перевозок, движения и эксплуатация транспорта»
Научный руководитель: Бекенжанова А.А., старший преподаватель кафедры «История Казахстана», магистр.

Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында «өзін танымақтың» немесе «жан қуаты» туралы ойлардың қалыптасу жолдарын танып білу күрделі мәселеге айналып, бастан-аяқ қарама-қарсы көзқарастардың өріс алуына түрткі болды. Адамның өзін танымақтық жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне дүние философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған Фараби еңбегі ерекше көзге түседі. Жалпы «жан қуаты» немесе «өзін танымақтық» жайлы күрделі ой сарасына қазақ топырағында арғы заманда Фараби, соңғы дәуірде Абайға терең барлап барған. Абай өлеңдері мен қара сөздеріндегі жан қуаты жайлы ой толғануында «жан құмары», «жанның жибили қуаты», «жан қуаты», «жанның азығы», т.б. осы іспеттес философиялық ойларын таратқанда: «Жан қуаты деген қуат-бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сығызбайды» - деп, айрықша ескертуінің өзіндік себептері бар. Бұл тұжырымынан ақынның «өзін танымақтығы» жөніндегі ілімнің тарихымен толық таныстығы анық байқалып, өз тарапынан ойларын кең түрде тыңдаушыларына молынан жеткізе алмаған өкініші де сезіледі. Жан қуаты жөнінде Фараби қолданған философиялық терминдер Абайдың өлеңдері мен жетінші, он жетінші, жиырма жетінші, отыз сегізінші, қырық үшінші қара сөздерінде сол түпнұсқадағы қалпына немесе қазақы ұғымға сай балама сөздермен беріледі. Ақынның он төртінші, он жетінші қара сөзі мен «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек...», «Көзінен басқа ойы жоқ...», «Малға достың мұны жоқ малдан басқа...», «Алла деген сөз жеңіл...»,

«Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас...» өлеңдерінде арнайы сөз болып, талқыланатын ақыл, қайрат, жүрек жайлы философиялық мағынадағы ойларының бастау алар көзі Фараби еңбектеріңде жатыр. Фараби «Ізгі қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» еңбегінде адамның өзін танымақтығы жөнінде айтылатын ойларын «өсімдік жаны», «хайуан жаны», «адам жаны» деп жүйелейді. Адам жанына (интеллект), оның ішкі және сыртқы сезім мүшелеріне (хауас) талдау бергенде жүрекке үнемі шешуші мән беріп, ерекше даралай көрсетіп отырады. Жалпы жан қуаты жөніндегі танымға бұлай қарау перепатетиктер мектебіндегілерге тән құбылыс. Бұл жөнінде Фараби мен Абайдың ой қорытулары сабақтас келеді. Фараби «Жүрек – басты мүше, мұны тәннің ешқандай басқа мүшесі билемейді. Бұдан кейін ми келеді. Бұл да басты мүше, бірақ, мұның үстемдігі бірінші емес» [1, 289-б] - деп, жүрекке шешуші мән бере қараса, Абай да: «Сен үшеуіннің басыңды қоспақ менің ісім депті. Бірақ, сонда билеуші жүрек болса жарайды» деген тұжырымға келеді. Бұдан екі ұлы ойшылдың да жүрек жөніндегі танымдарының негізі бір екені, тек баяндау түрі басқаша берілгені көрінеді. Ақын Фараби ұйғарысындай жүрекке шешуші мән-мағына берумен қатар, оны ізгілік, рақым, шапағат атаулының шығар көзі, тұрар мекені деп біледі. Ойшыл-ақын көп көңіл бөлген мораль философиясы да осы танымға негізделген. Абай туындыларының өн бойына таралып отыратын адамгершілік, имандылық ойларының бәрі де осы көзқараспен ұштасады. Ақынның «хауас», «үш құю», «жә уан мәрелік», «әділет», «шапағат» жайлы ой толғаныстарының желісі де осы таным шеңберіндегі ұғымдар. Бұлар Фарабидің жоғарыда аталған еңбегіндегі адамның жеке басының ең кемелденген үлгі-өнегесі жайлы арналы танымының негізіне саяды. Осы Фараби дәстүрінің жалғасы Абайдың «толық адам» жөніндегі ой-пікірінен айқын сезіледі. Абайда жиі сөз болатын «толық адам», «жарым адам», «адам болу», «адамшылық», «адамның адамдығы», «адам болу», т.б. атаулық мәні бар ұғымдар, сөздер тобы, ол жайлы пікірлердің шығар көзі Фараби еңбектеріндегі ой желісінен туындайды. Фараби «Табиғат ғылымдарының негіздері» жайлы еңбегінде жалпы хакасқа, әсіресе, оның хауаси хамса заһири деп аталатын сыртқы сезім мүшелеріне ерекше назар аударған. Фарабидің қоршаған орта болмысының сырын тануда басты орын алатын сезім мүшелері – хауаси хамса жайлы философиялық ұғымдары Абайдың жиырма жетінші, отыз сегізінші қара сөзі мен «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде сол түпнұсқадағы қалпында берілген. Ақынның «Жансыз жаратқандарынан пайда алатын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатын ақылды инсанды (адамды) жаратыпты» деген тұжырымы дүниенің жаралуы жайлы Фарабидің тәңірі әуелі жансыз дүниені, есімдіктерді, жан-жануарларды, содан соң ақыл иесі адамдарды жаратқан дейтін сатылы танымынан туындайды. Бұл таным Фараби көзқарасының әлсіз жері болса, Абай танымының да осал жағы болып табылады.

Ойшыл ақын өз шығармаларында Фараби дәстүрімен хауаси хамса заһириге ерекше мән береді. Ақыл, сана дегеніміз бізді қоршаған өмір шындығының сыртқы бес сезім арқылы, яғни, танымның қуаты мен адамның санасында сәулеленуінен пайда болатын рухани құбылыс деп таниды. Абайдың ақыл мен сананың пайда болуы туралы дүниетанымының негізі Фарабидің «Ақыл дегеніміз тәжірибеден басқа ешнәрсе де емес» [1, 295-б] деген ой желісімен өзектес келеді. Фараби жан қуатын қозғалттыратын қуат және танып білетін қуат деп екіге бөліп, адам бойындағы танып білетін қуатты ішкі және сыртқы жан қуаты ретінде қарастырады. Фарабидің бұл танымы Абайдың шығармашылығында сол тұрғыдан психологиялық ұғымдардың баламасы ретінде сөз етіледі. Ақынның қара сөздерінде адамның сыртқы бес мүшесі мен ішкі сезім мүшелері бірлікте алынып, хауас ретінде түсіндіріледі. Абайдың хауас ұғымы-көбінесе, бейнелеу қағидасымен (ахси жиһан) ұштасатындықтан, қырық үшінші сөзінде адам бойындағы жан қуаты жөніндегі Фараби танымдарымен іштей сабақтасып жатады.

Ақынның «адамды танымақтық» деп өз алдына сараланатын ұғымдары Фарабидің жан туралы ойларымен өзектес келеді. Фарабидің адамның дүниені танып білу қуатына ерекше мән бере қараған, негізгі ой желілері Абайда арнайы сөз болатын хауас, хауаси хамса заһири, хауас сәлем ұғымдарынан көрініс тапқан. Фараби жан қуаты жөнінде өзіндік соны ойлар желісін таратқанда, оларды өсімдік жаны, хайуан жаны, адам жаны деп үшке жіктеп, таным процесін адам жанына тән тума қасиет ретінде қарастырады. Осындай тұжырымдар Абайдың жетінші, он тоғызыншы, жиырма жетінші, отыз сегізінші, қырық үшінші сөздерінде ұшырасады. Жетінші сөзінде «жанның тамағы» жайында тоқтала келіп, Абай: «...өрістетіп, өрісімізді ұзартып құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», - деп, оны жан құмары арқылы дамитын сезім тұрғысында түсіндіреді. Жиырма жетінші сөзінде хайуан мен адам арасындағы ерекшелікті олардың дүние тану үрдісіне қарай жіктеп, «... Һәмма мақлұққа да қара, өзіңе де қара, жанды бәрімізде де беріпті. Жанның жарығын бәрімізге де бірдей ұғарлық қылып беріп пе? Адам алдын, артын, Һәм осы күнін – үшеуін де тегіс ойлап тексереді. Хайуан артын, осы күнін де бұлдыр біледі, алдыңғы жағын тексермекке тіпті жоқ» деп тану қабілетінің адамда зор сапалық ерекшелікте болатынын атап өтеді [2]. Ақын Фарабидің түсіндіргеніндей жан құмары, жан қуаты деген қасиеттер тек адамға ғана тән нәрселер деп таныған.

Абайдың дүниетанымындағы ерекше назар аударар нәрсе ақынның Фараби түзген ғылымды классификациялау принципімен таныс болуы. Ақынның Фараби жасаған ғылымды жүйелеудегі принципімен таныстығы жөнінде нақтылы дерек жоқ. Дегенмен де, Абай шығармаларында ғылымды жүйелеу жөніндегі пікірін белгілі бір дәрежеде нақтылы деректермен білдіреді. Мәселен, Қырық бірінші сөзінде: «...дүниеде есепсіз ғылымның жолдары, бар, сол әрбір жолда бір медресе бар...», - деп, ғылым салаларының молдығын, нақтылы атауларын жеке-жеке атап өтеді. Ақынның отыз сегізінші сөзінде ғылым салаларын біршама жүйелеу принципі ұшырасады. Ғалым, хакімдер туралы пікір қозғағанда:«...адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ бірлән батылдықты айырмақты үйреткендігі...» - деп, қоғамдық ғылымдарды өз алдына дербес топтастырады. Абай отыз сегізінші сөзіндегі «адамның білімі», «алланың ғылымы», «өзіндік ғылым», «дүниенің ғылымы», «заһири ғылым», «дүниені танымақтық» тәрізді ғылым салаларын Фарабидің философиялық тұжырымдарында қолданылатын атау сөздермен не қазақы ұғымға сай балама түрдегі атаумен қарастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – А., 1973.
2. Машанов А. Әл-Фараби және Абай. Т.2. – А., 2005.

ӘОЖ 032 (045)

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ДАНАЛЫҚ НЕГІЗІ

Хамзеева Иба, «Тарих» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Исаева Л.Н., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы, магистр.

Аңдатпа: мақалада ортағасырлық ұлы ғалым, «екінші ұстаз», өз заманының рухани шамшырағы болған Әбу Насыр Әл-Фарабидің әлемдік ғылымға қосқан үлесі, ғылымның түрлі салалары бойынша еңбектері, оның данышпандығы, даналық тұжырымдары қарастырылып, философиялық көзқарастарына талдау жасалады.

Түйінді сөздер: Әл-Фараби, орта ғасырлар, философия ғылымы, жаратылыстану саласы, екінші ұстаз.

Әбу Насыр Әл-Фараби өз заманының, яғни орта ғасырлардағы асқан ғұлама, данышпан ғалым. Ол қай сала болмасын өзіндік септігін тигізіп, талдап зерттеген. Әл-Фараби энциклопедист ретінде даңқы шыққан ойшыл.

Философия мен логика, математика мен физика, музыка мен поэзия, грамматика мен азаматтық саясат тағысын тағы жалғаса береді. Көне гректің бай мұрасын жан-жақты игерген ол, ислам идеяларына өте терең талдаулар жасаған. Әл-Фараби шығармаларының тізімін Омар Фаррух, М.Хортен, Ф.Дитериц, еңбектерінен кездестіреміз. Әл-Фараби мұрасын зерттеуші көрнекті өзбек философ-ғалымы М.М.Хайруллаевтың айтуынша, Әл-Фараби шығармаларының толық тізімін, яғни 160-тай еңбектің атауын түрік ғалымы А.Атештің еңбектерінен табамыз.

Әл-Фараби антиканың мол мұрасын, әсіресе көне гректің Платон мен Аристотель секілді классик ойшылдарының философиялық көзқарастарын араб-мұсылман мәдениетіне енгізумен қатар, ислам мен антиканың идеяларына синтез жасаған. Ол өз заманының рухани шамшырағы болды. Өз дәуірінің барлық сауалдарына жауап табуға тырысты. Әлемдік философия мен ғылым философиясының дамуында, Батыс пен Шығыстың диалогында өзіне тиесілі рөлін атқара береді [1,15].

Әл-Фарабидің музыка теориясы, музыка өнері, риторика мен поэзия, эстетика мәселелері жайлы көркемдік-эстетикалық көзқарастары да аса құнды. Бұлар бүгінгі ұрпақты рухани жағынан тәрбиелеуге, ғылымды дамытуға, мәдени және мәдени-ағартушылық жұмыстарын жүргізуге жан-жақты пайдалануда өзекті. Әл-Фарабидің жаратылыстануға қатысты мұрасы табиғатты тәңірінің туындысы деп есептейтін ортағасырлық жаратылыстануға тән көзқарастармен сабақтас болып келеді. Ғалым Фараби рухани күш табиғатын анықтауға көп мән берген. Ол өзінің «Даналық негіздері» атты еңбегінде адам табиғатының қасиеттеріне қарай оның сыртқы және ішкі дүниесінің бар екенін айтады. Қоршаған ортаның құбылыстарын тани алатын физиологиялық дене құрылысы мен бітім болмысын құрайтын сыртқы тән сезімдері ішкі дүниеге де әсерін тигізеді. Ал ішкі құпия дүние дегеніміз – адамның рухани күштері. Өз кезегінде, даму процесінің үш түрі бар. Ол адамның, жануардың және өсімдіктің дамуы. Әл-Фараби философия, әлеуметтану, математика, физика, астрономия, ботаника, этика, эстетика, лингвистика, логика, денсаулық сақтау, музыка зерттеу салаларында терең білім алған. Ол ғылымның осы салаларында 160-қа тарта трактаттар жазған [2,64]. Ғылымдар жүйесінде Әл-Фараби жаратылыстану-математика ғылымдарына зор көңіл бөледі. «Ғылымдардың шығуы» деген еңбегінде ғылымды нақты және абстрактылы, сондай-ақ теориялық және практикалық деп бірнеше түрлерге бөліп қарастырса, «Ғылымды классификациялау және анықтау» деген еңбегінде ғылымда тіл, логика және математика саласын жалпы үш түрге топтап, олардың әрқайсысын жеке-жеке бөліп көрсетеді. Фарабидің физика және жалпы жаратылыстану бойынша еңбектері белгілі. Жалпы физикалық және табиғи құбылыстарда ол эксперимент қою қажеттілігін атап көрсетеді. Фараби тамаша дәрігер ретінде белгілі болды. Дәрігерлік қызметке байланысты, Фараби сол кездегі барлық медицина қызметкерлері сияқты, алхимия, ботаника, минералогиямен айналысты. Бұл ғылымдардың барлық салалары жаратылыстану ғылымдары құрамына кірді. Фараби географияға үлкен көңіл бөлді. Саяхатшы ретінде ол Қазақстан мен Орта Азияның, Таяу Шығыстың, Африканың көптеген мәдени және ғылыми орталықтарында болды. Ол Отырар, Талас, Хиуа, Бағдад, Дамаск қалаларында болған [3].

Өз еңбектерінде ол «философияны зерттеуге кіріспес бұрын табиғат туралы ғылымды зерделеу қажет, өйткені бұл ғылым адамға ең жақын, нақты берілген және

оған түсінікті білім саласы» деп жазды. Философия саласында Фараби өз заманының ең үздік беделдісі деп саналды. Оның философиялық еңбектерінде Аристотель, Платон және басқа да ежелгі даналар философиялық еңбектерінде үлкен орын алады. Фарабидің еңбектері еуропалық Жаңғыру процесінде үлкен қызмет атқарған.

Адамзат тарихында ғылыми ойдың үздіксіз даму барысында «өзін танымақтың» немесе «жан қуаты» туралы ойлардың қалыптасу жолдарын танып білу күрделі мәселеге айналып, басынан аяғына дейін қарама-қарсы көзқарастардың өріс алуына алып соққан болатын. Адамның өзін танымақтығы жөніндегі ілімнің алғашқы қадамы көне дүние философтарынан басталса да, оны өз заманында ғылыми жүйеге түсіріп, қалыптастырған Фараби еңбегі ерекше көзге түседі. Жалпы «жан қуаты» немесе «өзін танымақтық» жайлы күрделі ой сарасына қазақ топырағында арғы заманда Фараби, соңғы дәуірде Абайға терең барлап барған. Абай өлеңдері мен қара сөздеріндегі жан қуаты жайлы ой толғануында «жан құмары», «жан қуаты», «жанның азығы», т.б. осы іспеттес философиялық сарындағы ойларын таратқанда: «Жан қуаты деген қуат-бек көп нәрсе, бәрін мұнда жазарға уақыт сығызбайды» - деп, айырықша ескертуінің өзіндік себептері бар. Бұл тұжырымынан ақынның «өзін танымақтық» жөніндегі ілімнің тарихымен толық таныстығы анық байқалып, өз тарапынан ойларын кең түрде тыңдаушыларына молынан жеткізе алмаған өкініші де сезіледі. Жан қуаты жөнінде Фараби қолданған философиялық терминдер Абайдың өлеңдері мен жетінші, он жетінші, жиырма жетінші, отыз сегізінші, қырық үшінші қара сөздеріңде сол түпнұсқадағы қапында немесе қазақы ұғымға сай балама сөздермен беріледі. Ақынның он төртінші, он жетінші қара сөзі мен «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек...», «Көзінен басқа ойы жоқ...», «Малға достың мұны жоқ малдан басқа...», «Алла деген сөз жеңіл...», «Жүрек – теңіз, қызықтың бәрі асыл тас... «өлеңдерінде арнайы сөз болып, талқыланатын ақыл, қайрат, жүрек жайлы философиялық мағынадағы ойларының бастау алар көзі Әл-Фараби еңбектерінде жатыр.

Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің философиялық көзқарастарында басты үш бағыт анық аңғарылады: ол дүниенің мәңгілігін мойындады, танымның болмысқа тәуелділігін растады, ақыл-парасат туралы ілімді саралады. Мәңгілік пен тәуелділік бастауларын құдіретті Алладан, аспан әлеміндегі құбылыстардың мәнінен, ақыл-парасаттан, адамның жан-дүниесінен, түр мен материя арақатынасынан іздеді. Аристотель қағидаларының өз дүниетанымына жақындарын қабылдады және оны осы тұрғыдан түсіндірді. Әбу Наср Әл-Фарабидің философиялық көзқарасын тарихи жағдайда, оның өз дәуірімен байланысты қарағанда ғана терең түсінуге болады. Орта ғасырларда философиялық ойдың дамуы діні ілім негіздеріне сүйенді. Демек Фарабидің философиялық ілімін де өз кезеңінің діни түсініктері тұрғысынан қарастырған лазым. Бірақ ол бұл түсініктерді философиялық тұрғыдан дамытты. Ол, әсіресе, «Аспан астындағы дүние» ілімінен неғұрлым айқын көрінеді.

Аристотельдің «Никомахтың этикасында» келтірілген схемасын негізге ала отырып, Әл-Фараби философияны теориялық және практикалық деп екіге бөледі. Теориялық философия өзгермейтін, өткінші емес заттарды, практикалық философия өзгертуге немесе жасауға болатын заттарды зерттейді. Философия, Әбу Насыр Әл-Фарабидің білуінше, адамда ғана болатын «ең ерекше» игілік – ақыл, парасат арқылы меңгеріледі. Ақыл, парасаттың қызметі қалай болса, солай бет-алды жүргізілмеуге тиіс, онда мақсаттылық сипат алады. Оның негізін логика өнері қарастыратын ойлаудың дұрыс әдістері құрады. Әбу Насыр Әл-Фарабидің атап көрсетуінше, адам өзінің бақытқа жету жолын логикадан бастаған жөн. Бір сөзбен айтқанда, Фараби адамдардың өз көздеген мақсатына жетуі оның өзіне ғана байланысты екенін айтады. Адам рухани жағынан үнемі өзін-өзі жетілдіреді. Фараби «Азаматтық саясатта» қоғамды талдауды қаладан бастаса, «Нақыл сөздерде...» ол мұны ең кішкене ұядан, отбасынан немесе

үйден бастайды. Аристотель сияқты ол үйді бірнеше бөлекке – ері мен әйелі, қожайыны мен қызметшісі, ата-анасы мен баласы, мүлкі және иесі деп бөледі.Үйдің өзіне тән мақсаты болады, бірақ қаланың бір бөлшегі болғандықтан ол қала белгілейтін ортақ мақсатқа қызмет етуге арналады, сөйтіп бұл арада адамның өз басының мүдделерін қоғам мүдделеріне бағындыру туралы пікір айтылады. Бұл жерде Фарабидің қала дегенін мемлекет деп түсіне отырып, оның ойларынан үлкен азаматтық гуманизимнің биік көріністерін табамыз. Мұнда тек жеке басының мүдделері ғана емес, қоғам мүдделерін жоғары санауы үлкен бір азаматтықтың, адамгершіліктің қасиетті көріністері деп білеміз.

Орта ғасырдағы медицина мен философияның дамуына «Медицина каноны» атты және басқа да еңбектерімен сүбелі үлес қосты. Ғылыми бағыттардың жіктелуіне арналған «Бесінші трактатында адам тіршілігіндегі мидың маңызы туралы баяндай келіп, мида жүйке орталықтары мен сезімтал және козғалтқыш жүйкелер болатындығы туралы пікір айтады. Әбу Насыр Әл-Фараби – кемеңгер-философ. Ертеде және орта ғасыр да философиялық және медициналық білім бірімен-бірі тығыз байланысты болған. Әл-Фарабидің медицина ғылымдарының теориялық мәселелерін терең білгендігі оның еңбектерінен белгілі. Әл-Фараби өмір сүрген заманда жаратылыстану ғылымының дамыған саласының бірі медицина болды. Орта ғасырларда ғылым немесе мәдениет жалпы айтқанда әр саладан да ең үздігі болған Фарабидің шығармалары көптеген тілдерге аударылды. Олар француз, парсы, ағылшын, неміс, латын тілдерінде аударылып, жарық көрді. Әл-Фарабидің музыкалық аспаптар жөнінде де еңбектер жазған. Фараби музыка саласын 5 тарауға (салаға) бөліп қарастырған. Оның бұл саладағы еңбегінің ең көрнектісі – «Музыканың ұлы кітабы». Әл-Фарабидің музыкалық аспаптар жайындағы еңбектері өте маңызды, себебі, ортағасырлық яғни, өз заманының аспаптарын зерттеуінде болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нысанбаев Ә. Ғылым тарихы философиясы. – А., 2013.
2. Қозғамбаева Г.Б. Фараб және фарабтық ғұлама туралы зерттеулерден // Ғұлама. Ойшыл. Ұстаз. Әл-Фарабидің 1130 жылдығына арналған 2001 жылдың қазан айының 12 жұлдызында Отырарда өткізілген Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – А., 2001.
3. Отырар энциклопедиясы. – А., .

ӘОЖ 94 (574) (045)

ӘЛ-ФАРАБИДІҢ АҚЫЛ-ПАРАСАТ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ

Беркінбаева Арайлым, «Тарих» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Агниязқызы А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы.

Аңдатпа: мақалада, Әл-Фарабидің ақыл-парасат туралы көзқарастары туралы айта келе,оны адамзатқа тән қабілет мағынасында түсіну керектігін,сонымен қатар парасат ұғымы, адамдар арасындағы айырмашылық, жеке-дара парасаттың алғашқы әрекеті, потенциалды парасат, парасат ұғымын ойлау мен болмыс парапарлығын шебер ашып көрсетеді. Парасатты адам бойында болу керек қасиеттерді талдай отырып баяндайды.

Түйінді сөздер: Әл Фараби, потенциал, диалектика, парасатты адам, интеллект.

Әл-Фараби өз заманының тынысын өте нәзік сезінген адам. Ол адамдар қызметінде ақыл-парасаттың рөлін өте жоғары қояды. Махаббат, ғылым мен білімге деген қалтқысыз құштарлық шарттары орындалмаған күнде адам философияны үйрене алмайды, үйрете де алмайды деп көрсетеді Әл-Фараби.

Әл-Фарабидің философиясының ең құнды жақтарының біріне парасат жайындағы ілім жатады. Парасат ұғымын баяндаудан бұрын оның кейбір даму өрісіне қысқаша тоқталып өтелік. Оның пайымдауынша, әрекетшіл парасат Аристотельше болмыс сатысындағы басқыштардың бірі. Ең жоғарғы орында бірінші себеп, Құдай, Алла тағала тұрмақ. Осы жерде Әл-Фараби барлық басқа философтар сияқты ортодоксияға қосылмай, Құдай бейнесінің орнына бейнесіз, дерексіз – абстрактылы күшті қолданады. Екінші тұлғалар- аспан денелері. Болмыстың үшінші – басқыншы-әрекетшіл парасат және оған сәйкес келетін «ай астындағы әлем» мұның төрт элементі бар. Болмыстың төртінші басқышы- адам жаны, ең төменгі басқышта форма мен материя болады; ал мұның өзі дүниенің мәңгілік түзілісінің шырқын бұзады.

Пәрменді парасат ілімін Аристотельдің потенциялды және әрекетшіл парасатты. Әрекетшіл парасат- ол жай ғана себеп емес, жер әлеміне іштей тән парасат, өзгеше бір логос, осы әлемнің заңдылығы жеке индивидтің парасаты бейнесіз, ғарыштық парасатқа қосылу дәрежесіне сәйкес қана дамиды. Соңғысы - мәңгілік парасат. Индивид өткіншіде өлімді келеді. Жанның өлмейтіндігінің және оның ауысып отырғандығының бекерге шығарлуы, міне, осыдан мұның өзі әрқашан ортодокция мен философия арасында күрес туғызып келеді. Мұндағы күрес адам өмірінің мәңгілігі болмаса адам жанының өлуі. Адамдардың арасындағы айырмашылық жойылады. Парасат адамдардың бәріне бірдей. Әрбір жеке-дара парасаттың алғашқы әрекеті оның ырықсыздығында ғана. Потенциалы парасат дегеніміз тек қана барша жұртқа ортақ мүмкіндік қабілеті деген сөз.

Әл-Фараби парасаттың мәңгілік екенін айта келіп оны танып білуде адамзат үнемі үздіксіз әрекет етіп, оның тек адам зат қабілетіне ғана тән нәрсе деп түсінеді. Тағы бір айта кететін жай, Әл-Фараби «қайырымды да білгір адамдардың жаны өлмейді, ал надан адамдардың жаны өлімді келеді»,-деп білімді, парасатты, ізгілікті адамдардың атын мәңгілік етеді. Олардың басқалардың жадында сақталып қалуы, парасатты адал еңбектерінің арқасында деп түсінуі көңіл қоятын, мән беретін нәрсе. Әл-Фараби сол кездегі орын алған діни нанымға қарама-қарсы, парасаттың түрлі мағынасын жүйелі негізде талдай отырып, өзінің ойлау концепциясын өрістетеді.

«Парасат» деген ұғымды Әл-Фараби ұсына отырып, ойлау мен болмыс парапарлығынан диалектикасын шебер ашып көрсетеді. Таным дәрежесіне субъект және объект тарапынан потенциялды болады. Субъект тарапынан алып қарағанда, парасат өзін әлі көрсете қоймаған пайымдау қабілеті ретінде потенциялды. Объект тарапынан алып қарағанда парасат заттың ойландыруға, пайымдауға қабілеттілігі себепті потенциялды. Пайымдалған нәрселерге қатынасы, бұлардың потенциялдықтан нақтылыққа айналуы арқасында потенциялды парасат шын парасатқа айналады. Яғни дүниедегі нәрселердің нарқын түсінуде, оны танып біліп пайымдауда диалектикалық ойлау парасаттылығының қабілетінің маңызын ерекше атап көрсетеді. Әл-Фараби парасаттылық, парасатты адам дегенде, мұны интелект, интелекция актісі деп түсінеді.

Қорыта айтсақ, парасаттылыққа сенім керек, ал сенім дегеніміз қайрымдылық. Парасатты деп қайрымды, жақсылыққа асық, жамандыққа қашық адамды айтады. Әл-Фарабидің пайымдауынша қайырымды, ақылды, тапқыр адам өзінің бұл қасиеттерін мадақтауға тұрарлық істер жасау үшін немесе бұзақы істерден аулақ болу үшін қолданса ғана парасатты адам деп саналады. Парасатты адам осындай. Осыны қалай түсінгендігіне қарай адамдар екі топқа бөлінеді: оның бірі нанымы жоқ адам парасатты адам бола алмайды, жаман адам өзінің тапқырлығымен жамандықты ойлап шығару

қабілетіне жеткен болса, онда ол парасатты деп аталуға лайықты болмайды. Ал тегі не істесе де тапқырлық көрсетсе болғаны оны парасатты адам деп атайды. Сондай-ақ, Әл-Фараби мұраларын жалпы түркі халқына ортақ дей отырып, оның рухани мұралары қазақ жеріндегі философиялық ойдың қалыптасуына да тигізген әсері мол болды демекпіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әл-Фараби. Философиялық трактаттар. – А., 1973.
2. Әлеуметтік этрикалық трактаттар. – А., 1975.
3. Әл-Фараби. Әріптер кітабы // Әл-Фараби мен Ибн Сина философиясы. – А., 2005.
4. Әл-Фараби. Трактатты о музыке поэзия. – А., 1993.
5. Әл-Фараби. Естественно-научные трактатты. – А., 1987.
6. Алтаев Ж.А. Қазақ халқының рухани мұралары. – А., 1998.
7. Әбу Насыр Әл-Фараби – түркі-ислам ойшылы // Қазақ халқының философиялық мұрасы. – А., 2005.

ӘОЖ 94 (574) (045)

ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ЕУРОПА ҒЫЛЫМЫНА ЫҚПАЛЫ

Ерғожаева Назгүл, «Тарих» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Агниязқызы А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы.

Аңдатпа: мақалада Әл-Фарабидің еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал еткендігі айтылады. Оның тарихи зор еңбегі, еуропалықтардың шығыс халықтары жетістіктерімен танысуын, сол арқылы шығыс ғалымдарының еңбектері мен іс-әрекеттерін меңгеріп, европалық ғылымның шығармашылық тұрғыда өркениет жаюына жол ашқаны, Әл-Фарабидің еуропа ғылымына әсері баяндалады.

Түйінді сөздер: Еуропа, ислам өркениеті, ғалымдар, философия, ренессанс.

Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жоғалтқан жоқ. Әл-Фарабидің мемлекет, ел басқару жөніндегі тұжырымдары, әлеуметтік-этикалық саяси көзқарастары бүгінгі қоғам үшін де айрықша маңызды. Оның еңбектері еуропалық Ренессанстың өрлеуіне үлкен ықпал етті. Фараби Шығыс пен Батыстың ғылымы мен ежелгі мәдениетін табыстыруда зор рөл атқарды. Б.э. VII ғ. ортасынан бастап Орталық Азия мен Қазақстанның жартысы орасан зор Араб халифатының құрамына қосылды. IX-XII ғ.ғ. халифат мәдениеті сол кездегі еуорпалықтан әлдеқайда жоғары дәрежеде болды. Оның тарихи зор еңбегі еуропалықтардың Шығыс халықтарының жетістіктерімен танысуын қамтамасыз еткен шығыс ғалымдарының еңбектері мен іс-әрекеттерінде меңгеріліп, шығармашылық тұрғыда өңделген көптеген антикалық дәстүрлердің (әсіресе, жаратылыстану ғылымдары мен философия саласы) кең таралуы деп есептуге болады. Фараби, Бируни, Ибн Сина және көптеген басқа да ойшылдар тек халифаттың ғана емес, бүкіл адамзат мәдениеті мен ғылымына аса ірі үлес қосты. Медициналық шығармалар мен математикалық трактаттар, астрономиялық кестелер мен түрлі тілден (ең алдымен антикалық) аударылған араб аудармалары Батысқа жетіп, жүз жыл бойы орасан зор абыройға ие болды. Батысеуропалық әдебиеттің дамуында да Шығыстың рөлі айрықша. Орта ғасыр кезеңінде әсіресе Әл-

Фараби өзінің философиялық жүйелі ойларымен, ғылым тарихында,логика, музыка теориясы, астрология, теоретикалық медицина, математика, мемлекет іліміне қатысты өзінің жарқын ойларын таныта отырып әлемдік ғылымға өзіндік ізін қалдырды. Оның ойлары ибн Сина және ибн Рушд сияқты кейінгі философтармен жалғастырылып, Спиноза философиясына және ол арқылы француз философиясына айтарлықтай өз ықпалын тигізді. Демек, Әл-Фараби философиясы тек Орта және Таяу Шығыстағы әлеуметтік-философиялық идеялардың дамуына әсер етіп қоймай, Батыс Еуропаға да өз ықпалын тигізді деп айта аламыз. Академик М.М.Хайруллаев айтқандай, «Әл-Фараби философиясы Ибн Баджа, Ибн Туфейль және Ибн Рушд секілді аса көрнекті ғалымдарды дүниеге әкелген XI-XIII ғ.ғ. «араптық» Испания және Солтүстік Африкадағы алдыңғы қоғамдық-философиялық ойлардың дамуына шешуші ықпалын тигізді». Әл-Фараби есімі көптеген еуропа елдеріне ертеден танымал болып, XII-XIII ғ.ғ. өзінде-ақ оның философиялық трактаттары ежелгі еврей және латын тілдеріне аударылды. Бірақ Әл-Фараби мұрасын жүйелі әрі нақты зерттеу оның трактаттарының мәтіні мен аудармаларын басып шығарумен қатар зерттеу жұмыстары шыға бастаған XVIII-XIX ғ.ғ. ортасында шыға бастады. Ортағасырлық Еуропа классикалық ежелгі грек философиясымен көп жағдайда Әл-Фараби еңбектері арқылы танысты. Тек XII ғ. кезінде оның «Ғылымдар классификасы» деген еңбегі латын тіліне екі рет аударылды. «Альфарабиуса» - «Сананың мәні туралы», «Сұрақтар негізі» және Аристотельдің «Физика», «Поэтика» еңбектеріне түсініктемелері, «Бақыт жолы туралы» және логикаға байланысты трактаттары мен басқа да еңбектері XII ғ. бастап XVII ғ. дейін латын тіліне бірнеше рет аударылды. Әл-Фарабидің кейбір трактаттары осы күнге тек латын тіліндегі аудармалар арқылы жетті, ал араб тіліндегі кейбір қолжазбалары өкінішке орай сақталмаған. әл-Фарабидің еуропа ғылымына әсері оның ізбасарлары ибн Сина, әсіресе ибн Рушд арқылы көрініс тапты деп айта аламыз. Аверроизм, негізінен XIII-XIV ғ.ғ. прогрессивті француз және итальян философиясына қатты әсер етіп, оның негізі болды [4] Батыс Еуропа ортағасырының ірі ойшылдары Р.Бэкон, Д.Скот өздерінің теориялық шығармаларында Әл-Фараби, ибн Сина, ибн Рушд еңбектерін қолданды. Көптеген ортағасырлық ғалымдардың айтуынша Әл-Фараби ортағасырлық еуропалық ойдың қалыптасуына әсер еткен перепатетизмнің негізін қалағандардың бірі. Шығыс перепатетиктері Әл-Кинди, Әл-Фараби, Ибн-Сина, Ибн Рушт сындылар Аристотель еңбектерін талдап, Еуропаға кеңінен танытты. Сондықтан да араб тілді ортағасырлық философия көне гректік философияның алғашқы мұрасы ретінде шығармашылық жағынан дамытып, жаңа деңгейлерге көтерді. Әл-Фараби Шығыс пен Еуропа мәдениеттерін байланыстырушы «көпірге» айналды. Еуропалық ғалымдарды да айта кеткен жөн. Олар: XIX ғ. екінші жартысында ортағасырлық араб тілді Шығыс рухани мәдениеті жайлы еңбектер жазған неміс ғалымы М.Штейншнейдер, 1890 ж. Әл-Фарабидің сегіз философиялық трактатын Лондондық, Лейдендік және Берлиндік жазбалардан жариялаған Фридрих Детриций, неміс және ағылшын тілдерінде жарық көрген «Ислам философиясының тарихы» еңбегінің авторы, голландық ғалым Де Бур болды. Әбу Насыр Әл-Фараби ежелгі гректің ұлы математигі және астрономы Птолемейдің «Алмагестіне» көлемді түсініктеме жазғаны белгілі. Бұл еңбек «Алмагеске түсініктеме» деп аталады. Әл-Фарабидың бұл трактаты тригонометрияны дамытуға да игі ықпал жасады. Мұндағы негізгі бір жаңалық Әл-Фараби синус, косинус, синус-ферзус, тангенс, котангенс сызықтарын бірыңғай радиусты тұрақты шеңбер ішінде қарастырды. Олардың арасындағы бірсыпыра қатынастарды ашты, кейбір қарапайым қасиеттерін айқындады. Ол тригонометриялық кестелер жасауда аса қажет болып саналатын бір градус доғаның синусы мен косинусын анықтауда елеулі табыстарға жеткен. Әл-Фараби осы айтылған тригонометриялық мағлұматтарға және басқа да қосымша математикалық

материалдарға сүйене отырып, «Алмагесте» қарастырылған астрономия және география мәселелерін математикалық жолмен шешудің ең жеңіл әдістерін ұсынады. «Геометриялық фигуралардың егжей-тегжейі жөнінде табиғат сырлары мен рухани әдіс-айлалар кітабы» геометриялық салу есептерін сұрыптап, бір жүйеге келтірген. Жүзден аса есептің салу әдістері көрсетілген. Бұлардың ішінде парабола салу, бұрышты трисекциялау, кубты екі еселеу, дұрыс көпбұрыштар салу, көпжақтар салу, жазық фигураларды түрлендіру, т.б. бар. Әл-Фараби адымы тұрақты циркуль мен бір жақты сызғыштың жәрдемімен шешілетін есептерді мол қарастырды. Осы еңбекте 3, 4, 5 және т.б. өлшемді куб салу есебін ойша қалай шешу идеясы бар. Сондай-ақ оның «Болжамдағы геометрияға кіріспе» атты трактат жазғаны мәлім, бірақ ол еңбегі бізге жетпеген. Осыған қарағанда, Әбу Насыр Әл-Фараби көп өлшемді абстракциялы геометрияның идеясын алғаш айтушылардың бірі деп жорамалдауға негіз бар. Ұстаздың бұл трактатын математика тарихшылары осы уақытқа дейін атақты Хорасан математигі Әбдул-Уафаға теліп келгені анықталды.

Әбу Насыр Әл-Фарабидің шұғыла туралы түсінігі Еуропа ғылымына XVII ғасырда ғана мәлім болды. Оны неміс астрономы И.Кеплер арабшадан аударып «фокус» деп атаған. Мұны Әл-Фараби 8 ғасыр бұрын «күйдіру», «оттық орын» мәнінен шығарып «мухарақ» деп атаған. Ол өз қолымен ойыс айна, яғни парабола, линза жасап, бұларын ғылымда қолданған да болатын.

Сөзімізді қорытындылай келе келесі ойды айтқым келеді: ұлы адамдардың шығармашылығына зейін салып қарасақ, олар өздері өмір сүрген дәуірдің айқындаушы бейнесі болып табылады. Бірақ, Әбу Наср әл-Фараби өз заманының келбетті ғана болып қоймай, адамзатты кемелдікке үздіксіз ұмтылысын бейнелейді. Оның көтерген мәселелер қазіргі кезде де өз маңыздылығын жоғалтпаған, ал бұл мәселелердің шешімі адамдарға Батыс пен Шығыстың өркениеттер аралық сұхбаттастық идеалына жақындай түсуіне жағдай жасайды. Өкінішке қарай, әлемдік өркениетке айтарлықтай үлес қосқан Ислам өркениеті қазіргі қоғамда өзіне тиісті орнын ала алмай отыр. Бүгінгі өркениет тек қана технологиямен өлшенуде. Тарих сахнасында өзіндік рөл атқарған ислам діні біздің қазақ халқының да ғасырлар бойы ұстанып келген діні мен мәдениеті екендігін мақтанышпен айта аламыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Аль-Фараби. Тракаты о музыке и поэзии. – А., 1993. – С. 368.
2. Аль-Фараби. Тракаты о канонах иксусства поэзии // Тракаты о музыке и поэзии. – А., 1993. – С. 344.
3. Қасымжанов А., Әлімов А. Әл-Фараби // Қазақ. – А., 1994. – 115-б.
4. Е.Абдуахитов. Әл-Фараби ілімі немесе оның батысқа ықпалы. – А., 2018.
5. Ж.Алтаев. Әл Фарабидің Еуропа ғылымына ықпалы. – А., 2017.

ӘОЖ 94 (574) (045)

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ӘДІЛ ӘКІМ

Есболаева Гүлдана, «Тарих» мамандығының 2-курс студенті
Ғылыми жетекші: Ағниязқызы А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы.

Аңдатпа: мақалада, әлемнің екінші ұстазы атанған ғұлама Әл-Фараби жайлы XIII ғасыр тарихшылардың деректері, қоғамтануда құнды еңбек болған «Қайырымды

қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» жөнінде, ондағы бірінші, екінші басшыларда болу керек қасиеттер мен игіліктер туралы қарастырылады.

Түйінді сөздер: Әл-Фараби, ойшыл, қайырымды қала тұрғындары, бірінші басшы, екінші басшы.

Орта ғасырлық ғылым мен философия тарихында Әбу Насыр Әл-Фараби сияқты ұшан-теңіз теоретикалық ғылыми мұра қалдырған ойшылдар кем де кем. Ол Шығыс пен Батыстың құрметті ойшылы. Оның философиясы ғылыми ой-сананың нәтижелі дамуына түрткі болды. Әбу Насырдың еңбектері Еуропаның жоғарғы оқу орындарында оқытылды. Қайта өрлеу (Ренессанс) дәуірі ғылым саласының қайнар бастауындағы көшбасшы болып танылады.

Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ Әл-Фараби (870 – 950) – түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшhүрі, «Әлемнің екінші ұстазы» атанған ғұлама. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып қалдырды. Шығармаларында көне грек оқымыстыларын әсіресе, Аристотельдің еңбектеріне талдау жасаған. Арабтың атақты ғалым-географы ибн-Хаукал өзінің «Китаб Масалик уә мамалик» атты еңбегінде және XIII ғасырларда өмір сүрген ибн-Халликан өзінің «Уфиат әл-аиан фи әл-Заман» атты еңбегінде Әбу Насыр Әл-Фарабидің арғы аталарының аттары (Тархан, Ұзлақ) таза түркі тілінде келтірілген. Болашақ ғалым алғашқы сауатын туған жерінде өз тілімен ашса да, 12-16 жас шамасында керуенге ілесіп, білім іздеп Бағдатқа кетеді. Әбу Насыр Әл-Фараби дүниеге келгенге дейін 126 жыл бұрын түркілердің үлкен мәдени орталығы болған Фараб қаласы бейбіт жолмен ислам дінін қабылдаған болатын. Ол кезде санасы ашық әрбір мұсылманға ислам діні ғылымымен шұғылдануды парыз еткен. Осы кезден бастап Әбу Насыр Әл-Фараби араб тілді ғалым болып есептеле бастады.

Әл-Фарабидің ең танымал еңбектерінің бірі – «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы трактат» Қоғамтану теориясы мен практикасы саласындағы құнды еңбек болушы бұл кітаптың түпнұсқасы араб тілінде жазылған. Араб тіліндегі атауы – «Китаб ара ахл ал-мадйна ал-фадила». Кітап 942 жылы жазылған. Ал толық нұсқасын 948 жылы Мысырда аяқтаған. Бұл кітаптың маңыздылығы – автордың өз еңбегінде қала болып қауымдасып өмір сүретін адамзат баласының өзара ешбір қайшылықсыз, мінсіз идеал қоғамы қандай болуы керектігін жан-жақты сипаттауында деуге болады. Трактаттың алтыншы бөлімінде – «надан көзқарастар мен қоғам, надан қалалар мен надан басшылықтар олардың іс-әрекетінің салдарлары туралы баяндалады».

Қайырымды қалаға билік ету міндетті түрде табиғи қабілеті бар адамның еншісіне тиетіні сөзсіз. Өйткені Фараби түсінігінде «қала әкімінің ісі, яғни басшының ісі – қала бөлшектерінің өзара байланысын және өзара келісімін орнататындай етіп қала басқару, оның игілікке ие болумен бірге, зұлымдықтың тамырын жою ісіне біріне-бірі көмек көрсететіндей тәртіп орнату және бақытқа жету үшін пайдасы тиетіннің бәрін сақтап, көбейтіп, зиян келтіретін нәрсені пайдалы етуге тырысып; пайдалы етуге болмайтын нәрсенің зиянын жойып немесе азайтып, аспан денелері берген игіліктің бәрін қарастыру. Бір сөзбен айтқанда, ол екі зұлымдықтың екеуін де жоюға және екі бірдей игілікті орнатуға тырысады».

«Бірінші басшы парасатты адам болып, оның билігі де шынайы әділ болса, бұл басшы өзі жасаған қағидалар арқылы өзін және қарамағындағыларды шынайы «ең ұлы бақытқа» жеткізуге тырысады. Соның нәтижесінде ол дін де парасатты дін болады. Ал егер бірінші басшының басқаруы надан билік болса, онда өзінің надандық кісілігімен жасаған шарттары арқылы өзін және қарамағындағыларды надандық игіліктердің

біріне итермелегені». «Нағыз әкім. Ол – бірінші басшы, сондықтан оның бойында ұштасқан алты қасиет болу керек: даналық, асқан пайымдағыштық, қалтықысыз сендіру қабілеті, өте жақсы қиялдау қабілеті, қасиетті соғысты өзі бас болып жүргізу қабілеті және оның тәнінде қасиетті соғыспен байланысты істерді жүргізуге бөгет жасайтын ешнәрсенің болмауы. Мұндай адам... өзінің қалауынша басқара алады». «Надандық игілік дегеніміз – денсаулық, есендік сияқты берілген игіліктер немесе байлық, ләззат, жомарттық, ұлылық, артықшылық сияқты жақсылықтар. Парасатсыз басшы мұндай игіліктерді иемденіп, сол арқылы қол астындағыларды бақытқа бөлеуі мүмкін. Ол бұл игіліктерді қол астындағыларды мақсатына жеткізу үшін әрі осы мақсаттың әрі қарай жалғасуын қамтамасыз ету үшін қолданатын құрал ретінде көреді. Осылайша ол тек қана қол астындағыларды немесе өзін және басқаларды сол баяғы игіліктерге кенелтуге тырысады. Парасатсыз басшылардың ішіндегі ең сорақысы осы екеуі. Егер бірінші басшының билігі адасушылықтағы басқару болса, басшыны парасат пен даналық деп танығаны, расында олай болмаса да қарамағындағыларды да солай болғанына сендіретін билік түріне өзін және қол астындағыларды ешқандай шынайылығы жоқ ең ұлы бақыт елесіне жеткізуге тырысады». Мемлекет басшысының қасиеттеріне арнайы ол Мемлекет қайраткерінің нақыл сөздері деген еңбегін жазған. «Шын әкім – қалаларды басқарғанда өзі қолданатын өнерде өзі үшін және қаланың басқа тұрғындары үшін басқару өнерінің шегі жеке мақсаты болып табылатын бақыт орнатуды өзінің талабының мақсаты және өмірлік ісі етіп алға қоюшы адам. Қайырымды қалалар әкімінің ең бақытты адам болуға тиістілігі логикалық қажеттілік болып табылады, өйткені қала тұрғындарының бақытқа жетуіне оның өзі себепші болады». «Егер ел билеуші шынайы қайырымдылықтың жаршысы бола білсе, онды оның халықты басқарудағы басшылық қызметі де сан-алуан жақсылық істерге толы болады. Дәл осындай игілікті мақсатты ойдағыдай жүзеге асыра білгенде ғана елбасының өзі де, оның қол астындағы әрбір адам да шексіз бақытқа кенеледі, ал мұндай жағдай нағыз бақыттың өзі болып саналады». Басшыны Әл-Фараби бірінші және екінші басшы деп бөледі. Фараби қайырымды қаланың бірінші билеушісіне жүре келе дарыған емес, жаратылысынан болуы керек он екі талап қояды:

Біріншіден, әкімдік лауазымға сенімді, кез келген қызметті атқара алатын дана, эрудициялы табиғи денсаулығы өте мықты адам тағайындалады. «Тәннің кемелдігі – денсаулық. Денсаулық бар болса, оны сақтау керек. Жоқ болса, оған жетуге тырысу керек».

Екіншіден, ол табиғатынан қабілетті, алғыр, ұғымтал кез келген мәселені түбегейлі танып, халықпен тілдесе алатын қызу сөзімен баурап әкететін жақсы баяндамашы болуы шарт. «Ел билеуші надандықтың жолына түссе болғаны, ол міндетті түрде өзінің ойындағы арам пиғылдарын жүзеге асырудың жолдарын қарастыра бастайды. Сөйтіп, оның қызметіне билік пен мансап, тәкаппарлық пен намысқойлық, байлық пен масайраушылық басты орынға шығады».

Үшіншіден, әкім – ой-өрісі жоғары, зиялы, мүдделі, алға қойған мақсаты бар адам. «Бірінші елбасына іс-әрекеттердің барлығын болмаса да, олардың денін нақты дәлелдеу мен шегіне жеткізу жүктеледі».

Төртіншіден, ол - көпшіл, маңайындағылардың пікірін қабылдап талқылайтын қамсыз көңіл күймен қамтамасыз ететін парасатты тұлға. «Парасаттылық дегеніміз – қала халқына, қалалар мен қауымдарға тікелей қатынасты іс-әрекеттер барысында жинақталған өмірлік тәжірибелер арқылы сипатталатын ерекше күш болып табылады».

Бесіншіден, шешен, тілмәр, дәлелді айқын көзқарастағы адам әкім бола алады. «Жаңылыстар мен қателіктерге ұшыраған ел билеуші өзінің халықты басқарудағы қабілеттері мен даналық қасиеттерінің жоғары екендігіне шек те келтірмейді».

Алтыншыдан, әкім – тумысынан оқымысты, жаңалықты үйренуге құмар, бір іске байланысты басшы нұсқаулар, жөн-жобалар және ережелер жинағын зейіні жетіп ұғынатын болуы шарт. «...Елбасы қажетті мемлекеттік істерге байланысты заңдар шығарудың орнына, сол істерді нақты тұрғыдан шешудің жолдарын қарастыруда өз білімділігі мен ақыл-ойына арқа сүйейді».

Жетіншіден, халық қалаулысы, сенім артқан ерекше адам болғандықтан, әкім өте инабатты нәпсісі тиылған, тәубәмен күн кешетін, тән құмарлығынан ада, табиғатты сүйетін адам. «Адамның іс-әрекеттері мен нәпсілік талаптарын жақсы немесе жаман ететін хал ахлақ деп аталады. Ахлақ адамның жақсы немесе жаман істерді істеуіне себеп болатын нәрсе».

Сегізіншіден, ақиқат пен әділдікті мақұлдап, өтірік пен екіжүзділікті айыптайды. «Әділеттілік дегеніміз – бұл ең алдымен қаланың барлық тұрғындарының үлесіне тиетін ортақ игіліктердің бөлінуі және бұдан кейін олардың арасына бөлінген сол игіліктердің сақталуы. Бұл игіліктер – аман-саулық, байлық, қадір-құрмет, алатын орын және олардың қатысы болуы мүмкін басқа сондай игіліктер».

Тоғызыншыдан, әкім – кең пейілді, қайырымды ақ көңілді, өлімнен ұят күшті деген түсінікпен жүретін адам. Әл-Фарабидің ойынша,- «алдау, айла және екі жүзділік дегеніміз – игілік сияқты болып көрінетін пасықтық әрекеттер істеу, пасықтықпен пайда табу немесе пасықтықпен ләззат алу үшін ненің қолайлы және дұрыс келетінін мінсіз ашу» әділетті әкімнің еншісінде.

Оныншыдан, байлықты қолдың кірі деп пайымдайды. «Адамның байлықты алмай, оны қалдырғандағы көрсеткен әділеттілігі жөнінде де соны айтуға болады». «...Қала билеушілері қалаларды басқарудағы мақсат – баю деп ойлайды». «Байлықты тапқанда оны өзін құрметке бөлеу үшін тапқысы келетін адам мен құрметті және өзіне бағындыруды қалағанда байлық табу үшін қалайтын адам арасында зор айырмашылық бар екені мәлім. Бұл соңғыларын пасық әкімдер деп атайды».

Он біріншіден, әкім – тәртіп орнатады, билік түрлерін қалыптастырады, әділетсіздікпен күрес жүргізіп, әскери өнерді жетік біледі, қол астындағыларды бақыт жолына жетелейді. «Ізгілікті қаланың әміршісі халықтар ынтымақтастығын ойдағыдай жүзеге асырады».

Он екіншіден, әкім – жүректі, батыл, бір шешімді, айтқанынан қайтпайтын ержүрек адам.«Ол ажалдан тіпті де қорықпайды; өлім оны абыржытарлық дәрежеде қорқыта алмайды».

Екінші басшының, яғни бірінші басшының орынбасарының бойында болуы керек қасиеттер мыналар: 1-философ болу, 2-бірінші басшының өсиеті бойынша жүруі керек, 3-кейбір жаңа мәселелерде жаңа заң шығару, атқару жұмыстарын жүргізу, 4-ақылды, тәжірибелі болу, 5-халыққа жол көрсете алатын, 6-қызметте болсын, соғыста болсын бірлікті болып, дені сау болуы керек. Егер осы шарттардың барлығын бойына жинаған адам табылмай, бірі философ, екіншісі де қалған шарттарды бойына жинаған адам табылса, онда екеуі де бірдей басшы болуға лайықты. Әр қасиет әр адамда болса, онда олардың барлығы да ең жоғарғы басқарушылар болады. Егер философия басшылыққа керекті қасиеттердің бірі болудан қалса, қалған шарттар болған күннің өзінде ел басшысы бола алмайды, қауым жойылып кету қаупіне ұшырайды. Елбасының қарамағында философ болмаса, бұл ел жойылып кетуі мүмкін.

Қорыта келе, осы мәселе қазіргі біз өмір сүріп отырған тарихи кезеңдегі қоғамда да, атап айтқанда, аса ірі, әрі ауқымды экономикалық және әлеуметтік өзгерістер болып жатқан Қазақстан Республикасы үшін де аса маңызды. Мемлекетті басқару өнері республикамызда нарыққа көшудегі жіберілген қателіктерді жөндеп, енді қайталамай, дағдарыстан шығу үшін, стратегиялық нысанамыз Қазақстанды шаруашылық жағынан түлетіп, әлеуметтің нарықтың шаруашылық негізін

қалыптастыру, халықты әлеуметтік жағынан қорғаудың тиімді жүйесін жасау үшін де керек-ақ. Ұлы ойшылдың азамматтық ғылымға мемлекетті басқару мәселесі мен идеалды қоғамды кіргізуі өзі өмір сүрген дәуір тұрғысынан алғанда сөзсіз ілгерішіл бағыт, батыл қадам болды десек, ол бүгінгі таңда өзінің мәнін жоймақ емес.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. https://kk.wikipedia.org
2. https://egemen.kz
3. libr.aues.kz/facultet/eef/kaf_sd/5/umm/sd_4.htm
4. https://adebiportal.kz

ӘОЖ 94 (574) (045)

ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ӘЛ-МАШАНИ

Асқарбеков Асхат, «Тарих» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Агниязқызы А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы.

Аңдатпа: мақалада бүкіл адам баласына білім нұрын төккен және барлық адамзатқа екінші ұстаз болған ұлы тұлға Әбу Насыр Әл-Фарабиді қазаққа қайтарып қана қоймай оның қанының түркі екендігін дәлелдеген ұлы ғалым Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машанидің осы ерлік ісі баяндалады.

Түйінді сөздер: Әл-Машани, Әл-Фараби, Түркістан, шет ел, кітапханалар.

Ақжан Жақсыбекұлы Әл-Машани (1906 жылы, қазіргі Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Нұркен ауылы – 02.05.1997, Алматы) – геолог ғалым, тау-кен инженері, геология-минералогия ғылымдарының докторы (1946), профессор (1968), ҚР Ұлттық ғылым академиясының алғашқы құрылтайшыларының бірі және академияның корреспондент мүшесі (1946), Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым қайраткері (1966).

Ол ғылымның сыр сандығын біртіндеп ашып, інжу-маржанын, талғаммен терген жан. Ғалым «Кісіліктің өлшемі – білімділік, сондықтан да барлық ғылымдар тарихын жақсы білу керек» деген қағиданы біздерге айтудан жалықпады және өзі де өмірінің соңғы сағатына дейін ғылымды сүйіп, ұлы ғалымдарды құрмет тұтып кетті.

Осы саладағы Ақжан Жақсыбекұлының баға жетпес, ерлікке пара-пар келетін, еңбегі – ұлы бабамыз Әл-Фарабидің қазақ топырағында туып қана қоймай, қаны түркі екендігін дәлелдеудегі, оның еңбектерімен ұрпағын сусындату және насихаттаудағы теңдессіз қызметі.

Ақжан Әл-Фараби есімін 1943 жылы Чехия ғылым академиясының президенті, соғыс жылдары Алматыға ығысып келген Э.Кольманнан естиді. Сол сәтте ақ «ол қазақ болмасын» деген санасына жылт еткен ғалым, кейін Отырарда дүниеге келгенін білген соң оның қазақ екендігін бүкіл әлемге дәлелдеуді өзіне мақсат тұтады. Геология саласындағы жұмыстарын былай қоя тұрып, Әл-Фарабиға толықтай кіріседі. Ақжан Жақсыбекұлы өз жұмысын Берлин, Лисабон, Париж, Каир, Мадрид қалаларының кітапханаларынан баба еңбектерін іздестіруден бастайды. Ақырында Ыстамбұлдан біраз дүние табады. Шетелге бара жатқанның бәріне «қарай кел» деп Әл-Фараби мұрасын тапсырады. Нәтижесінде, академик дәрігер Сайын Балмұханов Әл-Фарабидің кітаптарының тізімін әкеліп берсе, академик Шахмардан Есенов Канадаға барған

сапарында екінші ұстаздың Бейрутта араб тілінде шыққан еңбегін әкеліп сыйға тартады. Ал Ақжанның өзі Әл-Фарабидің үш кітабын Ғазиз медресесінің кітапханасынан табады. Солай 1971 жылы Мәскеуде болған ғылым тарихына арналған ЮНЕСКО-ның 13-ші конгресінде Әл-Фарабиге арналған симпозиумде А.Машани бастаған қазақ ғалымдарының зерттеулері Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференцияны СССР-де, Қазақстанда өтуіне шешім алуға негіз болды. Бұл шешімнің өзіне Машани оңайлықпен қол жеткізген жоқ.

Ақжанның арқасында Әл-Фараби сынды ұлы ғұламаның рухы, есімі өз Отаны қазақтың қара топырағына қайта оралды. Бұл жолда жер жүзі елдерінің кітапханаларында шашырап жатқан Әл-Фараби еңбектерін жинап, 1969 жылы бабамыздың Дамаск қаласынан бейітін тапқан да Әл-Машани еді. Ұлы бабамыз Әл-Фарабидің мәңгі мекені – Баб ас-Сағир зираты басындағы көңіл-күйін, ішкі сезімін біздерге жырдай қылып айтушы еді және оны өзінің «Әл-Фараби және Абай» атты кітабында жазып та кетті. «Қабір басында көз жасымды тыя алмадым, қабіріне бас иіп тұрып, бір шөкім топырағын орамалымның шетіне түйіп алдым да, құранның өзім білетін сүрелерінің бірін ағытып қоя бердім» дейтін. Әл-Машанидің бабамыздың басында тұрып шығарған өлеңі де бар:

Түркістан, Шам арасын жақындатқан бабамыз
Басыңа келді ұрпағың, ақылды, дария данамыз.
Араб, парсы, түрікте Сізді білмес жан бар ма?
Басқалар да таниды тарихқа көзін салғанда.

Зират – айлап басыңды
Елден іздеп келген ем.
Тәбәрік етіп бір уыс
Топырақ алдым мен сенен.

Мағауия мешіті,
Сан ғасыр бастан кешірген.
Қасында әлі тұр екен.
Дар ас-Салам ол мекен.

Торқалы мекен тоғысқан
Тоқсан тарау жол екен.
Сізге де мекен болыпты
Ел басын қосқан сол мекен.

(23 қыркүйек 1968 ж. Дамаск. «Әл-Фараби және Абай» кітабынан, 40-бет)

Әл-Машани қаламынан ұлы бабамызға арналған «Әл-Фараби мұрасын зерттеу туралы», «Шығыстың Аристотелі», «Әл-Фараби еңбектерін қазақ тіліне аудару туралы», «Әл-Фараби», «Орта Азия мен Қазақстанның ұлы ғалымдары», «Әл-Фараби және Абай» сияқты көптеген кітаптары жарық көрді.

Әл-Фараби мұраларына арнап осындай еңбек жазып жүрген және 1978 жылы Әл-Фарабидің 1100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық конференция өткізуге көшбасшы болған Ақжан Жақсыбекұлы әлем оқымыстыларын өзіне тәнті етті. Жетпісінші-сексенінші жылдары Әл-Машани қаққан дабылдан кейін Түркістандағы Ахмет Ясауи кесенесінде, Отырар, Арыстанбаб тарихи қорымына мемлекет тарапынан көңіл аударыла бастады. 1985 жылы ғалымның өзі Түркістанға барып, Отырар мұражайының ашылуына атсалысты. Ол Қазақстан Республикасы мен шет елдердегі Әл-Фараби мұрасын зерттеушілердің алғашқы ғылыми кеңесшісі болды.

2001 жылдың 12 қазанында Оңтүстік Қазақстан облысының сол кездегі әкімі Б.Сапарбаевтың қолдауымен халықаралық деңгейде Әл-Фарабидің 1130 жылдығы аталып өтті. Әкім бекіткен арнайы сыйлық және Әбу Насыр Әл-Фараби атындағы сыйлықтың №1 куәлігі артына мол мирас, өшпес іс қалдырған Әл-Машаниға берілді.

А.Машановтың ғылыми-шығармашылық бір мұраты «Екінші ұстаздың» орнында қалған қыруар баға жетпес мұрасын зерттеу, саралау, қалың оқырманға қаймағын бұзбай жеткізу болды. Сол ерен еңбегінің алғашқы жемісі – «Әл-Фараби» тарихи-деректі кітап.

Сол кездегі Ғылым академиясының президенті, академик Ш.Есенов кітапқа алғысөз жазған. Онда: «Бүгінгі таңда Қазақстанда Фарабидің «қайта тууына» көп қайрат жұмсап жүрген еңбеккер ғалым Ақжан Машанов өзінің көп жылдық еңбегінің жемісі ретінде осы «Әл-Фараби» атты кітабын ұсынып отыр. Оқушыны өзіне қызықтырарлық тартымды әңгіме-аңыз, ғылыми дерек, батыл гипотезалар кездеседі. Соның бәрі қосылып келіп Әл-Фараби туралы түсінікті молайта түседі. Халықтық ілім-білімді кең қамтыған, берерлік мағлұматы мол, көп нәрселерге жаңаша қарауға шақыратын, қиялды қозғайтын қызғылықты туынды», - деп, жоғары баға берген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әл-Фараби және Абай. – А., 1994.
2. Абай – ислам жолындағы дана // Сарыарқа, –1995.
3. Әл-Фараби көпірі. Көп томдық шығармалар жинағы. – А., 2005.
4. Фараби – ғибратты ғалым. – А., 2006.
5. ZHASORKEN.KZ: Әбдіраман Ш. Машан бидің немересі. 2014.
6. Машани А. Әл-Фараби еңбектері туралы // Білім және еңбек. – А., 1962. – №1.
7. Қазақстан: Ұлттық энцклопедия / Бас редактор Ә.Нысанбаев. – А., 1998.

ӘОЖ 94 (574) 045

ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ӘЛ-ФАРАБИ

Казиева Асель, «Тарих» мамандығының 1-курс студенті
Ғылыми жетекші: Агниязова А., «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы.

Аңдатпа: мақалада Әл-Фараби еңбектерінің өркениеттің, ғылымның, әлемдік философияның дамуына ықпалы,орта ғасыр кезеңінде Әл-Фарабидің философиялық жүйелі ойлары ғылым тарихында, логика, музыка теориясы, астрология, теоретикалық медицина, математика, мемлекет іліміне қатысты еңбектері, әр түрлі тарихи кезеңдерде күні бүгінге дейін маңызын жоғалтпай мұраларының зерттелуі, насихатталуы қарастырылады.

Түйінді сөздер: Әл Фараби, трактаттар, ислам діні, рухани мұра, өркениет.

Зерттеушілер, ислам әлемінің ғұламасы – Әл-Фараби туралы зерттеулердің ғалымдар тарапынан зерттеулері, ХХғасырдың 80-жылдарында басталғаны, яғни кеңес мемлекетінде «кіші ұлттар» тарихы мен мәдениетіне жаңа жұмсақ көзқарастардың орныға бастауымен сипаттайды. Шын мәнінде бұл бөлектеп алынған мемлекет ішіндегі саясат емес, Шығыс халқының рухани қазынасына көңіл аудара бастағандық еді. Бұл

өзгеріс Батыс ғалымдарының Еуроцентристік көзқарасына белсенді күрес арқылы мүмкін болды.

Әл-Фараби еңбектері Еуропалық мемлекеттерге XII-XIII ғасырлардан танымал болды. Орта ғасырлық Еуропа классикалық ежелгі грек философиясын Әл-Фарабидің арқасында танысуға мүмкіндік алды. XII-XIII ғғ. өзінде-ақ оның философиялық трактаттары ежелгі еврей және латын тілдеріне аударылды. Бірақ Әл-Фараби мұрасын жүйелі әрі нақты зерттеу оның трактаттарының мәтіні мен аудармаларын басып шығарумен қатар, зерттеу жұмыстары XVIII-XIX ғғ. ортасында шыға бастады.

Орта ғасырлық Еуропа, классикалық ежелгі грек философиясымен көп жағдайда Әл-Фараби еңбектері арқылы танысты. Мәселен, XII ғ. кезінде оның «Ғылымдар классификациясы» деген еңбегі латын тіліне екі рет аударылды. «Сананың мәні туралы», «Сұрақтар негізі», «Бақыт жолы туралы» және логикаға байланысты трактаттары мен басқа да еңбектері XII ғ. бастап XVII ғ. дейін латын тіліне бірнеше рет аударылды. Роджер Бэкон, атақты Әбу Әли ибн Сина (980-1037) және басқалар Әл-Фарабидің «Энциклопедиясының» тікелей әсерімен өздерінің белгілі энциклопедиялық еңбектерін жазған. Еуропа ғалымдарын да ұлы ғұламаның өмірі мен еңбектері қызықтырған, атап айтқанда Роджер Бэкон, Леонардо да Винчи, Спиноза, т.б. неміс ғалымдарын қаншалықты дәрежеде Әл-Фараби мұрасы еуропалықтарды таңқалдырғанымен Шығысқа көзқарас қатаң күйінде қалды. Бұл көзқарасқа серпін берген саяси егемендік еді. Ол ұлтжандылық сезімін қалыптастырып қана қоймай халықтың бай өткен тарихы мен мәдениетін мақтаныш биігіне көтерді. 1857 жылы Египетте Ибн-Халдунның «Кіріспесі» басылып, онда араб оқырмандары АШ-Шахристани, Әл Ғазали,Ибн Рушд, Мискавейх, Ибн Сина, Әл Фараби шығармаларымен таныса бастады. Басты мақсат, философиялық игіліктерді болашақ даму, қоғамды әлеуметтік және саяси жаңғырту жағынан қарастыру еді. еді. Міне, осы кезде «екінші ұстаз Әл-Фараби деген түсінік толық дәлелін тапты. Ибрагим Мадкурдың 1934 жылы Парижде француз тілінде «Фарабидің мұсылман философиясындағы орны» атты еңбегі жарық көріп: «біздің ойымызша, осыған дейін белгісіз болып келген бұл ойшыл, мұсылман философиясының атасы болса керек» деген қорытындыға келді Мадкурдан кейін, Фараби философиясының бай мазмұнын ашуға тырысқан шетел ғалымдары М.Штейншнейдер, Р.Хаммонд, Р.Вальцер, Ф.Дитерици де Бур, Карра де Во. Тураба, Хартен және басқалар болды. 1975 жылы қазақ философтарының ұйымдастыруымен Әл-Фарабидің 1100 жылдығына байланысты өтетін «Мәскеу, Алматы, Бағдад халықаралық ғылыми конференциясына дейін, түркі әлемінің ғалымдары ұлы ойшыл ғалымды зерттеуге атсалысты. Өзбек ғалымы М.М.Хайруллаев 1961жылы «Абу Насыр Аль-Фараби», 1963 жылы «Фараби және оның философиялық трактаттары», 1967 жылы «Фараби дүниетанымы және философия тарихындағы орны» еңбектерін өз тілінде Ташенттен шығарды.

1975 жылы Б.Г.Ғафуров пен А.Х.Қасымжановтың Мәскеуде «Аль-Фараби в истории и культуры» кітабы шығуы араб-мұсылман философиясымен шұғылданатындарға үлкен серпін берді. Ал Әл-Фарабидің тарихи Отанына қайтару жұмысын Қазақстан Ғылым Академиясы Философия институтының жанынан арнайы Фарабитану тобы көп үлес қосты. Аманжолов, М.С.Бурбаев жетекшілік жасаған бұл ғалымдар Фараби еңбектерін орыс, қазақ тілдеріне аударды. Әбу Насыр шығармашылығын мұқият А.Х.Қасымжанов, А.Х.Машанов, А.К.Көбесов, К.Т.Таджиков ғалымдарының монографиялары жазылды. 1975 жылы белгілі жазушы Ә.Әлімжанов «Ұстаздың оралуы» үлкен мақтаныш болды. Осылайша аз уақытта Фарабитану әлемге әйгілі болып, ғалымдар Е.Э.Бертельс, С.Н.Григорьян, А.Б.Сагадеев, В.В.Соколовтарды айта кету қажет. Әл-Фараби артына Стамбул мен Париждің, Тегеран мен Лейденні, Мадрид пен Калькуттаның кітапханаларындағы көптеген қолжазбаларда

көрініс тапқан бай философиялық мұра қалдырды. Б.Г.Гафуров пен А.Х.Қасымжанов әр түрлі елдер кітапханасында болып, Тегеранда Меджилис кітапханасында оның 14 шығармадан тұратын 7 колжазбасы, Стамбулда АЙА София кітапханасында 16 шығармадан тұратын 10 қолжазба Британ музейінде аса құнды қолжазбасы 11 трактаттан тұрады. Өзбекстан Ғылым академиясының Шығыстану институтында «Даналар трактатының жинағы» деген атпен №1285 қолжазбасы сақтаулы. Ол Әл Фарабидікі деп саналатын 16 трактаттан тұрады.

Ресей Ғылым Академиясы Шығыстану институтының Санкт-Питербург бөлімінде Әл-Фарабидің 10 трактаты енетін қолжазбасы сақтаулы. Тәуелсіздік жағдайында Қазақстанда Әл-Фараби сияқты әлемдік деңгейдегі ұлы ойшылға деген қызығушылық ұлғая түсіп республикалық Фарабитанушыларының жемісті еңбегімен терең зерттелуде. Фараби мұраларын зерттеп, саралау ХХ ғасырдың І жартысынан бері жолға қойылды деп шамалауға болады. Әл-Фараби сынды ұлы ғұлама есімінің өз Отаны – қазақ топырағына қайта оралуына үлкен ғалым, академик Ақжан Машанов орасан зор еңбек сіңірді. Ол 50 жылдан астам өмірін Әл-Фараби бабамызды зерттеуге арнады. А.Машанов 1958 жылдан бастап Лондон, Каир, Париж, Берлин, Лиссабон, Бейрут, т.б. қалалардың ең ірі кітапханаларына хат жазып, Әл-Фарабидің шашырап жатқан мұраларын жинастырып, оның бірталай еңбегінің библиографиясын тауып алады. 1961 жылы Әл-Машанидің республика Ғылым академиясы хабаршысының №5 санында «Әл-Фараби және оның мұралары» деген алғашқы мақаласы шығады.

Әл Фараби мұрасын қазіргі таңда зерттеушілері осы әлемдік деңгейде зерттеп дәлелдеген арамызда жоқ алғашқы қарлығаштар, олар: Ақжан әл-Машани, А.Х.Қасымжанов, Е.Д.Харенко, Б.Я.Ошерович, С.Қ.Сатыбековалар Шығыс пен Батыс философиясын байланыстырушы Әл-Фараби мұраларының терең зерттелуі мен насихатталуы – академиялық ортаны жаһандық мәселелерді шешу жолдарын іздестіру мақсатына біріктіруге мүмкіндік береді. Сондықтан да БҰҰ Өркениеттер Алясьбі жанынан Әл-Фарабиді зерттеу бойынша тұрақты бөлім ашу жоспарлануда. Қазір мұндай Әл-Фараби ғылыми орталықтары Ыстамбұл және Иордан университеттерінде табысты жұмыс істеуде. Әлем мұрағаттары мен кітапханаларында сақталған Фараби мұрасын жинап, жүйелеп, зерттеп, ғылым игілігіне, ұлт мүддесіне жаратуда.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың басшылығымен жасалған «Мәдени мұра» бағдарламасы шеңберінде Әл-Фарабидің он томдық еңбектерінің жарыққа шығуы үлкен маңызға ие болды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қасымжанова А.Х. Әл-Фараби. – А., 1997.
2. Гафуров Б.Г ., Касымжанов А.Х. Аль-Фараби в историй культуры. – М., 1975.
3. АлтаевЖ.А Қазақ халқының рухани мұралары. – А.,1998.
4. Қабылова А. Әл-Фараби және араб-мұсылман философиясы. – А.,2004.
5. А.Машанов. Әл-Фараби және Абай. – А., 1994.
6. Аль-Фараби. Трактаты о музыке и поэзии. – А., 1993.
7. А.Көбесов. Әбу Насыр Әл-Фараби. – А., 2004.

«ҰЛЫ ОЙШЫЛ, ҒҰЛАМА – ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ДАНАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»
атты апталық аясында өткізілген іс-шаралардың сценарийлері

1. «ҰЛЫ ОЙШЫЛ, ҒҰЛАМА – ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ДАНАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»
атты апталықтың салтанатты ашылуының жүргізілу тәртібі

27 ақпан, 2020 жыл

Іс-шараның басталуы: сағат $15^{\underline{00}}$

Жүргізуші:

Армысыздар! Құрметті қонақтар, қымбатты профессор-оқытушылар құрамы және студент-жастар! Ш.Есенов атындағы университеттің «Қазақстан тарихы» кафедрасы ұйымдастырған «Ұлы ойшыл, ғұлама – Әл-Фарабидің даналық негіздері» атты апталықты ашық деп жариялаймыз!

Бүгінгі апталықтың басты **мақсаты** – биыл, 2020 жылы туғанына 1150 жыл толып отырған дүние жүзілік білім мен мәдениеттің екінші ұстазы атанған данышпан, адамзаттың ұлы ойшылы Әбу Насыр Әл-Фарабидің өмірі мен шығармашылығын, тарихы мен тағылымын, маңызын өскелең ұрпаққа ашып көрсете отырып, жастарға Әл-Фарабидің мұраларының бүгінгі ұрпақ үшін өнеге екенін насихаттау.

Жүргізуші: Кіріспе сөзді Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің тәрбие және әлеуметтік жұмыс жөніндегі проректоры Аманиязова Гүлімай Демегеновнаға беріледі *(проректор сөзін оқиды).*

Проректордың сөзі:

Құрметті апталықтың ашылу салтанатына қатысушылар! Университет басшылығы *атынан «Ұлы ойшыл, ғұлама-Әл Фарабидің даналық негіздері» атты апталықтың ашылуына қош келдіңіздер!*

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында: «Орасан зор кеңістікті игере білген түркілер ұлан-ғайыр далада көшпелі және отырықшы өркениеттің өзіндік өрнегін қалыптастырып, өнер мен ғылымның және әлемдік сауданың орталығына айналған ортағасырлық қалалардың гүлденуіне жол ашты. Мәселен, орта ғасырдағы Отырар қаласы әлемдік өркениеттің ұлы ойшылдарының бірі Әбу Насыр Әл-Фарабиді дүниеге әкелсе, түркі халықтарының рухани көшбасшыларының бірі Қожа Ахмет Яссауи Түркістан қаласында өмір сүріп, ілім таратқан» деп жазып, Ұлы даланың даңқты тұлғаларына ерекше назар аударды. Тарихи сананы жаңғырту үшін ең алдымен ұлт қаһармандарын үлгі тұтуға, олардың өнегелі өмірі мен артына қалдырған құнды еңбектерін елге, әсіресе жас ұрпаққа кеңінен насихаттауды тапсырған болатын. Үстіміздегі жылы Ұлы даланың ұлы тұлғасы, ұлтымыздың мақтанышы – Әбу Насыр Әл-Фараби бабамыздың 1150 жылдық мерейтойы аталып өтуде.

Әбу Насыр Әл-Фараби – түркі ойшылдарының ең атақтысы, ең мәшһүрі, «Әлемнің 2-ұстазы» атанған ғұлама. Оның заманы «Жібек жолы» бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Әбу Насыр Әл-Фараби Орта Азия, Парсы, Ирак, араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен, қайраткерлермен танысып, сұхбаттасты.

Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген ойшыл философия, логика, этика, метафизика, тіл білімі, жаратылыстану, география, математика, медицина, музыка салаларынан 150-ге тарта трактат жазып қалдырды. Шығармаларында көне грек оқымыстыларының, әсіресе, Аристотельдің еңбектеріне талдау жасады. Болашақ ғалым алғашқы сауатын туған жерінде өз тілімен ашса да, 12-16 жас шамасында керуенге ілесіп, білім іздеп Бағдатқа кетеді.

Әбу Насыр Әл-Фараби дүниеге келгенге дейін 126 жыл бұрын түркілердің үлкен мәдени орталығы болған Фараб қаласы бейбіт жолмен ислам дінін қабылдаған болатын. Ол кез санасы ашық әрбір мұсылманға ислам діні ғылымымен шұғылдануды парыз еткен. Осы кезден бастап Әбу Насыр Әл-Фараби араб тілді ғалым болып есептеле бастады.

Дүние жүзі мәдениетінің дамуында із қалдырған қайраткерлер осы заманға дейін адамзат мәдениетінің бірлігін паш етіп келеді. Әл-Фараби осындай дүниежүзілік тарихи тұлғалардың санатына қосылады. Ол туған елінің мәдени байлығын, Иранның, Үндістаннің ежелгі дүние мәдениеттерінің жемістерін бойына дарытты. Дәл сондықтан да ол таяз ұғымдар мен соқыр сенімдерден жоғары көтеріле білді. Өзінің ойлау жүйесін сындарлы да икемді ете білді. Әл-Фараби заманындағы өнер-білімнің ең асылын таңдап ала білді. Өз дәуірінің шынайы энциклопедиясын жасап берді. Оның терең мағыналы пікір айтпаған, жете зер салмаған, данышпандық болжам жасамаған бірден-бір саласы жоқ деуге болады.

Кеңес үкіметі кезінде Әл-Фарабиді көптеген адамдар зерттеген болатын. Олардың кемшілігі: ғұламаны Ислам өркениетінен алшақтатып көрсетті. Фараби туралы ақиқатты айтқан жоқ. Тәуелсіз Қазақстанда Ұлы бабамызды алдағы уақытта ешқандай шектеусіз зерттеуге толық мүмкіндік бар деп ойлаймын. Сонау Х ғасырда жазылған ғұламаның еңбектері XXI ғасырдағы ғалымдардың зерттеу объектісіне айналып отыр. Бүгінгі ашылып отырған апталығымыз осы Ұлы ойшыл, ғұлама – Әл-Фарабидің даналық негіздеріне арналады. Сөз соңында апталықты ұйымдастырушылар мен қатысушыларға сәттілік тілеймін.

Жүргізуші: Рахмет, Гүлімай Демегеновна!

Назарларыңызға «Әл-Фараби – өркениет философы» атты деректі фильмді ұсынамыз *(экранда деректі фильм жіберіледі, 10 мин.).*

Жүргізуші: Апталықтың жоспарымен таныстыру үшін сөз «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Эльвира Амангелдіқызы Аблановаға беріледі *(жоспар экраннан көрсетіледі)*

Жүргізуші: «Қыпшақ даласынан шыққан ұлы энциклопедист» тақырыбындағы баяндаманы оқу үшін сөз география ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті Ахмет Демеұлы Демеевке беріледі *(баяндама оқылады).*

Жүргізуші: Баяндамаңызға рахмет, Ахмет Демеұлы!

Келесі баяндаманың тақырыбы «Фараби портреті қалай туындады». Баяндамашы: тарих ғылымдарының кандидаты, «Қазақстан тарихы» кафедрасының доценті Сәрсенғали Сағызбайұлы Бекешов *(баяндама оқылады).*

Жүргізуші: Баяндамаңызға рахмет, Сарсенғали Сағызбайұлы!

Әл-Фараби еңбектерінен университет кітапханасының қызметкерлері дайындаған «Әл-Фараби қазынасы» тақырыбындағы кітап көрмесімен кітапханашы

Байболғанова Салима Әбдімұханқызы таныстырады *(кітапханашы көрмемен таныстырады).*

Жүргізуші: Рахмет, Салима Әбдімұханқызы!

Бүгінгі іс-шараның соңында кезекті әнге береміз. «Ұлы дала» әні. Орындайтын – «Дене шынықтыру және спорт» мамандығының 3-курс студенті Молдаханов Еркебұлан *(музыкалық номер).*

Жүргізуші: Рахмет! Осымен «Ұлы ойшыл, ғұлама – Әл-Фарабидің даналық негіздері» атты апталықтың ашылу шарасын жабық деп жариялаймыз.

2. «МЕН ТАНЫҒАН ӘЛ-ФАРАБИ»

тақырыбындағы Әл-Фарабидің атақты «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты еңбегі бойынша «Тарих» мамандығының 1-3-курс студенттерінің театрландырылған қойылымының жүру барысы

Құрметті әріптестер мен студенттер!

«Қазақстан тарихы» кафедрасының ұйымдастыруымен «Ұлы ойшыл, ғұлама – Әл-Фарабидің даналық негіздері» атты университетішілік апталық жұмысы өткізілуде. Осы апталықтың жұмыс кестесіне орай бүгін «Мен таныған Әл-Фараби» атты тарихи тағылымдық іс-шараны ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

Халқымыздың даналығын білдіретін ірі тарихи тұлғаларды зерделеу қазіргі ұрпақтың, гуманитарлық ғылымдардың қасиеті парыздарының қатарына жатқызамыз. Осы тұрғыдан алғанда ғасырлар қатпарларында жасырынған рухани мұралар көптеп саналады.

Бүгінгі іс-шараның **мақсаты** – ғылым мен мәдениеттің, өнер мен музыканың алтын қорына өлшеусіз үлес қосқан ұлы ойшылдың өмірі, ғылыми мол мұрасы, адами қасиеттері, яғни, ғұламаның жан жақты тұлға болғандығын, оның еңбектерінің білімдік және тәрбиелік маңызын студенттердің шығармашылығы негізінде көрсете отырып, жастарға Әл-Фарабидің мұраларының бүгінгі ұрпақ үшін өнеге екенін насихаттау.

Іс-шараның жоспары:

– «Фараби тарихымның кейіпкері»
– «Фараби туралы ойлар»
– Көрермен ой-пікірі
– «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы». (Композиция)
– Күй туралы толғаныс
– Фарабидің өз қаламынан туған өлең жолдары
– «Мың жылдан кейін тағы кездес, бабам» – сөз соңы.

1. Фараби тарихымның кейіпкері. (Фарабидің суретімен видео жүріп жатады)

Айдарбек:

- Дүниенің білім және ой тарихынан құрметпен орын алған ұлы ғалым, ойшыл. Физика, химия, медицина, математика ғылымдарында және философияда жеткен

нәтижелерімен дүние жүзілік үлес қосқан, түрік дарыны. Батыстың білім әлемі оны **Әл-Фараби** атымен таниды.

Еркебұлан:

- Ақыл мен білімнің биік мәнін дәріптеген ұлы ойшыл, ғұлама ғалым Әл-Фараби – жаһандық ғылым мен дүние жүзі мәдениетіне үлкен үлес қосқан, дүниенің білім мен ой тарихынан құрметпен орын алған.

Айдарбек:

Фараби, тарихымның кейіпкері,
Керек жоқ дарынсызға кейіп тегі,
Өйткені дарынсыздық ол бір кесел,
Еш кезде жазылмайтын, кеткен кері!
Қиындық, қыспақ күштен тайсалмаған,
Ашам деп құпияны қайсарланған.
Атанған «Екінші – ұстаз» Фарабидің
Ғылымның саласы жоқ ой салмаған.
Білген ол араб, латын, грек тілін,
Ғұлама, Шығысқа көп берген білім,
Пәлсапа, алгебра, музыканы,
Зерттеген бос тастамай бірде-бірін.

2. Фараби туралы ойлар.

Еркебұлан:

О, Шығыс – Адамзаттың сен бесігі,
Алғашқы ақыл-ойдың көл-кесірі!
Адамға сенен бастап мәдениет
Ашылған, алтын қақпа, кең есігі!
Білімге басқа елден бұрын келдің,
Өзгеден жырттың бетін бұрын жердің.
Теңіз бен жұлдыз тану ғылымдарын
Дүниеге барлық жұрттан бұрын бердің!
Сен таптың құпиясын жауһар тастың,
Емдеудің ең алғашқы жолын аштың.
Қолбасшы әлемге ұлы ұлдар беріп,
Дүниеге ақыл, ойдың нұрын шаштың!
Этилла, Шыңғысты да сен туғыздың,
Сел етіп көздің жасын сен жуғыздың...
Пәрмені пирамида – гранит тауды,
Атақты Газыны да сен тұрғыздың!
Көтердің Сфинксті немен пілдей?
Бар ғалам жүрген жоқ па әлі білмей!
Таң қалған адам жеті ғаламатты
Тудырған өзінсің ғой бәрін бірдей!
Теңесең шайқалмалы минаретке,
Бүгінгі жүз қабат үй керемет пе?
Қарасаң, Тадж Махал шын ғажап қой,
Сұлулық бар ма ондай жер мен көкте?!
Аз емес сен күресіп жыққан жауың,
Аз емес сен Батыстан ұтқан дауың,

Гете айтқан сенің ұлы ақындарың
Әлемдік поэзияға соққан тауын!
Осының бәрі Шығыс, бәрі Шығыс,
Алғашқы алыстарға берген тыныс.

Қобылан: (Экранда «ортағасырлық Шығыс» видеосы жүріп жатады)
Адамда көңіл күйі деген күш бар,
Кең дүние кейде оған көрінер тар.
Кімде-кім өз заманын қабыл етсе,
Бақытты ол, өмірге де келер құштар.
Біреудің өлеңі тек өз билігі,
Оған жат мұң-наласы ел күйігі.
Тек қана үлкен жүрек халқын ойлар
Тіршілік білсең, сонда бар түйіні!
Алады біреу шыңды, біреу өрді,
Тәубе етер біреу есік, біреу төрді,
Шығыстың шыңы менен терін алған,
Дүниеге ақылдың бір Пірі келді!

Медетбек:
Ей, Қыпшақ, Фарабидей дана ұғлың
Дүниеге келсе - дағы Отырарда,
Мысырдан тапты ұлы даналығын!
Сан рет қуантсаң да жүрегімді,
Жат елден берді тәңір тілегіңді.
Сен алдың Нишапур, Бағдат, Мысыр, Шамнан,
Қызына, ғылым атты керегіңді!
Мадақтап бас игенде әлем біткен,
Мақтанғам, мен де сені тәңір еткем.
Дегенің «Мен Отырардың баласымын»
Кетпейді, ант сөзіндей, көкіректен.
Сол күннен міне қанша ғасыр өтті,
Фараби ғалым болды құдіретті.
Таңданды жердің жүзі, қайран қалды
Қандай жұрт тапты деп бұл кереметті?!
(Видео тоқтайды).

Айдарбек:
- Көрерменнің ой-пікірлеріне құлақ түрсек. Сіздердің қолдарыңызда Әл-Фарабидің қанатты сөздері немесе еңбектеріне байланысты сұрақ-тапсырмалар бар. Соған байланысты жауап айтам деушілер болса, орындарыңыздан жауап берсеңіздер.

(Көрермендер екі жүргізушіге екі жақтан қолдарындағы қағаздағы сұрақ-тапсырмаларға орындарынан көтеріліп, өз жауаптарын айтады).

Айдарбек:
- Әл-Фарабидің атақты «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты еңбегін біздің тарихшы студенттеріміз композиция түрінде сіздің назарларыңызға ұсынады.

3. Композиция. 3 сюжеттен тұрады. (14-15 адам қатысады) (Экранда Әл-Фараби және ортағасырлық қала үлгісі).

Өмір – табиғат – қозғалыс
Шаңырақ
Билеуші

4. Күй туралы толғаныс

Айдарбек:

- Ортағасырлық педагогикалық ой-пікірдің даму тарихында аты әлемге әйгілі ортағасырлық данышпандары – Қорқыт Ата, Әл-Фараби бір-бірімен жақсы таныған және музыкалық ойлар поэма, күйлер шығарып, оны өзі орындаған.

Еркебұлан:

Қазақта домбыра бар Әл-Фараби,
Ежелден сан алуан ойнаған күй.
Әр жыры – арпалысқан асау тартыс,
Тулаған жүрек толқып, қайнаған ми!
Сол аспап ескі тарих күйін шерткен.
(Жанына күйі батар қиын дерттен)
Сағынып сарғайсаң да оралмайтын
Жоқтайды кәриядай күнін өткен.
Жатқандай одан өрбіп мұң бұлағы,
Бітпейтін қасіретті үн шығады.
Осынау өксік күйге құлақ қойсаң,
Көзде жас, көңілде арман тұншығады.
Бір күй бар домбырада құдіретті.
Ашатын хош иістей көкіректі.
Аты оның Әбу Насыр Мұхамед қой,
Сөйлеткен тіл бітіріп, тоғыз шекті!..

Күй: Дәулеткерей «Көрұғлы»
Орындайтын – Тарих-18-1 тобының студенті Калиллаева Алфия

Айдарбек:

Әл-Фарабидің өз қаламынан туған өлең жолдарын назарларыңызға ұсынамыз:

Гүлшат:

Тіршілікте құрыштай бол төзімді,
Сан мәртебе алдаса да өзіңді.
Тағдырыңды еш уақытта жазғырма
Тіпті кейде болса да әзәзіл азғырған.
Өрге жүзген өнегелі ісімен
Таңда да ал дос, өз теңіннің ішінен.
Жүргендер көп достық атын малданып,
Алайда тек қалма оған алданып.

Қуанышбек:

Қашықтасың туған жер – қалың елім,
Не бір жүйрік болдырып жарау деген.

Шаршадым мен.
Қанатым талды менің,
Шаңқыт жолға сарылып қарауменен.
Кері оралмай жылдарым жатыр ағып,
Қасіреттің жасына көз жуынар.
О, жаратқан, көп неткен ақымағың,
Құм сықылды тез ысып, тез суынар.

Зиялы аз бір тұтам тіршілікте,
Әкімдікке күллісі жүгіреді.
Көкірекпен сезініп, күрсініп көп,
Жаным менің түршігіп, түнереді.

Кайтейін мен көкжиек кеңдгімді.
Келер күнге үмітпен жол ашамын.
Қос шөлмекпен өткіздім өмірімді,
Соны медет етеді болашағым.

Бір шөлмекте көк сия толып турса,
Екіншіде – шарап бар жайы мәлім.
Даналықты сиямен толықтырсам,
Шарабымен шерімнен айығамын.

Еркебұлан: (видео, шығыс музыкасы жүріп жатады).
Сен туған көне тарих, көне халық.
Бір кезде бұл да әлемге төккен жарық.
Төнгенде талай жауы «құртамын» деп,
Шыға алған тауды бұзып, тасты жарып!
Жатқан соң шапқыншылар жолы болып,
Көп көрдік күштілерді салған жорық.
Сонда да бермедік біз ешкімге де
Қазақтың ұлы жерін, қалдық қорып.
Бұл ара дозақ та еді, бейіш те еді,
(Талай хан бұл далаға кейісті еді),
Бұл жерсіз дүние жүзі тарихы жоқ,
Шығыс пен Батыс мұнда түйіседі!
Еліңнен жүрсең де алыс, болдың бірге,
Сақтадың оны мәңгі жүрегіңде,
Ұқсады махабатың оған деген
Сарғайып, сағынып бір күткен күнге.
Әрине қалған жұртың жанға батты.
Әр күнің тамшылаған жас боп ақты.
Тек қана ұлы арман – ғылым деген
Жаныңның ауырғанын баяулатты.
Өлген жоқ Әл-Фараби тірі мәңгі,
Ұйқыдан оянған жоқ сол күн таңғы.
Ала алмай келе жатыр мың жыл бойы,
Ұлы ойды, алса да өлім жан мен тәнді!
Мінекей тұрмын мен де атыңды атап,
Халқыңа тарап жатыр аңыз, лақап.

Бас иген Шығыс, Батыс, барлық жұртың
Бір адам алсын сендей алсын атақ!
Тартып бір Әл-Фараби домбырамды,
Тілеймін бұдан да шат атар таңды.
Мың жылдан кейін тағы кездес, бабам,
Той тойлап ұрпағыңмен қазаққанды!

Айдарбек:

- Бүгінгі «Қазақстан тарихы» кафедрасы оқытушылар құрамы мен студенттері ұйымдастырған «Мен таныған Әл-Фараби» атты тарихи тағылымдық іс-шараны жабық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

3. «ӘЛ-ФАРАБИ ӘЛЕМІ» тақырыбындағы онлайн-дөңгелек үстелдің жүргізілу тәртібі

16-сәуір, 2020 жыл

Басталуы: 11-00

Жүргізуші: *Сәлематсыздар ма, Құрметті оқытушы-профессорлар құрамы және студенттер!*

2020 жылдың 27-ақпанынан бастап «Қазақстан тарихы» кафедрасының ұйымдастыруымен **«Ұлы ойшыл, ғұлама – Әл-Фарабидің даналық негіздері»** атты апталық жұмысы жоспарланып, өткізілуде. Осы апталықтың жұмыс кестесіне орай бүгінгі **«Әл-Фараби әлемі»** тақырыбындағы онлайн-дөңгелек үстел жұмысын ашық деп жариялауға рұқсат етіңіздер!

Есімі дүние жүзіне мәлім болып, ғылыми және мәдени мұралары бірнеше ғасырлар бойы ардақталып, ұрпақтан-ұрпаққа өтіп келе жатқан ірі тұлғалар тарихта аса көп емес. Мың жылдан артық уақыт өтсе де, аты ауыздан-ауызға жатталып, еңбектері уақыттың, мезгілдің қатыгез сынынан мүдірмей өткен, сол адамзат ұлдарының, тарих перзенттерінің бірі және бірегейі – Әбу Насыр Әл-Фараби. Әл-Фарабидің еңбектері күні бүгінге дейін өз мән-маңызын жойған жоқ.

Осыған орай, дөңгелек үстелдің **мақсаты** – ұлы ойшыл, Аристотельден кейінгі екінші ұстаз Әл-Фарабидің өмірі, ғылыми мол мұрасы, ғұламаның жан-жақты тұлға болғандығы туралы қарастыра отырып, өскелең ұрпақ пен студент-жастардың алдағы уақыттарда да Әл-Фараби және оның еңбектері төңірегінде ғылыми-ізденіс жұмыстарын жүргізе білулеріне негіз қалыптастыру.

Дөңгелек үстел жұмысына ұлы ғұлама Әбу Насыр Әл-Фарабидің шығармашылық жолы, әлем ғылымына қосқан үлесі, Қазақ жерінің ұлы тұлғасы және ғұламаның ғылыми мұраларының зерттелуі жөнінде қарастырылған университет студенттерінің ғылыми баяндамалары келіп түскен еді. Бұл жолы әдеттегі баяндау тәсіліне өзгерістер енгізіп, студенттермен қарастырған тақырыптары аясында сұхбат жүргізу жоспарланды.

1-журналист (ИСТ-18-1 оқу тобының студенті Мадувов Жайлыбай): *Армысыздар, құрметті Ұстаздар мен студент-жастар!*

- Сонымен, сұхбатымызды бастаймыз.

- «География» мамандығының 3-курс студенті Хожаева Нұрзия Әбу Насыр Әл-Фарабидің шығармашылық жолы туралы қарастырған екен. Соған орай, алғашқы сауалымызды Нұрзияға қойғанды жөн көріп отырмыз.

1. Әбу Насыр Әл-Фарабидің философиялық көзқарастарының негізгі бағыттары қандай?
2. Әл-Фараби өзінің «Ғылымдар тізбегі» атты еңбегінде ғылымды қандай салаларға бөледі?
3. Әбу Насыр Әл-Фараби математик ретінде өзара тығыз байланысты үш салада еңбек еткен. Соларды атап берсеңіз.
4. Ғұламаның этика жөніндегі тұжырымдамалары туралы не айтасыз?

2-журналист (ГЕО-17-1 оқу тобының студенті Молдабекова Айгерім): *Сәлематсыздар ма, құрметті Ұстаздар мен студенттер!*

- *Нұрзия, жауаптарыңызға рахмет!*

- Мен өзімнің сұрақтарымды «Қазақ жерінің ұлы тұлғасы – Әбу Насыр Әл-Фараби» деген тақырыпты қарастырған ГРМПИ-19-1 оқу тобының студенті Бозаева Сабырханға бағыттағым келіп отыр:

1. Әл-Фарабидің өмірге келген қаласы, яғни, туған жері және ұлты туралы соңғы кездері бірқатар пікірлер айтылып жүр. Осы мәселе бойынша не айтасыз?
2. Фарабидің пікірі бойынша, адам өз мақсатына жетуі үшін қандай іс-әрекеттер жасауы керек?
3. Фарабидің ерекше зерттеген ғылым саласы қандай болды?
4. Фарабиді неге энциклопедист-ғалым деп атаймыз?

2-журналист:

- *Сабырхан, жауаптарыңызға рахмет!*

Жүргізуші: Назарларыңызға «Тарих» мамандығының 2-курс студенті Жолдасова Айдана және осы мамандықтың 3-курс студенті Кенжебаев Айдарбектің университет студенттері арасында түсірген бейнебаянын ұсынамыз (*2 мин*).

1-журналист:

- Келесі сұрақтардың кезегі Әл-Фараби мұрасының зерттелуі туралы ізденіс жүргізген «Педагогика және психология» мамандығының 1-курс студенті Тітірбаева Фаридаға арналады:

1. Қазақстанда Әл-Фараби мұраларын зерттеп, саралау қай ғасырда басталды?
2. Әл-Фараби мұрасын зерттеген алғашқы қазақ фарабитанушысы туралы айтып берсеңіз.
3. Түрік ғалымы Ахмад Аташтың «Әл-Фараби еңбектерінің тізімі» атты еңбегінің маңызы неде?

1-журналист:

- *Фарида, жауаптарыңызға рахмет!*

2-журналист:

- Ал, «География» мамандығының 3-курс студенті Қолбасбаева Аида өзінің ізденіс жұмыстарында Әбу Насыр Әл-Фарабидің әлем ғылымына қосқан үлесі туралы қарастырып өткен. Сонымен, бірнеше сұрақтардың кезегі Аидаға да келіп қалды:

1. Әбу Насыр Әл-Фарабидің әлем ғылымына қосқан үлесі қандай?

2. Фараби жаратылыстану саласына қандай үлес қосты?

3. «Астрологиялық болжамдарда не дұрыс, не теріс» деп аталатын трактатында не айтылған?

4. Әл-Фарабидің медицинаға ерекше көңіл бөлгені белгілі. Ғалымның адам ағзасының кейбір тұстарын зерттегені туралы мысал келтіре аласыз ба?

2-журналист:

- *Аида, жауаптарыңызға рахмет!*

- «Әл-Фараби және Отырар өркениеті» атты тақырыпта студенттер арасында сурет салудан сайыс өткізу де жоспарланғаны белгілі. Сайыстың ұйымдастырылуына жауапты тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Бекешов Сәрсенғали ағайға бір сұрақ қоюға рұқсат етіңіздер:

1. Суретшілер сайысын қорытындылау барысында студенттердің шығармашылық жұмысына, яғни, салынған суреттерге қандай талаптар қоясыз?

1-журналист:

- *Сәрсенғали ағай, жауаптарыңызға рахмет!*

- 5-наурыз күні «Мен таныған Әл-Фараби» тақырыбында Әл-Фарабидің атақты «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты еңбегі бойынша «Тарих» мамандығының 1-3-курс студенттерінің театрландырылған 3 сюжеттік композициясын тамашалаған едік.

Соған орай, іс-шараның ұйымдастырушысы, «Қазақстан тарихы» кафедрасының аға оқытушысы Сидешова Роза Азименқызына да бірер сұрақ жолдасақ деген ойдамыз.

1. Қойылымның желісі үшін Сіз неліктен Әл-Фарабидің «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» атты еңбегін таңдап алдыңыз?

2. «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы» еңбегінде утопиялық көзқарас басым деп ойламайсыз ба? Мұндай қала болуы мүмкін бе?

1-журналист:

- *Роза апай, жауаптарыңызға рахмет!*

2-журналист: Қорытынды сөз кезегін «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Абланова Эльвира Амангелдіқызына береміз.

1-журналист:

- *Рахмет, Эльвира апай!*

- Осымен **«Әл-Фараби әлемі»** атты онлайн-дөңгелек үстел жұмысын жабық деп жариялаймыз.

МАЗМҰНЫ

ФАРАБИДІҢ КӨРКЕМ БЕЙНЕСІ
Демеев А.Д., Бекешов С.С. 4
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСЫ» ТРАКТАТЫНДАҒЫ «ӘКІМ», «БАСШЫ», «БИЛЕУШІ» РОЛІ
Сидешова Р.А. 6
ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ӨМІР ЖОЛЫ ЖӘНЕ ӘЛЕМДІК ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ
Қамиева Г.Б. 9
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ
Бекенжанова А.А. 12
ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ҒЫЛЫМИ МҰРАСЫ
Исаева Л.Н. 16
ҰЛТЫМЫЗДЫҢ МАҚТАНЫШЫ – ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ
Мыңжасарова Қ., ғылыми жетекші: Сидешова Р.А. 20
ҚАЗАҚ ЖЕРІНІҢ ҰЛЫ ТҰЛҒАСЫ – ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ
Бозаева С., ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б. 23
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ НАҚЫЛ СӨЗДЕРІНІҢ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ
Кошкарова А., ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б. 25
ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ
Қолдасбаева А., ғылыми жетекші: Ерманова Н.І. 27
ӘЛЕМНІҢ ЕКІНШІ ҰСТАЗЫ
Қазихан М., ғылыми жетекші: Сидешова Р.А. 30
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ МУЗЫКА САЛАСЫНА ҚОСҚАН ҮЛЕСІ
Төрешова А., ғылыми жетекші: Қамиева Г.Б. 33
ҒҰЛАМА, ОЙШЫЛ ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИ
Канатова А., ғылыми жетекші: Сидешова Р.А. 36
ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖОЛЫ
Хожаева Н., ғылыми жетекші: Ерманова Н.І. 39
ӘЛ-ФАРАБИ МҰРАСЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ
Тітірбаева Ф., ғылыми жетекші: Өтесова Г.Е. 41
ВКЛАД АБУ НАСЫРА АЛЬ-ФАРАБИ В НАУКУ
Анес А., научный руководитель: Бекенжанова А.А. 44
АЛЬ-ФАРАБИ – ВЕЛИКИЙ МЫСЛИТЕЛЬ ВОСТОКА
Байрамова М., научный руководитель: Бекенжанова А.А. 47
НАСЛЕДИЕ АЛЬ-ФАРАБИ В РАЗВИТИИ СОВРЕМЕННОГО КАЗАХСТАНА
Доржигулова К., научный руководитель: Бекенжанова А.А. 49
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ «ҚАЙЫРЫМДЫ ҚАЛА ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КӨЗҚАРАСТАРЫ ЖӨНІНДЕ» ТРАКТАТЫ
Беркінбаева А., ғылыми жетекші: Исаева Л.Н. 52
АРАБ ШЕЖІРЕШІЛЕРІ ӘЛ-ФАРАБИ ТУРАЛЫ
Оңдағанова К., ғылыми жетекші: Исаева Л.Н. 55
ӘЛ-ФАРАБИ МЕН АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ САБАҚТАСТЫҚ 57
Тиркешова А., ғылыми жетекші: Исаева Л.Н. .....
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ДАНАЛЫҚ НЕГІЗІ
Хамзеева И., ғылыми жетекші: Исаева Л.Н. 59
ӘЛ-ФАРАБИДІҢ АҚЫЛ-ПАРАСАТ ТУРАЛЫ КӨЗҚАРАСТАРЫ
Беркінбаева А., ғылыми жетекші: Ағниязқызы А. 62
ӘБУ НАСЫР ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ЕУРОПА ҒЫЛЫМЫНА ЫҚПАЛЫ

Ерғожаева Н., ғылыми жетекші: Ағниязқызы А. 64
ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ӘДІЛ ӘКІМ
Есболаева Г., ғылыми жетекші: Ағниязқызы А. 66
ӘЛ-ФАРАБИ ЖӘНЕ ӘЛ-МАШАНИ
Асқарбеков А., ғылыми жетекші: Ағниязқызы А. 70
ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ӘЛ-ФАРАБИ
Казиева А., ғылыми жетекші: Ағниязқызы А. 72
«ҰЛЫ ОЙШЫЛ, ҒҰЛАМА – ӘЛ-ФАРАБИДІҢ ДАНАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»
атты апталық аясында өткізілген іс-шаралардың сценарийлері 75

Пішімі 60х84 1/12

Көлемі 86 бет

Шартты баспа табағы 7,2

Таралымы 50 дана

Ш.Есенов атындағы КМТИУ

редакциялық-баспа бөлімінде басылып шықты

130003, Ақтау қ., 32 ш/а